

TAU
TURAN-ASTANA
UNIVERSITY

ФОЛЬКЛОРДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІККЕ
ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ISBN 978-601-7616-93-9



9 786017 616939

З.Е. КОЛУМБАЕВА, Б.Ж. АБИЛЬМАЖИНОВА

З.Е. КОЛУМБАЕВА, Б.Ж. АБИЛЬМАЖИНОВА



**ФОЛЬКЛОРДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІККЕ ҚАТЫСТЫ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Астана, 2023

УДК 398
ББК 83.2
К51

Пікір берушілер:

К.А. Төлеубаева - ф.ғ.к., профессор

К.М. Абишева - ф.ғ.д., профессор

З.Е. Колумбаева, Б.Ж. Абилямжинова

Фольклордағы уақыт пен кеңістікке қатысты мәселелер
Монография – Астана: «Тұран- Астана», 2023. – 91б.

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған (Хаттама
№ 11 00.00.2023ж.)

ISBN 978-601-7616-93-9

Монографияда қазақ фольклористика жанрындағы шығармаларда көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі тарихи деректермен байланысты салыстырмалы бағытта арқылы жазу көзделген.

Монография жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттар мен магистранттары және студенттеріне арналған.

УДК 398
ББК 83.2
К51

ISBN 978-601-7616-93-9

© Колумбаева З.Е., 2023

© «Тұран- Астана» университеті, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....4

1. УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ.....9

1.1 Уақыт пен кеңістік құбылыстарының қазақ халқының дүниетанымдық ұғымындағы көрінісі.....9

1.2 Қазақ прозаларындағы уақыт пен кеңістік ұғымының зерттелуі.....17

2. ФОЛЬКЛОРДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

2.1 Көркемдік уақыт пен кеңістіктің тарихи шығармалардағы тарихи деректерге қатысы27

2.2 Уақыт пен кеңістіктің халық ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс табуы37

3. ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТІҢ КӨРІНІСІ

3.1 Миф, хикая жанрындағы көркемдік уақыт пен кеңістік қолданысының өзгешеліктері52

3.2 Аңыз, әпсана, хикаят жанрындағы көркемдік уақыт пен кеңістік.....73

ҚОРЫТЫНДЫ

.....81

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....88

КІРІСПЕ

Жалпы әдебиеттану ғылымында көркем шығармаларды теориялық тұрғыдан зерттеу әдебиет саласының өркендеп дамуына, оның практикалық бағыттарының да кеңеюіне игі әсер етеді. Әдебиеттану білімінің теориясы зерттелмесе, практикасы да алға жылжымайды. Осы диплом жұмысымызда зерттеу нысаны ретінде алынған әдебиеттану ғылымының ретроспекция (артқа шегініс) уақыттар байланысына ену арқылы кеңістік пен уақыт ұғымына қатысты теориялық мәліметтерді жан-жақты қарастыруға тырыстық.

Әдебиеттану ғылымында кеңістік пен уақыт ұғымы адамдардың өткен өмірімен тығыз байланысты. Уақыт пен кеңістік табиғатынан адамның тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-саяси, материалдық, рухани және мәдени өмірімен байланысты болады.

Уақыт пен кеңістік ұғымы – ұлт тарихын, мәдениетін зерттеуде ең құнды мұра деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені осы саланы зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері де – осының дәлелі.

Уақыт пен кеңістік ұғымына қатысты теориялық мәліметтерді жан-жақты қарастыруға тырыстық. Уақыт пен кеңістік ұғымын терең танып, оның өзіндік болмысын сипаттау, анықтау үшін осы мәселе жайында қазақ әдебиетінің материалдарында баяндалған мәліметтерді, айтылған ой-пікірлерді зерделеп шықтық. Біз қарастырып отырған мәселе, яғни уақыт пен кеңістік әдебиет тарихына қатысты айтылған пікірлерде, зерттеу еңбектерінде көбірек кездеседі.

Көркемдік уақыт пен кеңістік – әдебиеттану ғылымындағы мәні терең өзекті мәселелердің бірі. Болмыстағы құбылыстардың барлығын осы өлшемдер арқылы бағалай аламыз. Тылсым табиғатта мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе жоқ. Соңғы жылдары көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесін зерттеген теориялық жарық көруде. Орыс әдебиеттануында көркемдік кеңістік пен уақыт туралы алғаш рет зерттеген ғалымның бірі – М.Бахтин болды. Ол көркем шығарманың бітіміне лайық өзара байланысқа түсіп, көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістіктің өзара байланысын «хронотоп» терминін енгізді. Көркем шығармадағы «хронотоп» немесе «мекеншак» ұғымы ілемнің философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін әдеби үрдісіндегі терең өзгерістерді анықтап айқындауға мүмкіндік береді.

М.Бахтин: «Әдеби шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерін нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып, тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп көркемдігімен көзге түскендей дәрежеге жетеді. Ал, кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді Мінекей көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып,

белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады» -деп анықтама берді.

Уақыт пен кеңістік біздің санамызда бейнеленген қандай үлгі болса да, олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталады, барлығы да содан туындайды. Уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Сол арқылы әлемнің жеке-авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды. Шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болады.

Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың ішкі бойын ашып, оның құрылу спецификасы, жазушының дүние туралы концепциясын айқындауға мүмкіндік береді. Әдеби композиция кеңістікті де ұйымдастыруға мүдделі. Оқиғалар, образдар автордың өзі жасаған кеңістікте өмір сүреді. Көркем кеңістік шынайы нақты немесе қиялдан шығарылған болады. Нақты кеңістік шектеулі, автор ақиғаны кез келген жерде өткізуге мақсат ете алады. Мұндай жағдайда кейіпкер таңдауға ерекше қарайды.

Әдебиеттану ғылымында уақыт пен кеңістік мәселелеріне Д.С.Лизачев, М.М.Бахтин, В.Хализев, Ю.Борев, Н.К.Гей, Э.Володин сияқты ғалымдар назар аударған, бұл мәселе олардың зерттеу еңбектерінің нысанына айналған.

Әдебиеттану саласында уақыт пен кеңістік ұғымын Ш.Ыбыраев, З.Ахметов, Е.Тұрсынов, Ш.Нұрланова, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Т.Жұртбай, А.Темірболат, С.Алтыбаева өз еңбектерінде қарастырған. Осы салада Қ.Хамзинаның, О.Көзбековтің қорғаған кандидаттық диссертациялары бар.

Сондай-ақ уақыт пен кеңістікке байланысты сан алуан мәселелер Л.М.Әуезова, Р.Нұрғали, С.Қарқабасов, Ш.Елеукенов, М.Мырзахметұлы, С.Негимов, А.Ісімақова, Б.Омаров, Г.Пірәлиева сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Аталған зерттеу жұмысында қазақ фольклористика жанрындағы шығармаларда көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі тарихи деректермен байланысты салыстырмалы бағытта қарастырылды. Әдебиеттану ғылымында уақыт пен кеңістік құбылысы әдебиет саласында толыққанды зерттеле қоймаған деуге болады. Оны әдебиет білімінің жас саласы деп те атауға болады. Уақыт пен кеңістік мәселесі қазақ және орыс әдебиетінде әртүрлі аспектіде зерттелгенімен, оның тарихи ауқымды романдар, прозалық шығармалар, ауыз әдебиетінде т.б. жүйелі қолға алынбаған.

Зерттеу нысанымызға алынған тақырып қазақ халының тарихы, мәдениетімен тығыз байланыста қарастырылады деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Неғұрлым халықтың тарихы мен мәдени өміріне қызығушылық өскен сайын, уақыт пен кеңістік ұғымын тарихи деректермен салыстырмалы түрде зерттеудің мән-маңызы өсіп жатыр. Әдебиет саласындағы уақыт пен кеңістік жүйесін жасауда сол халықтың тарихи оқиғалар негізге алынады, яғни тарихи деректер негізінде жасалғандығын

байқатады. Уақыт пен кеңістік құбылысының шығу тегі, шығармалардағы қолданылу тәсілдерін салыстыру, осы бағыттағы ғылыми деректерге ғылыми шолу жасау, олардың тарихпен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау *жұмысымыздың өзектілігін* айқындайды

Көркем шығармаларда уақыт пен кеңістікті зерделеуде өзекті мәселелер өте көп. Классикалық шығармалардағы көркемдік уақыт пен кеңістіктің қабаттарында: сюжеттік, фабулалық, эпизодтық, мифтік-фольклорлық, дәуірлік, тарихи дүниетанымдық, психологиялық, лирикалық, авторлық т.б жүйесін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастыру қызығушылық танытуда деп айтуға болады.

Аталған саланы тек қана әдебиеттану жағынан ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының тарихы және тарихи этнографиясы тұрғысынан қарастырудың маңызды болып отыр. Өйткені осы уақыт пен кеңістік құбылыстарға қатысты мәліметтер негізінде әдебиеттану ғылымының тарихы және өзіндік ерекшеліктерін, жасалу жолдарын айқындап, сол халықтың танымдық өмірі, салты, ғұрпы, дәстүрі, тарихы жайлы құнды ақпараттарды алуға болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Көркем шығармалардағы уақыт пен кеңістік мәселесін арнайы қарастырған шетел ғалымдарының ғылыми еңбектері жеткілікті. Олардың қатарына Д.С.Лизачев, М.М.Бахтин, В.Хализев, Ю.Борев, Н.К.Гей, Э.Володин секілді зерттеушілердің осы бағыттағы теориялық еңбектері мен жекелеген мақалаларын атауға болады.

Бұл категорияны қазақ әдебиеттануында қарастырған Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, Ш.Нұрланова, Б.Майтанов, Т.Есембеков, З.Ахметов, Т.Жұртбай, А.Темірболат, С.Алтыбаева сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектері мен мақалалары жарық көрді. Осы салада Қ.Хамзинаның, О.Көзбековтің қорғаған кандидаттық диссертациялары бар.

Сондай-ақ уақыт пен кеңістікке байланысты сан алуан мәселелер Л.М.Әуезова, Р.Нұрғали, С.Қарқабасов, Ш.Елеукенов, М.Мырзахметұлы, С.Негимов, А.Ісімақова, Б.Омаров, Г.Пірәлиева сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – әдебиеттану ғылымындағы уақыт пен кеңістік құбылысының қалыптасу ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан салыстырмалы түрде анықтау.

Жоғарыда айтылған мақсатқа қол жеткізу үшін төменде берілген міндеттерді жүзеге асыру көзделіп отыр:

- уақыт пен кеңістік құбылысының зерттелу тарихына шолу жасау және аталған мәселені тарихи деректермен салыстырмалы тұрғыдан қарастыру;
- уақыт пен кеңістік ұғымдарының көркем әдебиет шығармаларында қолданыс тәсілдеріне талдау жасау;
- уақыт пен кеңістік туралы қазақ халқының танымдық көзқарастарына сипаттама беру;
- қазақ прозаларындағы уақыт пен кеңістік ұғымының зерттелу ерекшеліктерін айқындау;

- уақыт пен кеңістіктің тарихи шығармалардағы көрінісіне талдау жасау;

- уақыт пен кеңістіктің халық ауыз әдебиеті шығармаларындағы көрінісін сипаттау

Зерттеу нысаны. Әдебиеттану ғылымындағы уақыт пен кеңістіктің қалыптасу ерекшеліктерінің (қазақ әдебиеті және тарихи деректер негізінде салыстырмалы талдау) заңдылықтары негізге алынды.

Зерттеу пәні. Әдебиеттану ғылымындағы уақыт пен кеңістіктің ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жұмысын жүргізе отыра, уақыт пен кеңістікті жеке дара қарастырмай, оны тарихи деректермен салыстыра отырып, бірге қарастыру.

Зерттеудің деректемелік негізі. Зерттеу жұмысын жазу барысында әдебиеттану ғылымында маңызды зерттеулер жүргізген қазақ және шетел жетекші ғалымдарының, кейбір ғылыми мамандардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынады. Соның ішінде Ш.Ыбраев, Ғ.Дүйсенбаев, М.Бахтин, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Л.М.Әуезова, Р.Бердібаев, Б.Кенжебаев, С.Қасқабасов, Б.Уахатов, Қ.Алпысбаев, Б.Сахариєв, К.Сыздықова сынды отандық ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары қарастырылды.

Сондай-ақ, Б.Майтанов, Т.Жұртбай, Т.Әкім, Б.Жақып, С.Әдібаев, Д.Қонаев, Р.Қайшыбаева, М.Ахметов, секілді ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдары пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Сипаттамалық әдіс, салыстырмалы, құрылымдық талдау, тарихи оқиғалар мен деректерді топтастырып жіктеу сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы әдебиеттану ғылымындағы уақыт пен кеңістік ұғымдарының қалыптасу ерекшеліктерін тарихи деректермен салыстыра қарастыру нәтижесінде қазақ әдебиеті тарихы мен қазақ халқының тарихы арасындағы ұқсастықтары мен ұлттық ерекшеліктері анықталып, зерттеу жұмысы біршама жаңалыққа ие болды. Атап айтар болсақ:

- уақыт пен кеңістік ұғымының қазақ халқының дүниетанымдық көзқарастарымен байланыста қарастырылып, олардың өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасалды;

- уақыт пен кеңістік құбылысының қазақ прозаларында қолданылуы және бұл құбылыстардың оқиғалар арқау болғатыны нақтыланды;

- уақыт пен кеңістіктің тарихи шығармалардағы көрінісіне сипаттама берілді;

- уақыт пен кеңістік сипаттары ауыз әдебиеті шығармаларында қолданылу тәсілдерінің түрлері анықталды;

- уақыт пен кеңістік құбылыстарының қазақ әдебиеті тарихы мен қазақ халқының тарихының ұқсастықтары мен айырмашылықтарына талдау жасалынды;

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытынды тұжырымдарды қорғауға ұсынуға болады:

- қазақ халқының дүниетанымдық ұғымындағы уақыт пен кеңістіктің өзіндік ерекшеліктерін қарастыру;

- уақыт пен кеңістік туралы қазақ халқының танымдық көзқарастарына сипаттама беру;

- қазақ прозаларындағы уақыт пен кеңістік ұғымының зерттелу ерекшеліктерін айқындау;

- қазақ жазушыларының прозалық шығармаларындағы уақыт пен кеңістік қолданылу заңдылығы сипаттау;

- уақыт пен кеңістік ұғымдарының көркем әдебиет шығармаларында қолданыс тәсілдеріне талдау жасау;

- тарихи шығармалардағы уақыт пен кеңістікке қатысты мәселелерді жазушылардың шеберлікпен қолдану шеберлігін айқындау;

- көркемдік уақыт пен кеңістіктің тарихи шығармалардағы тарихи деректерге қатыстылығын анықтау;

- уақыт пен кеңістіктің халық ауыз әдебиеті шығармаларындағы өзіндік ерекшеліктерін айқындау;

- уақыт пен кеңістік құбылысының зерттелу тарихына шолу жасап, аталған мәселені тарихи деректермен салыстырмалы тұрғыдан қарастыру;

- уақыт пен кеңістіктің тарихи шығармалардағы көрінісіне талдау жасау;

- уақыт пен кеңістіктің халық ауыз әдебиеті шығармаларындағы көрінісін сипаттау.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік уақыт пен кеңістіктің қалыптасу ерекшеліктерін салыстырмалы талдау нәтижесінде алынған теориялық материалдар мен олардың дәлелдемелерін халық ауыз әдебиеті шығармаларын тарихи деректермен салыстырмалы-тарихи және салғастырмалы зерттеулерде кеңінен қолданып, жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, талдауға түскен материалдарды келешекте қазақ халқының ауыз әдебиеті салаларын зерттеуде қолдануға болады.

Зерттеу материалдарын жоғарғы оқу орындарында халық ауыз әдебиеті, фольклористика салалары бойынша оқытылатын арнаулы курстар, факультатив сабақтарында пайдалануға болады. Сонымен қатар түркі тілдес туыстас халықтардың ертедегі дүниетанымын, мәдениетін тануға арналған дәрістерде, жоғары оқу орындарында көмекші құрал бола алады деген ойдамыз.

1. УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Уақыт пен кеңістік құбылыстарының қазақ халқының дүниетанымдық ұғымындағы көрінісі

Кеңістік және уақыт – ұғымы қозғалыс үрдісіндегі дененің кеңістіктегі орныны өтуіне байланысты өзгеруеу құбылысы. Кеңістік пен уақыт ұғымның ғаламшардағы маңызы зор. Дүниедегі өтіп жатқан оқиғаның нақтылы бір жерде, қандай да бір мезгілде, яғни, арнайы кеңістік пен уақыт шеңберінде өтеді. Кеңістіктен орын алмай немесе кеңістіктен тыс өмір сүретін бірде-бір объекті болмайды. Болуы да мүмкін емес, себебі кеңістік материямен тығыз байланысты.

Өмірде өтіп жатқан сан алуан оқиғаларды қарастыра отырып, біздің санамызда кең және тар, жуан және жіңішке, ұзын және қысқа, алыс және жақын ұғымдарының негізінде кеңістіктегі салыстырмалы түрдегі сипатын көрсететін ұғымдар қалыптасады. Кеңістіктің негізгі қасиеттеріне мыналар жатады: оның шынайы бар болуы, материямен біртұтастығы, шексіздігі, үш өлшемділігі болып табылады. Олар: барлық дүние объектілерінің ұзындығы, ені және биіктігі болады.

Кеңістіктің бір кесіндісінің ара қашықтықтығын өлшеу үшін сызғыштан бастап, әр түрлі ұзындық өлшеуіш құралдар қолданылады. Ұзындықтың негізгі өлшем бірлігі қазақтың дүниетаным бойынша шақырым (метр) болып табылады. Ғылым мен техникада шақырымның (метрдің) еселік және үлестік өлшемдері де пайдаланылады. Мұндай құбылыстар дене қозғалғанда өзінің орнын тек кеңістікте ғана өзгертіп қоймай, уақыт бойынша да өзгертеді. Ал, уақыт дегеніміз материямен, қозғалыспен, кеңістікпен тығыз байланысты болып келеді.

Кез келген өзгерістің немесе оқиғаның бастамасы және соңы болады. Кейбір өзгерістер көз алдымызда басталып, көз алдымызда аяқталады. Мәселен судың қайнауы үрдісінің басталуы мен аяқталуы. Бұл құбылыс көзді ашып-жұмғанша, лезде өтіп кетеді. Ал, кейбір құбылыстар тіптен байқалмайды. Оған дәлел ретінде ағаштың өсуі, адам денесінің физиологиялық тұрғыдан өсіп-дамуы т.б. үрдістерді мысалға алуға болады. Бұл құбылыстың өзіндік ерекшелігі кеңістіктегі уақыт өзгерісінің алғашқыға қарағанда баяу өзгерісін байқаймыз.

Осы тәрізді түрлі өзгерістерді салыстыра отырып, адамзаттың уақыт жайлы көзқарасы қалыптасады. Уақытқа қатысты ұғымды қазақ халқы тез және ұзақ, болған және болады, қазіргі шақ, өткен шақ және болашақта болатын құбылыстар ретінде қабылдайды. Сонымен қатар, бұрын, ежелде, жуық арада т. б. ұғымдарды өмір тәжірибесінің негізінде біліп, меңгерген болатын. Күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданып, саналы түрде өмірлік іс-әрекеттерін жүйелі жоспарлап іске асырып отырған.

Қазақ халқы уақыттың негізгі қасиеттеріне мынадай құбылыстарға теліген болатын. Құбылыстың шынайы бар болуы, оның үздіксіздігі, тәуелсіздігі, бір калыптылығы және бір бағыттылығын меңгерген болатын. Уақыт артқа емес, тек алға қарай, өткеннен болашаққа қарай жылжиды деп таныды. Сонымен қатар, қазақ халқының ұғымында ұзындық, қалыңдық ұғымы ендік ұғыммен өлшенеді. Мысалы, екі елі, үш елі, бес елі деген сандық атауларды қазақ халқы осы уақытқа дейін өзінің тұрмыс-тіршілігінде қолданады. Сандық өдшем бірлігі сүйем атауыман де қолданылған. Сан есім мен сүйем сөзінің тіркесі негізінде бір сүйем, екі сүйем атауларымен белгелі бір заттың, ұғымның қалыңдығын жұқалығын болжамдағын.

Ал ұзақтық ұғымын тәулік өлшеммен бағалаған болатын. Екі күндік, үш күндік жол деп кеңістіктегі өлшем ұғымының уақытын белгілеу заңдылығын ерте заманнан игерген. Ұзындық құбылысын шақырым өлшеммен бағамдаған болатын. Екі шақырым, алты шақырым т.б. Кеңістік әлеміндегі ұзындық құбылысын уақытпен есептеп шығарып отырған. Мұндай ұғымдарды қазіргі өмірде де қолданамыз. Уақыт өлшемін таң сәрі, таңертең, түс, тал түс, сәске, бесін, ымырт, кеш, түн, түн ауа, түн ортасы деп атаған болатын. Осы атаулар негізінде тәулікте жиырма төрт сағат болатынын ертеден-ақ меңгерген болатын.

Философ-ғалымдар Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ. Мұхамбетәли «Философия тарихында» «Қазіргі заманда арнаулы құрал арқылы уақыт өлшемі белгілі болып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда уақыт - сағаттың көмегімен өлшенеді. Құрылысы жағынан сағат алуан түрлі болады. Уақыттың негізгі өлшем бірлігіне секунд алынады» - деп айтқан болатын [1; 206].

Орхон-Енисей жазуларында және басқа да түркілік жазбаларда кеңістік ұғымын білдіретін тілдік өолданыстар жиі кездеседі. Мысалы, жеті қат көк, жеті қабат жер, жеті қат жер асты т.б. Осы тәрізді бейнелік қолданыстар қазіргі қазақ мәдениетінде де типтік қызмет атқарады.

Жеті қат дүниенің құрылымында жазық кеңістік төрт бағдарламалармен болжамдады. Мәселен, «ілгері-күн шығыс», «оң жақ-күн ортасы», «кейін-күн батысы», «сол жақ-түн ортасы» вертикалды бағдарлар аспан, жер, жер асты ұғымдарымен тоғысады.

Кеңістік пен уақытқа қатысты көшпенділердің өздеріне тән қасиетті белгілері болды. «Үштік бейнелеу - аспан, жер, су асты», «әлем ағашы», «ата жұрт», «аспан таулары», «соңғы теңіз», «киелі от», «тамыр», «аспан шырақтары», «сегіз тарап кеңістік», «мүшелі уақыт», «уақыт ырғақтары», «жыл қайтару» т.б.

Дала тынысының заңымен осы ортада өмір сүретін халық тұрмыс ерекшелігін әрдайым сезініп отырған. Сонымен қатар, көшпелі қауым тылсым кеңістікті бейнелеуде оны тіршілік құндылықтарымен толықтырып отырған. Қазақтың табиғи құбылыстардын танып, аң-құстар, жан-жануарды құрметтеп өзара жарасымдықта өмір сүрген. Адамды бейнелеген мәдени туындыларының көркем құрылысы, әр жігі, әр бөлшегінің өзара іштей

арақатынысы кеңістік пен уақыттағы жаратылыс бастауының бірқалыпты, өзара біртұтас жарасымын куәландырылып отырған.

Қазақ халқының дүниетанымында дәстүрлі уақыт пен кеңістік суреттемелерінде адам тұлғасыздандырылған төрт-жеті-сегіз қиыр шартарапты қабылдамайды. Қазақ халқы адамдар өмір сүре алатын Жарық Дүниені, рухани қарым-қатынаспен қамтылған әлеуметтік кеңістікті қабылдап, қиял-ғажайыптық ұғымдардан сонау ерте заманнан-ақ бас тартқан болатын.

Қазақ халқы күнтізбе жасау үрдісінде де дүниенің Мәңгіліктің-Мәңгілігі екенін түсініп, оны өлшеуге, бағамдауға бармаған. Сонымен қатар, сандардың мәңгілік қатарына нөмірлеу, сызықты белгілермен сипаттауға ұмтылған. Күнтізбенің негізі болатын уақыты үнемі алға қарай жылжып отыратынын біліп, қайта оралу түсінігімен келіспейді. Мүшелдегі уақыттың басы мен соңы болмайды, оның соңы –әрқашан да жаңа циклдің басы деп санады. Тышқан жылынан басталатын мүшелдегі айналымның басы болып саналады деп тұжырымдады.

Сондай-ақ, әрбір тенгриандықтың туған жылынан басталатын өз мүшелі жылдары болған. Барыс жылында туғандар өз айналымын барыстан бастап, сиырдан аяқтайды. Ол үшін барыс жылы тек оның жеке мүшелінің басталу жылы ғана емес, сонымен қатар ол мүшелдер арасындағы қауіпті өтпелі кезең болып саналған. Уақыт мәдениетінде жеке адамның циклдық уақыт өлшемінде мүшелді ұғымының он екі нұсқасы болады. Көшпелілердің өмірінде оның жеке мүшелінің ғарыштық өлшемі болады. Ол онда өзін еркін сезінеді. Өмірдің уақытын мүшелмен санау көшпенді халыққа тән болған.

Көшпенділер арасынан шыққан күнтізбешілер уақыт өзінің кіші және үлкен шеңберімен айналған сайын, ондағы кіші және үлкен оқиғалар - күннің шығуы мен батуы, көшу мен орнығу, жұт пен тоқшылық, соғыс және бейбітшілік кездер қайталанып тұрады деп пайымдады.

Өмір ұзақтығына ғарыштық сезім енгізіп, оны бір уақытта бірнеше параллель өмірге қатысты – жеке өмірдің өткенін бір сәттік немесе қас қағым сәт өлшеміне бағалады. Кейіннен адамдар өмірін бітпейтін аруақтар әлемі мен Тәңірді мәңгілік қылды. Соған орай, қазақ халқының осындай дүниетанымы кеңістік шексіз, уақыт үздіксіз деп санады.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясының бірінші томында физика саласында кеңістіктің бір кесіндісі және кайсыбір уақыт аралығы өлшенеді. Кеңістік пен уақыт, философия саласында кеңістік пен уақыт категориялары бір-бірімен тығыз байланысты, олардың бірлігі кез келген жүйенің қозғалысы мен дамуынан көрініс табады. Ежелгі дәуір философиясы мен ғылымында кеңістік пен уақыт категорияларын жүйелеу принципі өзгешелеу болды деп көрсетіледі [2; 387].

Сонымен қатар, көшпенділер ұғымында кеңістік өлшемін үш өлшемге бөлінгені бәрімізге мәлім. Үстіңгі меже, ортаңғы меже және астыңғы меже деп сакральды бөлікке бөлді.

Осы ұғымға қатысты қазақ халқында адам денесінің белінде белбеу таққан болатын. Халықтың дүниетанымы бойынша белбеумен белін буған адамға қауіпті құбылыстың жоламайтынына кепіл беруші ретінде сақтауға мүмкіндігі бар құбылыс (зат, нәрсе) деп танылды. «Белін буды», «Белін бекем буды» деген ұғымдар адамның қайраттанып, бір іске кірісуін, немесе бастама көтеру ұғымдарын білдіріп, қазіргі заманда да осы тіркестерді қолданады.

Соған орай, қазақ халқының ұғымында кеңістікті тек заттық, табиғи құбылыстарға ғана тән деп заңдылық деп қабылданбаған. Жалпы адамдардың күнделікті үйреншікті сезімдерінде, ойлау машығына қатысты қабылданды. Қазақ халқы бір нәрсенің тұрқын, енін, биіктігін, тереңдігін, шектілігін, шексіздігін, оңын, солын, алдын, артын, т.б. ұғымдарды сезім, ой-сана, түйсік арқылы біліп отырған. Сонымен қатар, бұл құбылысты тікелей өлшей алмаған жағдайда онда кеңістіктің белгісі жоқ деп есептеген болатын.

Көшпенділер кеңістік әлемінде, дөңгеленген аспан астында киіз үйді ғаламның моделі, көшпенділердің микроәлемі ретінде қарастырды. Дөңгеленген дүние ғалам ұйымдасуының белгісі болып табылады деп сезінген. Соған орай, көшпенділердің өзіндік атрибуты қазақтың киіз үйі дөңгелек ас үстелі түгел әулеттің күнделікті ауқат қабылдау рәсімінде бас қосып, ынтымақтастықты, татулық пен туыстықты нығайтып отырған.

Халқымыздың қоғамдық ой-санасының, дүниетанымының, ұлттық болмысының түпқазығы мифтерден бастау алады. Олардың терең мағынасы уақыт пен кеңістіктің қатынас ерекшелігіне байланысты қалыптасқан халықтың тұрақты дүниетанымдық түсініктерін білдіреді.

Көшпенділер дүниетанымындағы әлем үлгісі: жоғарғы - Көк, орта-жер, төменгі - жер асты әлемі. Үш бөлік құбылысын ғарыш идеясы ретінде ежелгі түркілер мынадай нұсқада түсінген. Әлемдік өзен, әлемдік тау, әлемдік ағаш.

Қоршаған кеңістікті қабылдау жалпы қазақтардың түпкі тамырлы әлемі болды. Олар кеңістіктің шексіздігі және қозғалыс қатарын, жол, жылқы, бүркіт деп тұжырым жасаған болатын.

Қазақ халқы күнделікті ойлауында өзара қатынастарын, қоғамдасудың түрлерін, олардың ішкі құрылымын, жақтарын кеңістік түрлерінде шексіз деп философиялық тұрғыдан қабылдап, осы тұрғыдан түйсініп сипаттады. Ал қазіргі кезде адамдардың әлеуметтік, техникалық, рухани өмірі, оның түрлері болмыстың кеңістіксіз салалары болып шығатын тәрізді. Оларды, әрине, метрлеп, километрлеп өлшеп алынуға келмейді.

Философ Қ.Әбішев: «И.Ньютонның пайымдауынша кеңістік шексіз нәрсе, барлық бағыттарда шексіз көсіліп жатады, мәңгі және табиғаты бойынша өзгермейтін нәрсе» – деген тұжырымын келтірді. Ал, көшпенділер болмысында кеңістіктік пен уақыттың ұйымдасуы, олар өмір салтының өзара үйлесу ықпалынан туындаған заңдылық деп пайымдады. Мұндай құбылыстың қазақ ұғымында әлемнің үш өлшемі деп аталатыны да бәрімізге мәлім.

Жалпы алғанда, философия және ғылым тарихында ХХ ғасырға дейін кеңістік пен уақыт жөнінде субстанциялық көзқарас басым болды. Оған өз үлкен үлесін қосқан ағылшын ғалымы И. Ньютон болды. Ол ғылымға абсолюттік кеңестік (шексіз қуыс) және (таза біркелкі ұзақтық) категорияларын енгізіп, олар материядан да, бір-бірінен де тәуелсіз өмір сүреді деген тұжырымды айтқан болатын. Сонымен қатар адамның санасында салыстырмалы кеңістік пен уақыт жөніндегі түсініктер бар, олар тәжірибеге байланысты өзгерісте болуы мүмкін деп шешті. [3; 216].

Бұдан шығаратын тұжырым, кеңістікті тек заттық, табиғи құбылыстарға ғана тән деп тану адамдардың күнделікті үйреншікті сезімдерінде, ойлау тұрғысына сәйкес қабылданды. Егер біз бір нәрсенің тұрқын, енін, биіктігін, тереңдігін, шектілігін, шексіздігін, оңын, солын, алдын, артын, т.б. тікелей өлшей алынбаса онда ертедегі көшпенділер тәрізді кеңістіктің өлшемдік белгісі жоқ екенін біліп, тек сезім арқылы ғана қабылдаймыз.

Ертедегі адамдар да өмірдегі іс-әрекетті, қарым-қатынасты, тіпті ақыл-парасатты, ой-санасы, сезім-түйсік тәрізді физиологиялық құбылыстары биік-төмен, алыс-жақын, терең-таязды тәрізді кеңістік құбылыстарымен көрнекі түрде бейнелік сурет беру арқылы ұқсастырып отырған.

Демек, кеңістіктік қатынастар әлеуметтік өмірге де, рухани әлемге де тән. Әлеуметтік кеңістіктің де, рухани кеңістіктің де өзіндік үлкен өзгешелігі бар. Әлеуметтік жүйенің де шеті, шегі мен орталығы, төменгі және жоғарғы жақтары, биігі мен ені бар. Ал рухани кеңістіктің шетін, шегін, орталығын, төменгі және жоғарғы жақтарын, биігі мен енін сана-сезім, түйсік арқылы танымыз. Осы заңдылықтар қазақ халқының өміріндегі танымдық қасиеті негізінде ерте заманнан пайда болған.

Кеңістік құбылысы шеңберлік немесе пирамидалық бейнеде де кездесе береді. Мәселен, бір орталыққа бағынатын басқару жүйесін пирамидалық басқару деп атайық. Ол әншейін көрнекі бейне емес, ол әлеуметтік пирамида деп белгілейік. Ал, оның басқару орталығы жоғары ұшында болып келеді. Сондықтан да қарапайым халықтар арасында тараған «Құдай биікте, патша алыста» деген мақал түрі осыдан қалған секілді.

Ал шын мәніне келсек патша географиялық алыстықта емес, ол қарапайым халықтан әлеуметтік тұрғыдан алшақтығы бойынша айтылған. Ал, географиялық жағынан тіпті жақын тұрған патшаға қарапайым адамның жетуі қиынның қиыны, сондықтан халық ұғымында одан гөрі жұмыр жерді он айналып шығу оңайырақ болар деген ой мәжбүрсіз туындаған болатын [4; 98].

Қазақ дүниетанымы шеңберінде ежелгі адам болмысы деңгейіндегі кеңістік пен уақыт түсініктері сакральді, яғни адамдық игерілген қоршаған орта мен қасиетті табиғи уақыт өлшемдеріне ие мифтік дүниетаным шеңберінде көрсетілді. Оның негізгі мәнісі ретсіздіктен адами үйлесімділікке өтумен сипатталды.

Ежелгі Қазақстан тұрғындарына тән адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, адам болмысының әмбебаптылығы кеңістік пен уақыттың адамдандырылған модельдері қалыптасуының себепшісі болды. Ертедедегі халық кеңістік пен уақыттағы болмыстың негізгі құрылымы «Ай астындағы әлем» деп қабылдаған болатын. Қазақи тарихи белестегі «адам - әлем» қатынастарындағы кеңістік пен уақыт негізінен әлеуметтік – мәдени бастаулардан туындайды.

Адамдар қоғамындағы дүниеге дәстүрлі көзқарасын, сол қоғамның әлеуметтік жүйесін, тағы да басқа ерекшеліктерін алып қарасақ, олардың негізінде жатқан құндылықтардың белгілі бір кеңістіктік қатынастарды туғызғанын көруге болады. Осы орайда түркі халықтарының байырғы тұрмыс-тіршілігін, дүниеге көзқарасын мысалға алып қаралық. Олардың «Тәңірі - Ұмай» жүйесіндегі байырғы нанымдары бойынша, Тәңірі (аспан) – әке де, Ұмай (жер) – ана. Түркілер солардың ұрпағы болып саналады. Аспан дүниесі, ондағы денелер, әсіресе, Күн түркілердің ұғымынша ерекше қастерленіп табынатын киелі нысандары болған. Аспан (тәңірі), оның ішінде, әсіресе, Күн адамдарды тудырған, оларға нұр шашып, өмірді үнемі жандандырып, жайнататын күш ретінде саналған. Одан қымбат, одан құнды ешнәрсе жоқ деп қабылданған болатын.

Күннен кейінгі табынатын нәрсе – Ұмай (Жер-ана) болып саналады. Ал жер асты, оның қойнауы – өлілер дүниесі, адамдарға жат, қорқынышты, көбінесе, жамандық әкелетін жақ. Яғни, түркілер үшін құндылықтың ең бастысы – Аспан мен Күн болған. Осы екі белгіден Жарық Дүние ұғымы пайда болған. Осы Жарық Дүниеге келгеніне тәубә етіп, мүмкіндігінше осы дүние жарығында ұзақ толуын дұға етіп тілеген болатын. Күннің сәулесінен адам ағзасына аса қажет энергия алатынын сезінген. Соған орай, ежелгі түркілер үйлерінің есігін үнемі шығысқа, яғни Күннің туатын жағына немесе Күннің ең қуатты жағы – оңтүстікке қаратып жасаған болатын. [5; 156].

Түркілер де алдыңғы жақ, артқы жақ, оң жақ, сол жақ олардың шығысқа қатынасына байланысты деп пайымдады. Барлық уақытта түркілердің ұғымынша алдыңғы жақ – шығыс жақ. Адам маңдайын үнемі күншығысқа қарай бейімдеген. Яғни адамдардың әлеуметтік ой-санасында кеңістіктің құрылымы, ұйымдасуы олардың ең түпкі құндылықтарын осы күншығысқа қарай бейімдеу арқылы бағындырған болатын. Демек, әлеуметтік кеңістіктің де өз тұңғышы, өзінің бет жағы, биігі мен төмені, өзіндік ауқымы болған. Соған орай, бұл құбылыстарды бөліп қарастырсақ, алғашқысы – Жалғыз жаратушы, екіншісі – ғарыштың өзі, ал үшіншісі – өзгергіш, өткінші құбылыс.

Уақыт жайында алдымен Аристотельдің пікірін қарастырсақ: «Уақыт дегеніміз – әлдебір қозғалыс пен өзгеріс. Қозғалыс уақытпен, ал уақыт қозғалыспен өлшенеді», – деп пайымдады [6;218].

Ал осы ойларды жинақтай отырып, кеңістік пен уақытты қатар алып қарайтын болсақ, жанды нәрсенің өсуі, даму пішіні ретінде ұғынылған уақыт адам физиологиясына қатысты мәңгілікке жатқызылмайды. Ескінің

жойылып, жаңаның үздіксіз туындауына, яғни келешекке жатқызылады. Кеңістік категориясына қарағанда, уақыт табиғи үрдістермен ғана емес, тарихи үрдістермен де тығыз байланысты.

Философиялық тұрғыдан қарастырсақ уақыттың ағыны өткеннен келешекке қарай да, келешектен өткенге қарай да жылжиды, бұл салада уақыт тіпті айналмалы болып, бұрандалы қозғалыс та жасауы мүмкін. Өйткені ол қозғалыстың объективті сипаттамасы, оның сипаты қозғалыстың табиғатына байланысты. Оның себебі: келешекке біздің бүгінгі болмысымыз ғана өтпейді, оған өткен болмысымыз да өтеді. Бұл құбылыстарды тарихи әдебиет көріністерінен байқауға болады. Себебі, қазіргі замандағы адамзат танымына байланысты өткен тарихты тану арқылы келешекті дұрыс болжау талабынан туындайды. Бұл кеңістіктің де уақыттың да заңды құбылысы.

Сонымен бірге келешек болмыс та бүгінгі арқылы өткен болмысымызға ауыса алады. Бүгін әрқашан да өткеннің бүгіні әрі келешектің де бүгіні, ол өткен мен келешекті ажыратып қана қоймайды, сонымен бірге екеуін сабақтастырып та тұрады.

Бүгінгіміз өткеннен шыққан. Өткен жоқ болса, бүгінгі де жоқ, ертең де болмайды. Онда жалпы уақыт та жоқ. Уақыт жоқ болса, қозғалыс та жоқ, өмір де жоқ. Ал адамның психикасы, жан дүниесі, санасы үшін мұның өзі жады жоқ деген ұғымды тудырады. Яғни ол өзінің кім екенін, басқалардың, қоршаған дүниенің ол үшін кім, не екенін және өзінің олар үшін кім немесе не екенін білмейді, сезбейді. Демек, ол адамдық қасиеттен мақрұм боып шығады. Бұл өткеннің, болғанның бізде, болмыста ешбір ізі қалмағаны деген сөз. Онда болғанды еске түсіру, оны ой-сезім арқылы болса да қайта бастан кешіру болмайды. Яғни психиканың, ойлаудың, «мен»деген ұғымның тұтастығы жоғалады. Адам психикалық жан ауруына ұшырағандарда бір-бірімен байланыссыз үзік-үзік психикалық процестер ғана қалады. Қазақта мұндайларды мәңгүрт деп атайды [7;11].

Мәселен, Ш.Айтматовтың романындағы өз анасын танымай өлтірген мәңгүрт ұл ең алдымен жадынан айрылған. Адам жадынының уақыттан айрылуы санадан айрылумен тепе-тең болып саналады. Сондықтан уақыт кейбір құбылыстарға байланысты кері бұрылмайды деп айту қиын. Ол тек бір бағытта деп түсіну қозғалыстың тек сыртқы пішінін ғана пайымдаудан шығады. Ал, кеңістіктің уақытқа ауысуы немесе уақыттың кеңістік міндетін атқаруы әлеуметтік үдерістерде, адамның өмірінде неғұрлым айқын көрінеді.

Тарихта әр түрлі дәуірде әр түрлі өркениетте тарихи уақыттың бүкіл ішкі құрылымы өзгеріп жатады. Мәселен, ежелгі қауымдық құрылыс пен жаңа дәуірді тарихи уақыт тұрғыдан салыстырып көрелік. Қауымдық құрылысты көбіне дәстүрлі қоғам дейді. Өйткені ол дәуірде адам өмірі түгелімен дерлік дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен реттеледі.

Дәстүрлер өмірдегі әрбір жағдайда, әр істі адамдардың қалай ұйымдастыруын, не атқаратынын бүге-шігесіне дейін тәптіштеп белгілеп қоюға тырысады. Қауымдық өмірдің осы ерекшелігінің негізінде адамдардың қандай негізгі құндылыққа ұмтылатындығы көрініп жатыр. Ол рулық-

тайпалық қауымдасу, яғни қауымдасудың негізінде ата-аналардан тараған адамдардың бірлігі мен ынтымақтастығы жатыр. Бірлесіп өмір сүру, бірлесіп азық табу қауымдастық жүйені тудырады. Бұл құбылыстың көшпелілердің өмір сүру заңдылығында да бар екені белгілі. Ал алғашқы қауым жүйесінде бұл құбылыс тіршілік етудің негізгі жолы. Яғни олар үшін бұл түпкілікті құндылық болып саналды.

Рулық қоғамның адамы үшін бүкіл әлемнің құрылу қағидатын да туыстық бірліктен көреді. Сондықтан да ежелгі түркі қауымы үшін Аспан (Тәңірі) – әке, ата, ал жер (Ұмай) – ана. Әрбір ұрпақ аталардың орнатқан тәртіптерін, жол-жоралғыларын қасиет тұтады. Оларды бұлжытпай қайталап, іске асырып отырады. Мұндай қоғам жаңа нәрсеге ұмтылмайды. Келешек олар үшін өмірді өзгертуге, жаңа қатынастарды енгізуге әкелмеу керек, келешек – бұрынғыға үнемі қайтып оралу, соған күш салуды қостайды. Өткен дәуір, яғни аталар дәуірі – алтын ғасыр, ол өмірдің айнымас эталоны, үлгісі болып есептеледі [8;91].

Ал, қазақ халқы жетілгендіктің, жақсылықтың бәрі де өткенде қалады, сондықтан адамдар әрбір ісін, ойын өткеннің таразысымен өлшеп, соның көзімен қарап, бар іс-әрекеттерді жақсылықпен ырымдап өзін осы құбылыстармен бірлікке жеткізуге тырысуы заңды құбылыс деп ойлаймыз.

Мұндай құбылыстар адамдардың күнкөріс әрекеттері, халықтың өсіп-өнуі секілді өзгерістерді туғызбай қоймайды. Әдетте, өмір сүру үрдістері бұрынғы қатынастарды ыдыратып, әлсіретеді де оның орнына жаңа адамдар келіп, соның нәтижесінде жаңа қатынастар, үрдістер келіп жатады. Бірақ та олардың түпкі ұмтылыстары бұрынғыдай, яғни уақыттың жүрісінің айналмалы заңдылығына тәуелді болуды қалайды. Онда өткен де, бүгін де, келешек те бар, бірақ уақыттың негізгі ағыны үнемі өткенге қайтып оралу құбылысын таңдауға ұмтылады. Мұнда бүгіннің өзі – өткеннің бүгіні, ал келешек немесе ертең – кешегіге неғұрлым жақындау. Бір сөзбен айтқанда, бұл қауымдық адамның өзіне тән әлеуметтік-рухани кеңістігі, себебі адамдардың дамуы үшін уақыт пен кеңістік маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік серпінде алға шыққан бірінші бағыт – өсу және даму болып табылады. Қоғамдық санада бұл құбылыс үдеріс прогресс деп аталады. Әрине қоғамда бұған қарама-қарсы бағыт та бар, бірақ прогресс басты бағыт екені бәрімізге мәлім. Осыған орай уақыт ағыны өзгеріп отырады. Ол енді өткеннен бүгін арқылы келешекке (ертеңге) жылжиды. Керісінше ағын да бар, бірақ ол осы негізгі бағыттың тасасында қалады.

Адамдар өткенді, бүгінді тек өткінші кезең, ертеңге өтудің дайындығы, соған апаратын құбылыстардың бірі деп қарайды. Егер бұрын, қауымдық өмірде бүгін мен ертеңнің мәнділігі мен маңыздылығы олардың өткенге қатысынан анықталған болса, енді, керісінше, өткеннің, кешегінің және бүгінгінің мәні олардың келешекке, ертеңге қатыстылығына байланысты. Жалпы, қазіргі адамзаттың санасында уақыттың ағыны оның негізгі бағыты жағынан қарағанда бір түзудің бойымен тартылған, оралмайтын әрі қайталанбайтын қозғалыстай болып көрінеді.

Ойымызды қорыта келе, уақыт пен кеңістік ұғымы дүние, ғаламзатпен байланысты болғандықтан оны ғылымның барлық саласында қарастырып, сезінген дұрыс әрі тиімді деп санаймыз. Себебі уақыт пен кеңістіктің ішкі табиғатын терең тану мақсатында көркем шығарма, физика, математика, геометрия, жаратылыстану, философия ғылымдарының тұрғысынан қарау кеңістік пен уақыттың адамзат санасында қандай бағытта көрініс беретінін дұрыс түсініп білуге септігін тигізеді деп ойлаймыз. Кеңістік пен уақыт өлшемін сезіне білу адам санасының ең басты жетістігінің бірі болып саналады. Кеңістік пен уақыт ұғымы адам ақылы мен жадысының ажырамас белгісі. Кеңістік пен уақыт межесін анықтай алмай қалған жағдайда адам өзінің ең басты адами қасиетіннен айырылып қалу қауіпі тұрады. Ал, мұндай қасиеттер мен құбылыстарды қазақ халқы ертеден-ақ өздерінің сезім түйсігімен сезе білген. Сол кездің өзінде дүниеге бұлай қараудың көзқарастық мәні зор болып саналады. Себебі ғылымның барлық саласына қатысты білім тұрғысынан пайымдау кеңістік, уақыт, қозғалыс және болмыстың бірлікте екенін көрсетеді. Ал, қазақ халқының дүние болмысын ғаламның моделі ретінде киіз үй үлгісінде қабылдау олардың сана-сезімі жоғары болғанын білдіреді. Кеңістік пен уақыт ұғымына қатысты тылсым жұмбақтарға қазақ халқы өзінің танымдық тұрғыдан жауабын беріп тұрған іспетті.

1.2 Қазақ прозаларындағы уақыт пен кеңістік ұғымының зерттелуі

Көркемдік уақыт пен кеңістік - әдебиеттану ғылымындағы мәні тереңде жатқан, зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Ғаламзат әлеміндегі, барлық болмыстағы құбылыстардың барлығын тек нақты математикалық өлшемдер арқылы ғана бағамдай аламыз. Тылсым табиғатта мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе болмайды. Кеңес заманында таптық ұстанымға сүйенген біраз зерттеушілер кеңістік пен уақытты тек тарихи уақыт шеңбері аясында ғана қарастырды. Алайда соңғы жылдары көркем шығарма қатарында уақыт пен кеңістік мәселесіне қатысты зерттеген теориялық еңбектер біртіндеп жарық көруде. Орыс әдебиеттануында көркемдік кеңістік пен уақыт турасында алғаш сөз қозғаған ғалымның бірі - М.Бахтин болды.

Ол көркем шығарманың бітіміне лайық өзара байланысқа түсіп, көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістіктің бірлігін «хронотоп» (көркем шығармадағы оқиғаның орны мен уақытына байланысты өту заңдылығы) деп атайды. Көркем шығармадағы «хронотоп» немесе «мекеншақ» ұғымын әлемнің философиялық-логикалық моделін бейнелеу заңдылығы негізінде өтпелі дәуір өзгерістерін әдебиет үрдісіндегі маңызды өзгерістерді тұжырымдауға мүмкіндік береді. Философия саласындағы кеңістік пен уақыт ұғымына байланысты пайымдауларды көркем әдебиет шығармаларының идеясына байланысты бірлікте көрстеу әдісі біраз мәселелердің түпкі тереңдігін ашып айқындайды. Көркем шығарманың

идеясына, бітім-тұлғасына сай өзара байланысқа түсіп, әдеби шығармаларда көркемдік қызмет атқаратын әдіс-тәсілдердің бірідеп санаймыз. Мұндай тәсілді «хронотоп» деп атаймыз. Бұл заңдылықтың өзіндік ерекшелігін айқындайтын болсақ, көркем шығарманың түр-сипатына сәйкес көркемдік қызмет атқаратын тәсілді кейде «мекеншак» деп те аталады.

М.Бахтин: «Әдеби көркем шығармадағы хронотоп (*хронологиялық тұрғыдан топтау арқылы уақыт пен географиялық орны туралы мәлімет*) дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланып тығыздалады, сығылысады. Сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді: ал кеңістік болса, шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыт таңбасы кеңістікте белгіленіп көрінеді. Ал кеңістік уақыт арқылы танылып, уақыт арқылы өлшенеді. Мінеки көркем хронотоп қатпарлардың осылай қиысып, белгілердің осылай қосылып, тұтастануымен сипатталады» - деп анықтама береді [9; 235].

Көркем прозадағы уақыт пен кеңістік мәселесін арнайы қарастырған шетел ғалымдарының ғылыми еңбектері жеткілікті. Олардың қатарына Д.С.Лизачев, М.М.Бахтин, В.Хализев, Ю.Борев, Н.К.Гей, Э.Володин секілді зерттеушілердің осы бағыттағы теориялық еңбектері мен жекелеген мақалаларын атауға болады.

Бұл категорияны қазақ әдебиеттануында қарастырған З.Ахметов, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, Ш.Нұрланова, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Т.Жұртбай, А.Темірболат, С.Алтыбаева сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектері мен мақалалары жарық көрді. Осы салада Қ.Хамзинаның, О.Көзбековтің қорғаған кандидаттық диссертациялары бар.

Сондай-ақ уақыт пен кеңістікке байланысты сан алуан мәселелер Л.М.Әуезова, Р.Нұрғали, С.Қарқабасов, Ш.Елеукенов, М.Мырзахметұлы, С.Негимов, А.Ісімақова, Б.Омаров, Г.Пірәлиева сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Жалпы, осы уақытқа дейін қазақ прозасында көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі жол-жөнекей айтылып жүрген еңбектер бар. Бірақ-та жүйелі түрде, салыстырмалы тұрғыдан арнайы зерттелген еңбектер аз екенін баса айтып кеткеніміз жөн деп санаймыз. Ал классикалық прозадағы көркемдік уақыт пен кеңістіктің қабаттарында: сюжеттік, фабулалық, эпизодтық, мифтік-фольклорлық, дәуірлік, тарихи, дүниетанымдық, психологиялық, лирикалық, авторлық, деректі және дерексіз, хронологиялық, жалпы, жалқы, жекелеген, тіпті аса кішірейіп кеткен элементтеріне дейін көрініс табады.

Осы реттен келгенде, көркем прозадағы уақыт пен кеңістікті зерделеуде өзекті мәселелер өте көп. Мәселен, фольклорлық шығармалардағы уақыт пен кеңістіктің өзіндік құбылыстары зерттеушілерге түсінікті. Мұнда кеңістіктің үш (жоғары, орта, төмен) үлкен өлшемі бар. Барлық оқиғалар осы кеңістікте жүзеге асып жатады да, уақыт оқиғаға, кейіпкерге бағынышты бола береді.

Уақыт пен кеңістік категорияларының мағынасы, функциялары, құрылымы, өзіндік ерекшеліктері, табиғи көрінісі Б.М.Бахтин, Д.С.Лихачев, Н.К.Гей, Г.М.Фридендер, А.Я.Гуревич т.б. ғалымдарың еңбектерінде қарастырылады. Осы мәселе З.Қабдолов, З.Ахметов, Ш.Елеуқенов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Т.Рахымжанов, А.Ж.Жақсылықов, Н.Джуанышбеков, А.Темірболат еңбектерінде сөз болады.

Орыс ғалымдары А. Зобов пен А.О. Мостепаненко осы аталған уақыт пен кеңістік ұғымдары әдебиет пен өнерге қатысты үш салаға бөліп қарастырылады:

- 1.Реалды (физикалық) уақыт пен кеңістік;
- 2.Концептуалдық уақыт пен кеңістік;
- 3.Перцептуалдық уақыт пен кеңістік .

Ғалымдардың қсы тұрғыдан жүйелеп көрсеткен бағыттарына жекелей түсінік беретін болсақ, бұл ұғымдардың әрқайсысы жеке өзіндік рөл атқарады.

А. Зобов пен А.О. Мостепаненконың пайымдауынша реалды уақыт пен кеңістік бізден тыс объективті түрде болып жатқан құбылыстарда, олардың алмасу, орын ауыстыру өзгешеліктеріне қатысты болып келеді. Адамзаттың ұғымында олар туралы түсініктің болуы да, болмауы да мүмкін.

Концептуалдық уақыт пен кеңістік – табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы біздің заманымызда жинақталған ұғымдар. Бұл іс жүзінде реалды уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі болып табылады. Бұған әр халықтың өзінше қолданатын ай, күн, календарлары, мүшел, жыл санау, жыл қайыру ерекшеліктерін жатқызуға болады.

Перцептуалдық уақыт пен кеңістік ұғымы адамдардың сезім-түйсіктерінің, психологиялық суреттерінің өзгеріп отыруымен тәркіндес болып келеді. Мәселен, көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының айғағы.

А. Зобов пен А.О. Мостепаненконың түсінігі бойынша уақыт пен кеңістіктің біздің санамызда бейнеленген қандай үлгісі болса да, олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталады, барлығы да содан туындайды деген ұғымды білдіреді.

Уақыт пен кеңістік жазушының дүниетанымын, дүниені қабылдауын, жазушы стилін қалыптастыруда үлкен роль атқарады. Өзінің қабылдауы арқылы сол әлемнің өзіндік жеке-авторлық суретін құру ерекшелігін, көркем шығарманың ішкі заңдылықтарын, өтпелі кезеңдегі тарихи уақытын айқындайды.

Шығарманың композициялық тірегі болып, көркем образдардың ашылуының ішкі ұйымдастырушысы болады. Уақыт пен кеңістікті зерттеу көркем шығарманың тіліне бойлап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүние туралы көзқарасын, концепциясын айқындайды.

Жалпы жазушылар өздерінің шығармаларында реальды оқиға өтетін белгілі бір кеңістікті жасайды. Ол кеңістіктің ауқымын кеңейтіп, оқиғадан да

тыс қосымша көп дүниелерді қамтуы мүмкін. Олар авантюралық, саяхаттық немесе фантастикалық, модернистік роман, прозалық шығармаларда оқиға болатын жерден тыс басқа әлемдерде өтуі мүмкін. Сонымен қатар оқиға бір бөлменің ішінде ғана немесе бір күн, бір сағат ішінде өтуі де мүмкін. Осындай құбылыстарды шебер игере білген жазушы, шығарма сюжетін қызықты, әрі тартымды тұрғыдан құрастыра алады. Соған орай, уақыт пен кеңістікті зерттеу мәселесі жалпы әдебиет саласының кез келген шығарман тілінің өн бойын айқындап, оның құрылу спецификасын, жазушының дүниетанымы туралы көзқарасын айқындауға мүмкіндік береді.

Кеңістіктің «географиялық орта» ретінде нақты, реалды түрі болады. Мысалы тарихи романдардағы кеңістікті жасау заңдылығы да өзіндік заңдылықтарға ие болады. Кей кезде мұндай құбылыс ойдан шығарылған, қиял-ғажайыптық сипатта болуы мүмкін. Сонымен қатар кеңістік пен уақыттың мифтік түрі де бар. Олардың барлығы да, әсіресе, бәрімізге мәлім көбіне фольклористика саласында іске асады.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ прозасында қолданылатын уақыт пен кеңістік өлшемдері күрделене түскені байқалады. Шынайылық ертегімен, мифпен де жымдаса дамитыны байқалады. Нәтижесінде бұл құбылыстар хронотоп деп аталатын заңдылыққа шартты тұрғыдан тәуелді сипатқа ие болды. Бұл ұғымының өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын болсақ, әр жазушы шығарма сюжетін тарихи деректерден тыс өзінің ішкі түйсігіне, көзқарасына сәйкес уақыт мен кеңістік құбылысын өзгертетіні байқалады.

Мысалы, Дулат Исабеков шығармаларындағы болып жататын оқиғалар кеңістік жағынан әдейі тиянақталмаған. Оқиғаның қандай жерде, қай уақытта болып жатқанын тек адамдардың ара қатынасынан, анда-санда бір көрініп қалып жататын тұрмыстық суреттерден, кейіпкерлердің сөз саптау ерекшеліктерінен ғана жобалай аламыз. Яғни, әңгіме өрісінен оқиғаның қай мекеншақта өтіп жатқаны белгілі болып тұрады.

Автор үшін ол негізгі мақсат та емес. Қаламгердің біз қарастырып отырған шығармаларындағы трагизм жазушының нақты бір қоғамдағы әлеуметтік шындыққа келіспеу идеясынан, наразылығынан емес, жалпыға ортақ категориялардан туындайды. Сол мақсатты суреткер жеке адамдардың ғұмыры мен тағдырына үңілу арқылы нақтылы бір уақыт пен кеңістікте жүзеге асыруға тырысады.

Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт сол шығармадағы оқиға, іс-әрекеттерге қатысты өзгереді. Ал олардың өзара алмасуына, бір-біріне қатысты жүйеге түсуіне әлеуметтік жағдай себепші болып, іс-әрекеттің түрлері мән-мағынасына қарай сюжеттің одан әрі дамуына сәйкес бағындырылып, тәуелді болып отырады.

Шығармада қаһарманның дүниеге келген сәтінен кемеліне келген шағына дейінгі кезеңді тездетіп баяндау, уақытты қысқарту, үнемдеу немесе оны созу, оқиғаны тек соның айналасына жинақтап, дамыту тәрізді

құбылыстар уақыт пен кеңістік категорияларына да әсер етеді. Ал шынайы уақыт үздіксіз өтіп жатады және үнемі алға біркелкі жылжиды.

Ал, біздің қабылдауымызда уақыт кейде ақырын, кейде жылдам ауысқандай болады. Ал көркем шығармадағы уақыт оқиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу жүріп, кейде үзіліп те отыруы мүмкін. Қайсыбір шығармаларда оқиға аяғынан басталып, суреткер-автор уақытты кейін қарай жылжытып көрсетуі мүмкін.

Мәселен, Оралхан Бөкеевтің «Үркер», «Бәрі де майдан» шығармаларында уақыттың қолданыс ерекшеліктері де өзіндік ерекшеліктеріне тән қолданылатынын байқадық. Мәселен уақыт жазушының суреттеу жүйесіне сәйкес бірде кейін, бірде ілгері жылжытылып, негізгі оқиғалар, тартыс лирикалық алға, артқа шегініс жасау арқылы беріліп отырады.

Осы орайда Оралхан Бөкеев шығармаларында уақыт пен кеңістік композициясы үлкен орын алатыны туралы айта кетуді жөн санадық.

Жазушының өзі де «Қар қызы» повесі жөнінде: «Ол повесте менің айтайын дегенім тракторшылар өмірі емес, кеңістік пен жалғыздық мәселесі, адамның кеңістікті түсінуі, қабылдауы, кеңістіктің жалғыздыққа жасайтын ықпалы» - дейді.

О.Бөкеев шығармаларында жыл мезгілдері: қыс, көктем, жаз, күз өз кезеңдеріне сай табиғаттың суреттелуі айшықты тұрғыдан бедерленіп отыруымен қатар уақыттың да өлшемі де болып суреттеледі. Шығармаларда суреттелетін оқиғалардың уақыты, мезгілі нақтылы көрініс табады. Шығармадағы табиғат құбылысының мезгілдік тұрғыдан суреттелуі әсерлі шығады. Таңның қылаң беруі, күннің шығуы, сәуле шашуы, талма түс, бесін, өліара бітіп айдың жаңалануы, айдың толысуы, бәрі де мезгілдік қызмет атқарып тұр.

Сонымен бірге жазушы шығармаларындағы оқиғалар, іс-әрекеттер нақты сюжеттік уақыт жағынан алғанда екі-үш тәуліктік мерзімді ғана қамтып көрсетеді. Қалғандары кейіпкердің жан-дүниесіне сыналай кіру, ой дүниесін ақтару арқылы лирикалық шегініс, кейіпкер монологтары арқылы беріліп отырады.

Жазушының «Мұзтау» повесінде негізгі кейіпкер Ақтанның нақтылы уақыт, үш күнгі елден жырақ жүрген тіршілігі суреттеледі. Мұндағы Ақтанның ойы, естеліктері кейін шегіну арқылы ғасырлар тереңінен сыр тартып көркемдік уақыттың танымдық сипатын, әсерлігін арттыра түседі. Автор кейіпкердің дүниеге көзқарасының қалыптасуына ерекше әсер еткен жағдайларды, мәнді кезеңдерді таңдай отырып, шығармадағы тарихи уақыттың маңыздылығын арттыра түседі.

Өмірі Аршалының тарихымен сабақтас жазушы өзі «ақ көңіл адам еді» деп сипаттайтын өтірікші Асан шалдың ертегілері арқылы көркемдік уақыттың қаншалықты маңызды, мағыналы болатындығына көз жеткізеді. Осы Асан шалдың өтірігі арқылы шығармада фольклорлық уақыт пен кеңістік те бейнеленеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдеби процесте уақыт пен кеңістіктің кейбір белгілерін бойына жинаған, көркемдік ізденісі, тақырыбы, әдісі тұрғысынан оқырмандарды елең еткізген, өзінің тың ізденістерімен көзге көрінген шығарманың бірі – М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаясы.

Шығармадағы қиял-ғажайыптық, философиялық мотив, жұмбақ, тылсым жайттар, уақыт пен кеңістіктегі еркіндік көріністері оқырмандардың қызығушылығын тудырды.

М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романындағы басты сюжет ол кейіпкердің сұлулығы. Мұндағы басты сюжет уақыт пен кеңістік шеңберіне тәуелсіз сұлулық символы. Шығармадағы Айсұлу бегім уақыт пен кеңістікке тәуелсіз сұлулықтың символына айналған. Сюжеттік шырғалаң, шығарманың мазмұндық астарының қалыңдығы, уақыт пен кеңістік аясындағы еркіндік, өткен заман мен бүгінгі заман арасындағы қарама-қарсылық, контрастық тұрғыдан көрсетіледі. Өткен тарих сілемдеріне назар салу, оның өзіндік ерекшеліктерінің молдығын көрсету заңдылықтары жазушы шеберлігінің табиғи қуатын, мықтылығын танытады.

Қазіргі қазақ прозасында мифтік бастаудың әсері күшті екені байқалады. Қаламгерлер өз шығармаларында аңыз-әңгімелерді, діни көне сюжеттерді кеңінен қолдану тенденциясы байқалады.

Мұндай тәсілдер жазушылардың шығармаларындағы табиғи-тылсым жұмбақтарды қолдану арқылы шығармалар сюжетіндегі кеңістік-мезгілдік өлшемдердің күрделендіру негізінде оқиғаны тартымды, қызықты етіп беруді мақсат етеді. Бұл ретте қаһармандардың ішкі әлемінің түпкі қыртыс-қабаттарына, ұңғыл-шұңғылына, олардың жан дүниесіне, санасының, жадының, қиялының кеңістіктерін зерттеуге назар аудара бастады. Бұл бір жағынан адаммен байланысты философиялық мәселенің түп негізіне бойлауға, екінші жағынан жеке уақыт пен кеңістіктің шекарасын еркін түрде жылжытуға мүмкіндік берді.

Мәселен, неміс ғалымы Л. Нирё уақыт пен кеңістік туралы өз тұжырымдамасын айтқан болатын. «Әдеби шығарманың композициясы – бейнеленген заттық бірліктердің және тілдік-көркемдік тәсілдердің ретпен орналасуы мен сабақтастығы, шығарма элементтерінің, белгілердің байланысу жүйесі»- деп пайымдаған болатын [10; 130].

Егер біз теорияға сүйенетін болсақ, сюжет те, композиция да әдеби шығарманың мазмұнын көркем тұрғыдан жинақтайтын формаға жатады. Мұндай құбылыстардың бірлігімен қатар өзгешеліктері де болатыны байқалады.

Композиция барлық шығармада болады, өйткені композициясыз шығарма көркемдік қасиетінен айрылады. Композиция сюжеттен тыс нәрселерді де қиюластырып көрсетеді. Мұндай құбылыс сюжеттен де кең ұғым. Әр суреткер шығармасының сюжетін өз қалауынша құрады, белгілі бір қалыпқа, заңдылыққа бағынбайды. Әр шығарманың архитектурасы, архисұлбасы әр түрлі.

Мұндай ұғымдар жайында О.И.Федотов: «Толық мағынасында эпос пен драма ғана сюжетті; оқиғалық желісі әлсіз немесе тіпті жоқ лирикалық шығармаларда сюжет болмауы да мүмкін. «Нүктелік» сюжет (В.В.Кожин) ұғымы да бұл жағдайда жеміссіз», - деп өз ойын білдірген боатын [11; 85] .

Ал Б.Майлиннің «Шұғаның белгісінен» бастап «Раушан коммунистке» дейінгі шығармаларында қос қоғам кезеңнің оқиғалары мен мінез-құлық таңбалары егіз қатар өріліп, оқырманға қай заманның жақсылығы қандай деген ойларды аңдатуға бағытталып жасалады. Мұнда жазушы сол замандағы ескі қоғам мен жаңа қоғам кейіпкерлер арқылы контрастық көзқарастардың өзіндік тартыстарын көрсетеді.

Бейімбет өз уақытының жазушысы. Оның шығармаларында қазіргі кезде қарастырылып жүрген уақыт пен кеңістіктегі шығарма сюжеттерінің бойында молынан көрініс беретіні байқалады. Өткен дәуірдің өмір салтынан жаңа қоғамға ауысу үрдістері шығарма мазмұнындағы кейіпкерлердің өмірге деген көзқарастарынан, өзара қарым-қатынасынан байқалады. Оқиға мазмұны өткен дәуір мен жаңа дәуірдің аралық уақыты мен кеңістігінде өту үрдісіне куі боламыз. Ескі дәуір мен жаңа дәуірдің ауысу үрдісі, оған қатысты кейіпкерлер образының мінез-құлықтары, атқарған іс-әрекеттері арқылы жоғары дәрежеде көрсетілген. Себебі Б.Майлин аралық позицияны ұстай отырып, нақтылығы уақыт пен кеңістік аясында ескілік пен жаңашылдық құбылыстарды асқан шеберлікпен өзара шендестіре суреттейді. Кейбір кертартпа ескілік салттар мен мінез-құлықтарды қазақтың қараңғы, мешеу күйінен көріп, ащы сарказммен, уытты ирониямен түйреп отырады. Ол заңдылықтарды жазушының суреттеу әрекетінде сюжет мазмұны уақыттың бірде алға жылжуы немесе артқа шегінуі арқылы мазмұн оқиғаларын қарапайым әрі түсінікті етіп берген.

Сондай-ақ жазушы ескі дәуір мен жаңа дәуір аралығында болған оқиғаның аясында өмір сүрген кейіпкерлердің адам мінездеріндегі кейбір соқыр сенімдерді ажуалап, оның зиянды сарқыншақтарын әшкерелеп, жаңа заман тұлғалар тағдырына, жалпы қоғамға өзінің жағымсыз әрекеттері арқылы әсер ететінін суреттеген. Соған орай, Б.Майлин өз уақытының реальді шынайылығын көркем шығарма арқылы көрсете білген. Жалпы оқырман мына мәселені жақсы біледі, қашанда өмір шындығынан көркем шындықтың ғұмыры ұзақ болады. Оқырманның көркем шығарма арқылы тануы негізінде есте жақсы сақталады.

Б.Майлин «Шұғаның белгісінде» Әбдірахман мен Шұғаның қосыла алмай кетуіне ел ішіндегі әлі де әлеуметтік теңсіздіктің зардабы тиіп отырғанын айтады. Әбдірахман оқыған «учитель», «қазақ баласына инедей қиянаты жоқ» жас болса да, ол кедей. Шұғаның әкесі Есімбекті астық сату кезінде «олжадан қаққаны» бар. Сонымен қатар, ел ішінде оқығандарға деген теріс түсінікті таратушы, ескіліктің сарқыншағы болып отырған Есімбек бай күні өтіп бара жатқан ескі дәуірдің адамы. Әбдірахман жаңа заманның өкілі. Ол әділет, теңдік дегенді көксейтін тұлға. Бірақ, бәрібір «орысша оқыған дінсіз неме, көптің сөзін аяқ асты қылды» деп шуласқан

шалдар, ақыры «түріктерге жасырын ақша жиып жүр» деген жалған арыз түсіріп, оны ұстатып жібереді. Соған орай, «Шұғаның белгісінен» үзінді алайық:

Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын шаша бастады. Біз екеу едік.

Шабан қаракер үсті-үстіне ұрғызған соң о да бусанайын деді білем, шекпенін шешіп алып беліне байлады. Милығына түскен бөркін жоғарырақ көтеріп қойып, қаракерді бір тебініп шаужайлап жіберіп маған қатарласып:

- Тым бері бұрыла берменіз, күнбатысқа таман жүрейік, - деді.

- Сіз кейін қалған соң мен алдыңызды орағыта беремін.

- Жамандатқыр мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді, - деп қамшымен салып-салып жіберді.

Менімен қатарласып алған соң қаракердегі ашуы біткен тәрізденіп, азырақ жадыраңқырап маған қарады.

-Мынау алдымыздағы үлкен көл «Қамысақты» ғой: осының сол жағын ала жүріп ана шаңырқай көрінген Обаның белесінен тура ассақ алдымыздан бір кішкене сұрлеу келеді. Сол сұрлеумен барып Шұғаның белгісінен қарай жолды қиып аламыз, - деді.

Жолдасым жол әңгімесін бітірсе «тағы да бар, тағы да бар» деген кісі тәрізді сөз сөйлеуге ыңғайланып тұрды. Мен әңгімені неден бастарымды білмедім, жол жайын айтып өткен «Шұғаның белгісі» дегені бар еді. Одан пәлендей сөз туады деп дәмеленбесем де, бастауға себеп болсын деп ойлап:

- «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма, - дедім.

- Жоқ, әшейін, бір обашық, - деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:

- Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау, - деді.

- Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, - дедім.

- Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді...ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау, - деді.

Жолаушының оқиға бағытын бастауында өзіндік ерекшелігі бар. Б.Майлин осы жерде әңгімелеушінің өз аузынан айтқызып тұрғаны байқалады. Біріншіден, тау, жер емес, оның обашық екенін және оның өзіндік шынайы тарихы бар жөнінде хабар береді. Кеңістік аясында өтетін оқиға мекенін «Шұғаның белгісі» арқылы жобалап тұр. Ал, «...ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау деген сөз саптауы арқылы бұл оқиғаның өткен шақта өткені айқындалады. Шығарманы әңгімелеу мезгілдерінің ауысып келуінің өзі автор шеберлігінің күрделілігін көрсетеді. Себебі әңгімелеу үрдісі бір мезгілдік емес, әр түрлі мезгілде жүріп отырады. Мұндай құбылыс шығарманың бір жерінде ғана емес, өне бойында қолдану үрдісі байқалады.

«Мен ауылдан қайтқанда Әбдірахман Есімбектікінде қалып қойып еді. Менің артымнан іле шала келіп Беркімбайдың үйіне түсті» деген қолданыста

әңгімелеушінің өткендегі іс оқиғаны әңгімелеп тұрған шағы деп түсінеміз. Келесі сәтте бұл көрініс диалог арқылы осы шаққа түседі. Бұл заңдылық әңгімелеу үрдісінде өту кезеңі болғандықтан тіпті білінбей де қалатыны байқалады.

«... –Биыл Есімбектікі Қарақұмды жайлап қалады деп еді. Кәрім үшін ақ келген шығар, -деді бір жігіт. Сендер байқадыңдар ма, Кәрімді көрген соң Шұға бір түрлі құбылып кетті – ау, деді қу жігіт».

Әңгімелеуші қайтадан өткен шаққа түсіп, әңгімелеу үрдісін жалғастырады: Бұл екі арада қыстыгүні Шұғаны сағынып жүргендегі Кәрімнің шығарған өлеңі деп біреуі өлең айтты... жұрт ду күлді. Кәрім ашуланып кетіп қалды. Мен тұрып Беркімбайдың үйіне бардым. Әбдірахман шынтықтап домбыра тартып жатыр екен.

Бұдан кейінгі диалогтар қайтадан осы шаққа алып келеді. Ал соңғы сөйлем тағы да айтылып отырған жайдың бұрынғы болған оқиғаны әңгімелеу екенін айғақтайды. «Замандастың тілін кім алмайды, мен ертіп бармақ болдым».

Автор оқиға өтетін кеңістікті суреттеуден бастайды да, диалог арқылы өрбітеді. Шығарма бір адамның өткен оқиғаны әңгімелеп беру үрдісінен тұрады. Басына аяғына дейін сол адам сөйлейді. Бірақ оны қиюын келтіріп, ұйымдастыру автордың шеберлігін көрсетеді. Олай болмаған жағдайда, бұл әңгімелеудің ертегіден айырмашылығы болмаған болар еді.

Себебі шығарма композициясындағы әңгімелеуші кейіпкер жасайтын шегіністер мекеншақтардың алма-кезек ауысуы арқылы шығарма құрылымын күрделендіру амалына жатады.

Сонымен қатар, жазушы «Бұл күнде ондай қыз қайда. Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайды ма, білмейсің, ешкіге ұқсап шошандап жүргені. Заман бұзылды ғой... иә...», «Ой, дариға-ай, талай қызықтар өтті ғой», Ой, алдай, қызық заман екен-ау, ә...» деген әр түрлі қыстырынды құрылымдарды қабаттасулар арқылы пайдаланып, ол оқиғаның қандай кеңістік және мезгілдік ендікте өтетінін аса шеберлікпен көрсете білген.

Оқиға болған тарихи уақыт пен кеңістіктегі осы жерде тағы да белгілі болды. Оқырман арызқойлық, партияшылдық дәуірдің нақты мөлшерін шамамен біліп отырған. Демек, әлі де түбегейлі жаңа заманға жетпеген жастардың қайғылы махаббатын баяндаған шығармаға жазушы да уақыт пен кеңістік жағынан жақын тұр.

Мұндағы тарихи сюжетке Б.Майлин тікелей қатысы болмаса да, өзі көрген өмірлік материалға негізделген сияқты. Өйткені, мұнда жалпы болмыстың баяндау тәсілі арқау болмаған, тек болған оқиғаның деректері ғана сезіледі.

Жазушы көркемдік уақыт пен кеңістік аясында тыңдаушы да, айтушы (жырлаушы) рөлінде жолаушының әңгімесі арқылы өткен мезгілдің оқиғасын топтап, уақыт мезгілдерін шегіністер арқылы сығымдап көрсеткен. Себебі, бүгінгі оқырман «Шұғаның белгісіне» уақыт жағынан алыс тұрғанымен,

сюжеттік мазмұнында мифтік, аңыздық, эпостық элементтер жоқ. Демек, уақыттың дәуірлік, циклдік бедерлері нақты кеңістікте классикалық формада орналасқан. Өмірдегі оқиға көріністерінің алма-кезек ауысып орналасуы оқырман түсінігіне сай негізделіп, оқиға көлбеу кеңістік аясына шоғырланған.

Жалпы, Б. Майлиннің әңгіме-повестері (1920-1930) өз заманының көркем шежіресі. Ол өзі көрген, куә болған өмірлік материалдар мен болмыс шындықтары көркемдік уақыт пен кеңістікте шебер орналастырып, тарихи дәуірдің сипатын жан-жақты баяндау тәсілін шебер меңгерген суреткер.

Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасындағы дүниетаным кеңістігі фольклорлық, эпостық, мистикалық сарындарға жақын жақын келмейді. Тіптен оның белгісі де жоқ. Б. Майлин өмір шындығын фотографиялық дәлдікпен суреттеп қана қоймайды, әлдебір жансыз деталь, адам мінездерінің көзге көрінбейтін кейбір штрихтарын тап басып, типтік дәрежеге көтеріп жібереді.

Сондай-ақ қазіргі оқырман Б. Майлиннің әңгіме-повестеріндегі тарихи уақыт осы кезеңдерден алыс жатқанымен, адам болмысындағы типтік белгілер кез келген уақыт және кеңістік аясында кездесе беретін әмбебап мінез-құлықтар, сезім таңбаларына, қоғамның өзіндік көріністеріне куә болады.

Қорыта келе көркемдік уақыт пен кеңістік ұғымы прозалық шығармадағы шынайылықты, дәлдікті көрсету мақсатында маңызды қызмет атқарады. Тек қана шынайылық тұрғысынан ғана емес, тұрмыстық, қоғамдық белгілерді де көрсету мүмкіндігі зор. Себебі көркем шығармаларды нақтылы бір уақыт пен кеңістік шеңберінде қарастыруы қазақ қаламгерлерінің дүниетанымдық тұрғысынан келіп ерекшеленетін талпыныстары. Мұндай прозалық шығармалар шынайылық бағытта баяндалады. Көркемдік уақыт пен кеңістік бұл үрдісте маңызды рөл атқарады.

2. ФОЛЬКЛОРДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

2.1 Көркемдік уақыт пен кеңістіктің тарихи шығармалардағы тарихи деректерге қатысы

Кез келген әдеби шығармада суреттелген оқиға шындық өмірдің көркем көрінісі екендігі белгілі. Сондықтан сол әдеби шығармалардағы қандай да бір көркемдік әлем де белгілі уақыт пен кеңістікте өтетіні ақиқат. Кеңістік те уақыт та шексіз екені тағы да аян. Ал оны жазушы қалай көре біледі, қалай таниды оның өзінше жазған аумағы көркем туындыға қалай көшіріледі деген мәселеге әдебиеттанудағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Осы орайда, көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларының сипатталу заңдылықтарын ашу аса ұқыптылықты және қырағылықты қажет етеді. Өйткені әр көркем шығарма өзінше жеке әлем, әр каламгер өзіндік ұстанымымен ерекшеленеді. Сондықтан көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік әрбір сөз өнерінің өзіндік қолтаңбасының нәтижесінде жүзеге асатыны бәрімізге мәлім.

Белгілі орыс ғалымы Д.С.Лихачев көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесіне мынадай анықтама береді: «Әдеби туындыларды талдап, таразылау үшін маңызды мәселелердің бірі – көркем уақыт: әдеби шығармаларда уақыттың көрініс табуы, уақыттың әдебиеттегі көркем факторы ретіндегі көрінісі. Көркем уақыт – бұл уақыт мәселесіне деген көзқарас емес, бұл көркем шығармада көрініс тапқан және бейнеленген уақыттың өзі. Сөз өнегенің эстетикалық табиғатын түсіну үшін әртүрлі авторлардың уақыт тұжырымдамасы туралы айтқан пікірлерін емес, шығармадағы нақ осы көркем уақытты зерттеу маңызды болып табылады. [12; 321].

Мысалы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында «Дәл осы кезде Хиджра есебі бойынша сегіз жүз жетпіс төртінші, тышқан жылы, елу жеті жасар Әбілқайыр ханның өзі аққұйрығын алып, жүз мың атты әскерімен Моғолстанды шаппақ болып Үргенәш тұсынан шықпақ болыпты ...» деген жолдарда оқиғаның болған жылы, айы, күні нақты көрсетілген. Мұндай нақты даталар трилогияның қай кітабында да мол. [13; 246-б].

Мысалы Іяс Есенберлиннің «Қаһар» романының Кенесарының хатарының жазылған уақыты дәл, анық айтылады. Бұл орайда автор, бұл қозғалыс жөнінде жеткен деректерді барынша еркін, кейде саналы түрде өзгеріссіз пайдаланған. Автордың мұндағы мақсаты тарихтағы өткен оқиғалардың әлі де жабулы жатқан тарихи кезеңдерін оқырманды қызықтыра жетелей отырып, халық сансын, тіпті зиялы қауым, өскелең ұрпақ ойын тарих қатпарында жасырын жатқан өмір шындығына бұру болатын. Авторлық мақсат солай болғанымен де, өмір шындығын өнерде бейнелеу тұрғысынан сол даталардың өзі де көркем шығармалардағы уақыт бірлігінің өмірдегі жағдайды қаз қалпында көрсетуге негіз бола алмайды. Ол шығармадағы көркем уақытты бейнелеудің түп қазығы ғана. Яғни көркем

шығармадағы тарихи уақыт - тарихи оқиғалар мерзімін түп қазық ете отырып, жазушы қиялында қорытылған уақыт болып саналады. Жазушы тарихи оқиғаларды, оған қатысатын адамдарды, оқиға өтетін жерлерді дәл суреттеуге ұмтылады. Бұл орайда географиялық атаулардың, тарихи кезең оқиғаларын дәл берілуі басты образдың өмірлік прототиптерінің болатындығын, оқиға желісінің тарихи фактілерден құрылатындығын көркем уақытты реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі. Қандай тарихи шығарма болсын белгілі тарихи уақытты бейнелеуді мақсат етеді.

«Көшпенділер» трилогиясында тарихта нақты болған тұлғалардың өмірі суреттелуі, сол кезеңге сай географиялық кеңістікті, тарихи оқиғаларды жазба деректер негізінде дәл беруге ұмтылуы соның бір дәлелі болуы деуге болады. Мәселен «Көшпенділер» трилогиясында негізінен төрт ғасырдан астам уақыт мөлшеріндегі, ал «Алтын Орданы» қоссақ, жеті ғасырлық тарихымыз суреттеледі [14; 135].

Алайда ұлан-ғайыр ұзақ уақыт көрінісі қос трилогияда толық әрі дәл көрінеді деп айта алмаймыз. Көркем шығармада оны талап етудің қажеті де жоқ, ол мүмкін де емес. Сондықтан автор тарихтағы аса маңызды деген мерзімдерді іріктеп алу арқылы тарихи жүріс жолдарын жылдамдатады, жақындатады немесе кері қайтаруға мәжбүр болады.

Уақыт жүрісі І. Есенберлиннің тарихи трилогиясының әр кітабында әр түрлі. Мысалы «Көшпенділер» трилогиясының бірінші кітабы «Алмас қылышта» уақыт тым тез жүреді. Кітаптың Әбілқайыр ұлысындағы тартыс баяндалатын алғашқы кезең уақыты қалыпты жүреді де, кейін қазақ хандығы өзінше отау тәккенен кейінгі кезең уақыты жүрдек, жылдам баяндалады. Бұл автордың қазақ хандығының өзінше отау тігіп, ірге бекіткен кезеңін толық көрсетуге (XV – XVIII) мақсатынан боса керек. Көбінесе авторлық баяндау арқылы жүзеге асып отыратын тарихи уақыттың жедел жүрісі кейде тым шолақ қайырылып, ел тарихының жарты ғасырға жуық кезеңі бір парақ қағазға сыйғызылып жіберіледі. Бұған Хақназар, Тәуке хан суреттелетін тұстар мысал бола алады. Бұхар жыры аузымен айтылатын тарихи әңгімелер де оыған қосуға лайық деп есептеуге болады.

Қазақ хандарының ішінде орны бөлек, өз дәуірінде «Жеті жарғы» сияқты құжатты дүниеге келтірген, үш жүздің басын шашыратпай берік ұстаған бірден-бір жан, бүкіл қазақ құрметтеп әз Тәуке деп атаған Тәуке заманы бір бет көлемінде ғана баяндалған [15; 98].

«Алмас қылыштың» соңында келтірілген Хақназар хан жөніндегі жарты беттік дерек тек осы екі кітаптағы уақыт шегін байланыстыру қызметін ғана атқарып тұр.

«Жанталас» пен «Қаһарда» уақыт тым баяу жүреді. Соның нәтижесінде бүкіл шығармада он-он бес жыл арлығындағы ғана жайлар сөз болады. Әрі тарау оқиғалары тарихи уақыт шегін тым ауқымды қармап, байыппен, кең көлемде көрсетеді.

Тарихи уақыт категориясының да көркем шығармада көрініс табуы авторлық көзқараспен, мақсат-мұратпен тығыз байланысты болып келеді.

Увқыт ағымын белгілі бір оқиға төңірегінде юарынша немесе іріктеп басты кезеңдерін ғана қамту, яғни тарихи уақытты жедедету - автордың еркіндегі [16; 123].

«Көшпенділерде» мұның сан алуан көріністерін байқауға болады. Ал сипаты жағынан келгенде мұндағы уақыт реальды тарихи уақытқа жақын. Автор шығармасында әр кезең уақытына сай тарихи оқиғаларды, бедер-белгілерді нақты суреттейді. Тарихи нақтылық өмірлік фактілердің көрінісі тарихи уақытқа жақындатылғанда, ол прототиптерге негізделген кейіпкерлер әрекеті арқылы ашылып отырады. Бұл, әсіресе, «Қаһар» романында айқын көрінеді. Және ондағы көрініске қатысты хронологиялық жүйенің өзі шығарма шынайылығын танытады.

Алайда «Көшпенділердегі» тарихи уақыт шегін кітаптағы негізгі оқиғалар өтетін шекпен (XV – XVIII ғғ.) өлшенеді деуге болмайды. Автор белгілі кезеңдік жағдайды суреттей отырып, бірде өткен тарихқа, кейде алдыңғы кезеңге де ой жүгіртіп отырады. Бұл құбылыс тарихи эпопеяның ең соңғы бөлігінде бірінші жазылған кітабы «Қаһарда» басталады да онда болашақ жазылуға тиіс «Алмас қылыш», «Жанталас», «Алтын Орда» кезеңдері жайлы кейбір оқиғалар еске түсіру арқылы қамтылып кетеді.

Трилогияда өткенге көз салу жиі кездеседі. «Көшпенділер» шығармасында әдебиеттану ғылымында ретроспекция (деп аталатын уақыт алуан түрлі формада көрінеді.

Әдебиет саласындағы көркем шығармаларда, оның ішінде тарихи шығармаларда ретроспекция (артқа қарау), проспекция (алға қарау) тәсілдері жиі қолданылады. Соған орай, кейде бірнеше ғасыр өтіп кеткен кезең оқиғасы екшелеп беріледі немесе кейіпкерлердің ой-дүниесі арқылы кеше ғана өткен ата-бабасының істеген істеріне талдау жасалады. Кейдк қаһарман өз басынан өткен тарихи жағдайлар арқылы өткенге де оралады. Сөйтіп еске түсіру немесе ретроспекция арқылы сан алуан уақыт қабаттары қамтылады. Тарихи оқиға әрқашан өткен уақытпен бірге өріліп, әдеби шығармадағы көркем уақытта өмірдегідей өз уақытымен, өз ретімен тізбек құра көрініс табады. Бүгінгі кешегінің жалғасы. Олай болса, бүгінгі де ертеңгіге ұласпақ. Сондықтан жазушы алдындағы міндет те сол. Өз ұғымындағы шексіз уақытты өз бедер-белгісімен өз заңдылығында көркем шығарма табиғатына көшіре білу . Бұл орайда жазушы әр түрлі әдіс-тәсілдерге барады. Ол кейде еске түсіру ішінде еске түсіру жасап, одан да арғы дәуір қалтарысына үңілетін сәттері болады [17; 211]. Бұған «Жанталастағы» Бұқар жыраудың Бөгенбайға айтатын естелік әңгімесі дәлел.

Әдебиеттану ғылымында ғұмырнамалық биографиялық ретроспекция т.б. болып бөлініп жүргені белгілі. Біз сөз етіп отырған І.Есенберлин романдарында көбінесе ғұмырнамалық ретроспекция және ретроспекция-хроника түрлері көбірек қолданылады.

Ғұмырнамалық ретроспекцияда қаһармен кейде өз өмірінің өткен бір кезеңіне оралады. Яғни мұнда жеке қаһармандар өміріне байланысты болады. Батудың, Әбілқайырдың, Абылайдың, Кенесарының толғаныстарының

немесе Бөгенбай естелігі осы сипатта танытады. Осылай дегенмен де, ретроспекцияның үш түрі де бір-бірімен араласып, жымдасып жатады. Оларға тән сипаттарды мүлде ажыратып алу, жіктеу кейде қиынға түседі.

I.Есенберлин шығармаларындағы ретроспекциялық тәсіл бір жағынан осылайша шығарманың уақыттық қарымын кеңейтуге қызмет етіп тұрса, екінші жағынан халық құдіретінің қайнарларын танытуды мақсат, мұрат еткен авторлық позицияға қызмет етеді. Жазуны ол құдіреттің негізі бірлікте, елдікте, достықта, еркіндікте екенін меңзейді. Тарихи шегіністің қай-қайсысында болсын осы идеяны алтын арқау етіп, түйінді ойлар тастайды. Олай дейтініміз - көркем уақытта тарихи объективтік уақытқа қарағанда субъективтік уақыттың көп қырлы сипаттары пайдаланылады. Авторлық идея мақсаттарға бағындырылады дейтініміз сондықтан [18; 35].

Көркем әдебиет уақытты драмалық уақыт деп ажыратады. Бұл орайда көркем әдебиеттегі уақыт категориясы хронологиялық бірізділікпен қоса, драмалық драмалық сипатқа да ие болатыны ескеріледі.

Шығарманың композициялық бірізділігі де, эпикалық сюжеттің драматизімі де оқиғалық уақыттың бірізділігіне тәуелді. Осыдан барып, олардың ішкі диалектикалық байланысы жағдайлар мен характерлердің логикалық дамуына тәуелді бола отырып, кейде ашық, кейде астарлы түрде көрініс береді. Міне осыған орай, көркем уақыттың да ырғағы, жүрісі өзгереді. Шеңбері кеңіп, драмалық сипатқа ие болады [19; 317].

Бұл құбылыс I.Есенберлин эпопеясының кез –келген шығармасында жеткілікті. Бұған бір ғана мысал ретінде «Алмас қылыштағы» Әбілқайырдың бір кезде өзінің қоластынан қашып кетіп, хабар-ошары белгісіз, ұмытылған Саян мен Гүлбаһрамның кенет кездескен сәтін алайықшы. Кіндігінен жаралған, туған қызы әке намысын таптағандай әрекетке барып, қас дүшпенге барабар Саянмен бірге қашып кеткен Гүлбаһрам Әбілқайырдың алдында тұр. Аң аулап жүрген Әбілқайыр жауына айналған қызы мен күйеу баласына дәл осылай жолығамын деп ойлаған жоқ. Нағыз драмалық тартысқа толы сәт. Әбілқайырдың да, Саянның да, Гүлбаһрамның да ойына өздерінің ойына келіп кетіп үлгеретін бұл сәт - бүкіл оқиға бір нүктеге шоғырланып, драмалық тартыс шарықтау шегіне жеткен тұс [20; 388].

Мұнда түрлі тағдырлар, характерлер тоғысып қоймай, уақыттық өлшемдер де араласып, көркем уақыттың драмалық-трагедиялық синтезі пайда болған. Құрылымы күрделенген көркем уақыттың көп қатпарлы қызметі ашылған. Драмалық сипатқа енген қаһарманның әрбір іс- әрекеті шапшаңдап, уақыттық мәнге ие болған сәтті көреміз. Оған авторлық уақыт шегін қоссақ, нағыз драмалық уақыттың ішкі құрылымы анық байқалады.

I.Есенберлиннің тарихи шығармаларының қай-қайсысында да драмалық уақыт бірлігі басым жатады. Шығармадағы драмалық уақыт дами келе бірде трагедиялық сипатқа, бірде психологиялық түрге еніп отырады. Көркем шығармадағы уақыт мәселесі туралы айтқанда қызғылықты мәселенің бірі - автордық уақыт. Бұл мәселе әдебиеттану ғылымында әлі де терең зерттеле қойған жоқ.

Осы тұрғыдан келгенде, жалпы атауы «Көшпенділер» болғанымен, әрқайсысы жеке-жеке кезеңдерді суреттеуге құрылған «Амас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» шығармаларына тұтастай көз жіберсек, бес ғасырға жуық қазақ тарихының ара жігін байланыстырып тұрған негізгі күш, арқау жіп авторлық баяндау арқылы түрлі ыңғайда эпикалық туындының қан тамырларына тарап кеткен авторлық уақытты іріктеп немесе жинақтап көрсетуге болмайды.

Эпикалық баяндауда тарих пен бүгінгі тұтасып, бірігіп кетеді. Тарихи шығармаларда суреттеле баяндалатын ғасырлар шежіресі, халық тарихы, оның даналығы, ерлігі, мұң-шері, күрес жолы оқырмандарды еліктіре беретін, тебірентіп әкететін жазушының эпикалық баяндауы арқылы өткен тарих пен бүгінгі тұтасып, бірігіп кететіне куә боламыз. Жазушының толғанысы халық күйімен үндесіп шабыттандырады. Жазушы ел басынан өткен ірілі-уақты оқиғаларды, халықтың сан ғасырлар бойы басынан кешкен шежіресін өз көкірек сарайынан қайта өткізеді. Содан өрбіген ой түйінін көркем туындығы сіңіреді. Бұл орайда көркем шығармадағы авторлық уақыт пен оның табиғатын анықтауда басты қызмет атқарады да, автор өз заманының, өз уақытының перзенті болғандықтан, қандай шығармада болсын туынды дүниеге келген кезеңнің табы түспей қоймайды. Жазушы тарихи кезеңге, оқиғаларға баға беруде әрқашан өз заманының, кезеңінің деңгейінен көрініп отырады. Тіпті жазушының өткен тарихқа ден қоюының, халықтық ерлік шежіресін жыр етуге ұмтылуының өзі айналып келгенде уақыт талабының нәтижесі болып табылады [21; 215].

Соған орай, жазушының жеке толғанысы халық күйімен үндесе әсерге бөлейді. «Жанталастағы» Әбілқайыр ханға байланысты эпизодқа көңіл аударайық. Жазушы Әбілқайырдың Ресей империясының боданы болужөніндегі шартқа қол қоюы, ақыры Барақ сұлтанның қолынан қаза табу жағдайын тарихи деректер ізімен шынайы суреттейді. І.Есенберлин: «Екі жүзділік саясаттың салдарынан ол не қазақ елінің, не орыс патшалығының сеніміне кіре алмады. Ал Орынбор губернаторы Неплюев өз жұртының алдында қадірі кеткен Әбілқайырдан мүлдем құтылуды қарастыра бастады», - дей отырып, жазушы Әбілқайырға берілген туынды дүниеге келген уақыт бағасы, саяси көзқарасты да қатар қойып өрбітеді.

Сол кезде ғылыми зерттеулерде баға да осы мазмұндас болады. Жазушы осындай көзқарас құрсауына ұзап кете алмағн болатын. Тарихи эпопеядағы авторлық уақыттың тарихи уақытпен үндес шығып, оны қазіргі кезеңмен қабысып жататындығы осылайша көрініс табады. Бүгінгі заман рухышығарма табиғатынан кейде айқын, кейде астарлы түрде әрқашан белгі беріп, ондағы бүгінгі заман рухының ашық көрінісі авторлық баяндауларда, кейіпкерлерге берілген сипаттама , мінездемелерде көрініс береді [22; 26].

Тағы бір мысал: І.Есенберлин: «Осындай бір шабуылдан кейін, ызасы кеудесіне сыймаған Әбілқайыр Қазақ ханының жеріндегі Ормамбет бидің ұрпақтарының ауылын шабуға үш түмен қосын мен бақан бойлы, шоқпар

қолды қыпшақ Қобыландыны аттандырады. Бұл атақты Қажымұқан балуанның екінші атасы» - дейді автор.

Соңғы сөйлем бүгінгі оқырманға ғана түсінікті. Ауыз әдебиетіндегі эпостық жырдың кейіпкері Қобыланды батыр ғасыры жыр оқырмандары үшін белгісіз, әйтеуір ерте заманда болғаны ғана көңілде қалған. Ал І.Есенберлин саналы түрде бүгінгі дәуір адамы Қажымұқанды байланыстыра отырып, нақтылыққа барған. Осылайша кейінгі уақыт өлшемін пайдалану әдісі негізгі кейіпкер образын жандандыру үшін де қызмет атқарып тұр.

І.Есенберлин: « ... Орда Базардан қайтып келе жатып, Әбілқайыр екі нәрсені еске алады. Қара Қыпшақ Қобыланды Ақжол биді өлтірсе де, оның қадірін құрта алмауы еді. Бұл жазықсыз ажал бидің атын тірідегісінен де ұлғайта түскендей. Кейде тарих адам атымен осылай ойнайды. Тірісінде жоқ даңқты өлгесін береді. Ақжол би де осындай даңққа ие бола бастаған болатын. Қара Қыпшақ Қобыланды бидің басын алғанымен, оның ұрпақтарға кетеін даіқын жоя алмаған», – деген тұста да автор Ақжол бидің бізге жеткен даңқын тарихи оқиғамен байланыстыра баяндайды.

Жазушының тарихты айта отырып, тіпті дәл бүгінгі күндегі реалы жағдайға соғатын тұстары да кездесіп қалады. Оның өзі кейде нақты кісі аттарына келіп тіреледі. І.Есенберлин: «Мен –өлсем де, менің арманым жетінші ұрпағымызда да қайталанары. Бір әулетім өзім тәрізді батыр ж»не асқан жырау болады», - депті Олжабай өлеңдерінде. Олжабайдың айтқаны келді. Жетінші ұрпағында тағы бір ұл туды. Халық оған арғы басбасының атын берді. Олжас еді, бірақ асқан дарынды, тамашы ақын еді. Келтірілген бұл мысалдарда да жазушының тарихты айта отырып, оның дәл бүгінгі күнгі нақты жағдайға байланыстыра баяндайтын тәсілін көреміз.

Жазушы айтып отырған бұл жолдардан оқырман бүгінгі ақын Олжас Сүлейменовті бірден білетіні сөзсіз. Авторлық уақыттың тарихи романдарда бүгінгі күн жағдайымен бірлікте суреттелетінін айқын сипаттары І Есенберлин романдарында бүгінгі күн жағдайымен бірлікте суреттелетінінің айқын сипаттары І.Есенберлин романдарында осылай байқалып жатады.

Авторлық уақыт қарымы әлдеқайда ауқымды, әлдеқайда кең. Ол шығармада туынды жазылған уақыт бедерін аңдатумен ғана шектелмейді. Авторлық уақыт авторлық баяндауға көрініп қоймай, шығарма кейіпкерінің ауызымен айтылатын хикаяларда да көрініс беріп жатады. Бұған Бұқар жырау айтқан әңгіме естеліктер мысал бола алады. Ол уақыт аралығы алшақтап кеткен тарихи жағдайларды жалғастыруға, уақыт жағынан байланыстыруға қызмет етіп тұр. Ал Бұқар жырау айтқан әңгіме мазмұнында кейіпкер арқылы берілген автор ойын көреміз. Шығарманың қай тұсында да бұл тәсіл айқын айқын байқалып отырады. Мысалы, Бұқардың Абылай түсін жоритын тұстары да осындай авторлық мақсатқа құрылған. Бұқар аузымен айтылатын « ... Үш жүзге хан болады екенсің, бірақ хан атына ие болсаң да халқыңа ие бола алмайды екенсің. Сен өлген күні үшеуі үш жаққа ыдырап кетеді екенсің», « ... Уәлиден шыққан бір тұқымың атың қағазда, ал Қасымна туған бір балаң атағын майданда қалдырса екен», «Ісінді ел ұнатса, үш

жүздің жүрегінде қаласың» деген жолдар автордың ойын демеуге лаж жоқ [23; 31].

«Көшпенділер» шығармасындағы авторлық уақыттың бір көрінісі осындай.

Көркем уақыт мәселесін сөз еткенде, академик Д.С.Лихачевтің кезінде: «Көркем уақыт объективті уақытқа қарағанда, субъективті көрінетін уақытты қолданады. Адамның уақытты түйсінуі, әрине, субъективті. Ол «созыла» берілуі, ал ұзақ уақыттың «жылт етіп» тез өтуі мүмкін. Көркем шығармада уақыттың субъективті қабылданыу шындықты суреттеудің бір ғана қыры болады», - деп жазғанындай, ол көркем туынды да әр түрлі ыормада өмір сүретін субъективті құбылыс [24; 498-493–бб].

Көркем шығармадағы көркем уақытты өмірдегідей сағатпен өлшеп, күнмен белгілеп, ғасырмен мөлшерлеуге келмейді. Оны зерттеудің қиындығы, міне, осында деп ойлаймыз. Ол көркем туындыда әр түрлі формада өмір сүретін субъективті құбылыс.

Біз сөз етіп отырған І.Есенберлиннің тарихи шығармаларындағы географиялық кеңістік атаулары нақты, дәл көрсетіліп суреттеледі. Өйткені қандай да бір әлемдік ұлы оқиғалар нақты географиялық атаулармен байланысты болатыны белгілі. Тарихи оқиғалардың көбі уақыт жағынан да, территориялық-кеңістік жағынан да қашан, қай жерлерде өткені, қандай сипат алғаны, өрістеуі тарихи құжаттардан мәлім. Кенесары бастаған ұлт-азаттың қозғалыстың өткен уақыты мен шарпыған аймағы бұған нақты мысал бола алады. І.Есенберлин өз шығармасында осы нақтылықты сақтай білген. Яғни шығармадағы уақыт пен кеңістік оқиғаның бір-бірінен ажырағысыз бірліктері ретінде сақталған. Тарихи шығармаларда аса қажет болатын кеңістік мәселесіне қатысты нақтылық І.Есенберлин шығармасында айқын көрініс тапқан [25; 118].

«Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогияларындағы кеңістік аумағы тек сюжеттік оқиғалар өтетін географиялық ұғымдармен ғана шектелмей, өзге жұрт, өзге елмен тығыз қарым-қатынасқа түскен сипаты да мол қамтылады. Уақыт мәселесі тәрізді, шығармалардағы кеңістік ұғымы да ауқымды да күрделі проблема екені шындық. Әбілқайыр билігінде аумақты, Әбілқайыр заманындағы Ұлы Дешті Қыпшақ даласының шеңбері сипатталатын мына бір тұсқа назар салайық: І.Есенберлиннің он томдығының алтыншы томында: «Бұл мезгіл сонау Соғды жері мен Еділ өзенінің жағасына дейін, Ұлы Дешті Қыпшақ даласын жайлаған түркі тұқымдас елдердің екіге бөліне бастаған шағы еді. Шаруашылығына қарай Мауреннахр деп аталатын Жейхун мен Сейхун (Амудария мен Сырдария) дарияларының ортасында тұратын түркі руларының көбі көшпелі ирандықтар, өзі тәрізді егіншілікпен шұғылданатын отырықшы соғды елімен қауымдасып, өзбек халқының іргесін қалай бастаған. Ал сейхун дарияның орта шенінен төмен қарай сонау Еділ, Жайықтың арғы бетіне дейін көшіп жүрген түркі тұқымдас рулар, өзі тәрізді мал бағатын, Жетісу бойындағы көне заманнан келе жатқан Үйсін, Дулат, Жалайыр, Қаңлы тәрізді көптеген

салты мен дәстүрі бір рулармен бірігіп, қазақ деген ел болсақ деп талпынады»

Ел мен елдің арасындағы шекаралық бөлік сызып қойғандай айқын суреттелмейді. Өйткені көркем шығарма ғылыми еңбек емес. Ол кезеңдегі тарихи ұғым да бөлек болатын. Аралыққа ала баған қойып, шекара белгіленген қазіргі заманғы түсінік ол кезеңде жоқ болатын. Белгілі бір географиялық аймақты мекендеп отырған халық кімге бағынса, жер сол елдікі болып есептелетін. Дәл осындай нақтылық «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» романдарында да айқын көрінеді. Автор ондағы ел, жер атауларын сол кездегі көне атаулармен беруге тырысады. Бұл орайда автор кеңістік ұғымына да тарихи тұрғыдан келіп, сол кездегі атаулар жайында түсінік беріп отырады. Сонымен қатар, мүмкіндігінше нақты реальді сипат беруге тырысады. Алайда қазақ тәрізді елдің өткен тарихы соңына нақты деректерді тым ал қалдырған. Жазу-сызу сан рет өзгерген, тастан қойылған ескерткіштері мен тұрғызған қалалары талай рет тас-талқан етілген. Содан барып бірыңғай көшпелі өмірді бастан кешіріп келген халықтың көне тарихы, ескі қонысы жайлы мәліметтер өте селдір екені тағы да белгілі.

Осыған орай «Көшпенділердің» алдыңғы кітабында аумақтық нақтылық көбіне тым жалпы болып келеді. І. Есенберлиннің он томдықтағы алтыншы томында: «Моғолстан! Бұл бір Әбілқайырдың әзірге тісі бата алмай келген, көлденендігі мен ұзындығы жеті айлық кең алқап, күншығыс жағы қалмақжерімен шектесетін Барыс көл, Алтын Емел, Ертіс өзендерімен бітеді. Солтүстігіндегі Көше теңіз (осы күнгі Балқаш көлі) бен Қаратал өзені жатыр. Күнбатысында Ташкент пен Түркістан, Оңтүстігі Қашақар, Ферғана уалаяты мен Шығыс Түркістандағы Турфан қаласы».

Әрине, бұл сипаттауға қарап Моғолстан шекарасын дәл анықтау, сызық белдеуін дәл көру мүмкін емес, тек қиялмен ғана елестетуге, мөлшерлеуге болады. Мұнда нақтылықтан гөрі болжамға, жалпылыққа иек артқан сипат жатыр.

Ол сюжет кұруда көркем қиялға көбірек ерік беретін тұспен астасып жататын құбылыс. Яғни мұнда кеңістік мәселесі шартты түрде алынады. Мәселен романдағы «Бұлар (Әбілқайыр хан тобы! Арада бір қонып, келесі күні Ұлытаудың солтүстігіндегі Кіші таумен жалғасып жатқан Арғанаты құз асуларына келіп, қостарын тікті», - деген жолдардан сондай шартты түрде алынған кеңістікті көреміз.

Соғант орай, «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік» еңбегінің авторы Қ.Алпысбаев: «Алмас қылыштағы» кеңістік ауқымы басқа романдарға қарағанда әлдеқайда кең деуге болады. Өйткені Дешті Қыпшақ аталған алып империяның шектесетін, қарым-қатынас жасап аралас-құралас болатын елдері де, қақтығысып-соқтығысып отыратын халықтар да мол болатын. Сондықтан жазушы кеңістікті сол кездің саяси-тарихи жағдайына қарап орайластырған. Бұл жалпылыққа әкелген жаз – жайлауға, қыс қыстауға мыңдаған шақырым көшетін өмір тірегі географиялық кеңістік болатын халықтың әлеуметтік тұрмысын көрсету

мақсаты еді. Соған орай, «Алмас қылышта» автор арғы көне тарихқа көбірек оралып, Шыңғыс хан дәуірін, Шыңғыс ұрпақтары билеген ұлан-ғайыр аумақты әңгіме шеңберіне сыйғызады. Ұлан-ғайыр шексіз даланы Еуропа түпкіріне дейін ат тұяғының астына таптатқан, сан елді бас игізген Бату жорықтары да, Қыпшақ, Үйсін т.б. көне тайпалардың қмсапсыз шайқастары да трилогиядағы қамтылатын кеңістік ауқымын көрсететінін шындық екені ешкімнің дауы жоқ деп ойлаймыз [26; 86].

I.Есенберлин де бұл шартты өз шығармасында берік ұстанып, кеңістік ауқымын барынша дәйкетілікпен ашып, тарихи шындық шеңберінен шығуға тырысады. Шығармадағы мына мысалды қарастырып көрелік. « Исан Бұғы хан Жәнібек пен Керейге қонысқа Моғолстан мен Түркістанның шекарасында жатқан Шу, Сарысу, Талас өзендерінің жағалауы мен Балқаш көліне келіп құятын Қаратал өзенінің бойын береді. Сөйтіп, қазақ рулары Моғолстаннан солтүстік, солтүстік-батыс шеті мен Көкше теңізінің Шумен қатарлас тұсына ие болады» деген жолдары тарихи деректермен салыстыра қарағанда дәлме-дәл келіп шығатыныны байқауға болады.

Трилогиядағы негізгі кеңістік бірлігі бірден-бірге нақтылана түседі. Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кеңістік өлшемі сол ел мекен еткен төңіректе, былайша айтқанда, қазақ халқының жер үшін жүргізген шайқастарымен тығыз байланысты өрістеп отырады. Романдағы үзіндіде: «Тағы үш жылдан кейін Керей қайтыс болуы, Жәнібекті хан етіп ақ кигізге көтергенде, қазақ рулары бастап, бірігіп Шу, Талас, Сарысу бүкіл Көкше теңіз бойын, Дәшті Қыпшақтың солтүстігіндегі Есіл, Нұра, тобыл өзендеріне дейін тегіс алып болған еді. Осы жердің солтүстігін жайлауы, оңтүстігін қыстауы етті. Елдің елдігін, ердің ерлігін көрсететін заман туды» [27; 312].

Роман соңында қазақ жері өз іргесін әбден кеңейтіп әрі тұрақтанады. Осы елдің тұрақты мекеніне айналған жердің кейінгі тағдыры, сол жер үшін шайқас, жанталаса арпалысқан сәттер, қиын тағдырлар сипаиы «Жанталас» пен «Қаһардағы» негізгі желі болып өрістейді. «Жанталаста» суреттелтін негізгі оқиға жер үшін, ел үшін шайқас, Отан қорғау мәселесі. Негізгі қауіп шығыс жақтан, жоңғарлардан болатын. Сондықтан оқиға өтетін орын мен кеңістік те осылай ауысқан.

Алайда елдің басқа аймағы да жазушы назарынан тыс қалмай, қазақ даласының төрт бұрышы роман сюжетіне қарай толық көрініс беріп отырады. Сондай-ақ батыстағы көрші – Россия мен шығыстағы көрші - Қытай аралығындағы жағдай да қағыс қалмайды. Негізгі оқиға Кенесары бастаған халық көтерілісі шарпыған аудандарда өтетін «қаһардағы» кеңістік көлемі нақтылана түседі. Романда нақты көрініс табатын қозғалыстың Орталық қазақстан, одан батыс, Жетісу жеріне қарай орын алмастыруы өмірлік шындықпен, құжаттық ақпараттармен сәйкес келеді [28; 498].

Автордың қазақ халқының жаз – жайлауға, қыс қыстауға мыңдаған шақырым көшетін өмір тірегі географиялық кеңістік болатын халықтың әлеуметтік тұрмысын көрсету мақсаты. Соған орай, Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылышта» автор арғы көне тарихқа көбірек оралып, Шыңғыс хан

дәуірін, Шыңғыс ұрпақтары билеген ұлан-ғайыр аумақты әңгіме шеңберіне сыйғызады. Ұлан-ғайыр шексіз даланы Еуропа түпкіріне дейін ат тұяғының астына таптатқан, сан елді бас игізген Бату жорықтары да, Қыпшақ, Үйсін т.б. көне тайпалардың қисапсыз шайқастары да трилогиядағы қамтылатын кеңістік ауқымын көрсететініні шындық екенін мәлімдейді. Соған орай, автор бұл шартты өз шығармасында берік ұстанып, кеңістік ауқымын барынша дәйкетілікпен ашып, тарихи шындық шеңберін шынайылықпен бейнелеуге тырысады[29; 201].

Шығармадағы мына мысалды қарастырып көрелік. «Исан Бұғы хан Жәнібек пен Керейге қонысқа Моғолстан мен Түркістанның шекарасында жатқан Шу, Сарысу, Талас өзендерінің жағалауы мен Балқаш көліне келіп құятын Қаратал өзенінің бойын береді. Сөйтіп, қазақ рулары Моғолстаннан солтүстік, солтүстік-батыс шеті мен Көкше теңізінің Шумен қатарлас тұсына ие болады» - деген жолдары тарихи деректермен салыстыра қарағанда дәлме-дәл келіп шығатыныны байқауға болады [30; 12].

I. Есенберлиннің трилогиялық шығармаларында негізгі кеңістік бірлігі бірден-бірге нақтылана түседі. Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кеңістік өлшемі сол ел мекен еткен төңіректе, былайша айтқанда, қазақ халқының жер үшін жүргізген шайқастарымен тығыз байланысты өрістеп отырады.

Мәселен тарихи романдағы «Тағы үш жылдан кейін Керей қайтыс болуы, Жәнібекті хан етіп ақ кигізге көтергенде, қазақ рулары бастары бірігіп Шу, Талас, Сарысу бүкіл Көкше теңіз бойын, Дешті Қыпшақтың солтүстігіндегі Есіл, Нұра, тобыл өзендеріне дейін тегіс алып болған еді. Осы жердің солтүстігін жайлауы, оңтүстігін қыстауы етті. Елдің елдігін, ердің ерлігін көрсететін заман туды»- деген үзіндіні алсақ, мұндағы тарихи оқиғаның маңызды шынайылығын ашу мақсатында уақыт пен кеңістік ұғымының болуы міндетті деп ойлаймыз [31; 25]

Шығарма соңында қазақ жері өз іргесін әбден кеңейтіп әрі тұрақтанады. Осы елдің тұрақты мекеніне айналған жердің кейінгі тағдыры, сол жер үшін шайқас, жанталаса арпалысқан сәттер, қиын тағдырлар сипаиы «Жанталас» пен «Қаһардағы» негізгі желі болып өрістейді. «Жанталаста» суреттелтін негізгі оқиға жер үшін, ел үшін шайқас, Отан қорғау мәселесі. Негізгі қауіп шығыс жақтан, жоңғарлардан болатын. Сондықтан оқиға өтетін орын мен кеңістік те осылай ауысқан.

Жоғарыда айтып кеткендей реальді тарихи шығармалармен қатар тарихи аңыздарда да кейде оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан бағаланады. Яғни, елде болып кеткен оқиғалар мен фактілердің, өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес болуын қалап, солай баяндайды, солай етіп көрсетеді. Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, көп уақыт өткендіктен оқиғаның қалай болғанын дәл білмегендіктен болады, екіншіден, оқиғаның бұрынғы өткен замандағы уақыт пен кеңістіктің аясында болған шындықтың көрініс табуын шеберлікпен көрсете білу басты мақсат болып саналады.

Ойымызды қорыта келе, көркем шығармадағы кеңістік аумағы реальді кеңістіктен басқаша, автордың ырқымен жасалған өзінше өзгешелеу кеңістік. Өйткені шығармадағы кеңістік бірлігі сюжеттік оқиғаға қарай өзгеріп отырады. Бұл орайда көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік бірлігін бір – бірінен бөле-жара қарау қиын, өйткені кез келген кеңістікті тарихи тұрғыдан нақты суреттеу үшін оны сол уақыт шындығымен өлшеу шарт. Яғни көркем уақыт пен кеңістік бірлігі автордың философиялық көқарасымен астаса отырып, шығарманың бүкіл образдық жүйесін құрайды. Сюжеттік кеңістік бірлігі де түптеп келгенде автордың тарихқа деген тұжырымдамалық көзқарасының жемісі. Уақыт мөлшері қаншалықты кең болса, кеңістік өлшемі де соншалықты ауқымы. Автор тарихтағы кезеңдік оқиғаларды іріктеп, сұрыптап пайдаланса, кеңістік мәселесіне де сол тұрғыдан келеді. Елдік үшін болған шайқастар шығармадағы жер үшін болған күреспен теңеледі. Яғни шығармадағы уақыт пен кеңістік бірлігі ажырағысыз бірлікте өріледі.

2.2 Уақыт пен кеңістіктің ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс табуы

Фольклор – ағылшын сөзі. Халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Фольклор дүние жүзіндегі халықтардың бәрінде бар. Ал халықтың ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайтыны бәрімізге мәлім.

Қазақ ауыз әдебиеті жанры жағынан да, мазмұны жағынан да әртүрлі болып келеді. Солардың арасында ерекше орын алатыны тарихи жыр. Жалпы ауыз әдебиетінің қандай түрін алатын болсақ, белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтетін оқиғалар тарихилық сипатқа ие. Тіпті миф те, ертегі де белгілі бір тарихи уақыт пен кеңістік ауқымында өтеді.

Ауыз әдебиетінің өзі – тарихи құбылыс, ол өзгермелі. Бұлардың бәрі тарихтың белгілі бір кезеңіндегі уақыт пен кеңістік аясында өтуге тиіс, сол дәуірдің жемісі, адамзат мәдениетінің даму жолындағы сатысы деп деп тануылуы қажет. Ауыз әдебиеті шығармалары адам тіршілігімен тікелей байланысты, сол себепті ол адам өмірінің нақтылы бір мекеншактық аясында өтетін өмір кезеңдерін бейнелейді, шаруашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан мәлімет береді.

Фольклордың тарихын танып-білу үшін, фольклорлық деректерді ғылыми зерттеулерге енгізу және пайдалану үшін – уақыт пен кеңістік сияқты ұғымдардың аясын анықтап алу қажет. Себебі қандай да болмасын тарихи оқиға, тарихи тұлға белгілі бір кеңістікте, уақыт шеңберінде өтеді, өмір сүреді. Тек бір ескеретін мәселе – біздің кеңістік пен уақыт туралы түсініктеріміз ертедегі өткен ата-бабаларымыздың ұғымдарымен сәйкес емес, көп жағдайда керісінше болып. Түркі-моңғол көшпелілерінің өмір сүрген уақыты циклдык заңдылықтарға бағынады. Мысалы, он екі – мүшел туралы ережелер, немесе уақыт шамасын тарихи тұлға арқылы немесе өткен оқиға

тұрғысынан қабылдайды. Ал біздің қолданыстағы уақыт есебі линейный, немесе бір бағытта дамитын жыл есебінен бастау алады. Соңғы уақыт мөлшері Еуропалық қоғамдарға тән, сол ортада қалыптасқан мәдени-цивилизациялық дамудың көрсеткіші. Қазіргі уақытта біздің ғылыми зерттеулеріміздің тәртібі мен әдістемелік нұсқасы батыстық, яғни Еуропалық үлгілерге бағынышты болғанымен, тарихи оқиғаларды зерделеу барысында дәстүрлі түсініктерді, анықтап алу қажеттілігі бар. Қазақ тарихының XV-XVII ғасырлардағы барысы ежелгі түркі-моңғол көшпелілерінің салып кеткен сара жолынан ауытқыған жоқ. Табиғи ортада, ел шаруашылығы да, материалдық және рухани дамуда негізгі көшпелілік дәстүрлеріне бағынышты болды. Олай болса XV-XVII ғасырларда болған оқиғалар мен өмір сүрген тарихи тұлғаларды зерттеу үшін біз көшпелілердің тарихи кеңістік пен уақыт туралы түсініктерін пайдалануымыз керек.

Уақыт пен кеңістік ұғымдарының ұлттық сипаты алдымен фольклорда сақталған. Фольклор табиғаты эстетикалық талаптарға бағынышты - қашанда көркемдік ауанында оқиғаның нақты, дәл межесінен ауытқып шығып кетеді. Дегенмен, фольклор оқиғаның, немесе тарихи тұлғаның нақты, өзіндік бағасын береді. Бұл мәселені жазба деректерінен қанша іздесек те таба алмаймыз. Егер жазба әдебиетінде оқиға немесе тарихи тұлғаға қатысты бағалар мен қорытынды пікірлер кездесе де одан субъективті көзқарас иісі аңқып тұрады. Себебі жазба дерек беруші тарихшылардың көпшілігі қазақ этномәдени құндылықтарын терең сезінбейтін, өзге елдің мәдениет өкілдері. Сонымен фольклордың осал да, мықты да жағы бар екені анық. Бұл тұрғыдан тарихи фольклор деректері белгілі бір уақыт межесіндегі мемлекет пен ел тарихын емес, оның қоғамдық-әлеуметтік табиғатын, этностық ерекшеліктерін ашуға ыңғайлы.

Дегенмен тарихи әдебиеттегі эмпирикалық деректер жазба әдебиетіндегі нақты уақыт межелерімен толыға келе зерттеуге негіз бола алатыны айқын. Егер зерттеулер осы негізде іске асырылып жатса, онда фольклор мен шындықтың өзара салыстырмалы деңгейін анықтап алып, тиянақсыз пікірлерден бой тарта аламыз.

XV-XVII ғасырлардың тарихын сипаттау үшін тарихи эпостарға сүйену қажеттілігі анық. Жоғарыдағы желілерде біз батырлық жырларының бірнеше кезеңге бөлінетінін айтқанбыз. Оның ішінде Ә.Марғұлан алты кезеңге бөлсе, ал Ә.Қоңыратбаевтың жүйесінде он кезеңге бөледі. Біз зерттеп отырған дәуірді тарихи жырлардың екі үлкен тобы – ноғайлы батырларының жырлары және қазақ-жоңғар соғыстарында атақтары шыққан батырлардың өміріне, ерліктеріне арналған жырлар суреттейді.

Қазақ эпосының ең қомақты бөлігі –ноғайлы батырларының жырлары. Олардың мазмұнынан Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейінгі саяси-әлеуметтік сарындарды жақсы сезінгенмен белгілі бір этносты [өзбек, қазақ, ноғай, қырғыз, қарақалпақ т.б.], немесе нақты уақытты аңғару қиын. Себебі ноғайлы жырлары аталатын циклдық дүниелер жоғарыда аты аталған этностардың бәріне де тән дүние. Екіншіден, оларда баяндалатын уақиға да

дәл осы жылы болды деп көрсетілмейді. Дегенмен оқиғалардың кеңістігі ұлы даланы толық қамтығандықтан шартты түрде біздің қазақтың да сол заманға, сол саяси оқиғаларға қатысы бар деп есептейміз. Ең бастысы, ноғайлы жырларынан көшпелілердің соңғы империялық одағы ыдырағаннан кейін пайда болған ахуалды, жеке ұлыстардың мемлекет құру жолындағы күресін, елдің арман мүддесін сезінеміз.

Ноғайлы жырларында уақыт межесі: «кешегі өткен заманда, дін мұсылман аманда» [Қобыланды, Алпамыс] кеңістік шекарасы: жырлары, «Ноғайлының елінде, Жиделі байсын жерінде» деген сияқты эпитеттермен беріледі. Қамбар батыр жырында негізгі оқиғаның болған жері Қырым делінгенмен «қазақ пен қалмақ, ноғайлы, ел болып жатқан құрала» деп Орталық Азияны мекендеген елдердің аттары аталады. Ноғайлы жырларында Алтын Ордадан кейінгі ыдырау уақыты «он сан ноғай бұлгенде, Орманбет хан өлгенде» деп белгілі бір саяси оқиғаларға иек артқанымен, оның нақты мерзімі аталмайды [32; 255]. Ер Тарғын жырында тіпті «Ертеде қырғыз заманында» деп басталатын жолдары бар, оның Енесай қырғызына, немесе Алатау қырғызына қатыстылығын аңғару қиын.

Ноғайлы дәуірі аталатын тарихи кезең дүбәрә шақты суреттейтіні сөзсіз [33; 320].

Бұл уақытта дала көшпелілері әлі де Алтын Орданың саяси орталығы Еділ бойынан алыстап кете қоймаған болса керек. Қазақ жерінің қандай бір қиыр түкпірін метсе де мемлекет мүддесін ойлаған ел азаматтары Еділ бойындағы саяси оқиғаларға ат салысып, қатысып отырған. Оның бір мысалын «Шора батыр» жырынан да аңғарамыз:

Қазынан Қазанды
Кәпір алды деген соң
Анығын оның білген соң,
Мұнда нәғылып шыдайын
Қазанда бар арулар
Өзімді-өзім сынайын
Қазанды кәпір алған соң
Бармай қайтып тұрайын[34; 80].

Шора батыр жырында баяндалатын оқиғалар жазбаша деректерден де көрініс тауып жатыр. Қазанды Ресейдің Қаһарлы Иван тұсында жаулап алғаны ақиқат екені рас. Олай болса бұл жыр XV ғасырдың ортасында Қазақ жерінің солтүстік пұшпағында болған оқиғалардан хабар береді деп айта аламыз.

Эпосты тудырған дәуір бейнесі тұтастай шығарманың болмыс-бітімінен келіп шығады. Батырлық жырдағы «бұрынғы заман» халық санасына терең ұялаған, ел-жұртқа айрықша дәуір. Ол - қасиетті бабалар уақыты, батырлардың реалды түрде тарихта болған мерзімі. Сюжет белгілі бір эпикалық дәуірге арналған. Қазақтың батырлық жырларының ұзын-ырғасына көз жіберсек екі түрлі эпикалық дәуірді байқауға болады.

1. Ноғайлы дәуірі (XIV ғасыр).

2. Жеке ұлыстар аясындағы дәуір (XV ғасыр).

Эпоста бір көңіл аударатын мәселе –кеңістік. Эпос әлеміндегі эпикалық уақыт мәселесімен қатар эпикалық кеңістікке де көңіл аударған Ш.Ыбраев кеңістікті эпостың көркемдік заңдылықтарына бағындырылған ұғымдарының бірі деп қарайды. Зерттеушінің айтуынша бұл бағыттағы ізденістерді екі түрлі мақсатқа бағындыруға болады. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз, жер атауларының бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері[36; 121б].

Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты, уақытпен өрлесуі, кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі.

Кеңістік: «Жеті тауға шыққан соң,
Жеті таудан өткен соң,
Жеті қырды асқан соң»

Немесе «Ол барып жатыпты, Манан деген суына, Балқан деген тауына» деп келеді. Эпостағы тау міндетті түрде ситуациялы, ол жерде батырдың қиындықпен кедергіге ұшырауы қалыптасқан типтік жағдай. Мәселен, «Қаршығасын көтеріп, көліне Нудың жөнелді» [Қамбар], «Жаз жайлауы Көзді көл, Қыс қыстауы Қараспан, Қараспан көкке таласқан» немесе

«Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол кешті-ау,
Түйе мойнақ иір тау,
Қыземшекті иір тау,
Атасу мен Манақа
Мал оттауға оты ащы»[37; 24]

Тарихи эпостардағы кеңістік ұғымдары шартты түрде екіге бөлуге келеді. Біріншісі – жалпы көшпелілер мекені, олардың қасиетті қонысы – Жиделі байсын, Еділ-Жайық, Жер Ұйық. Бұл атаулар белгілі дәрежеде философиялық, эстетикалық астарлы, дүниетанымдық тұрғыдан шексіздікке сай жерлерге қолданылады. Екіншісі саласы –нақты топонимиялық атаулар. Оларда қазақ жерінде кездесетін үлкенді-кішілі өзен, көл, тау, тас барлығы да көрініс табады.

Егер XV- XVII ғасырлардың көшпелі ұлыстары ұстанған дүниетаным мен құндылықтар тұрғысынан келсек, әрине жалпы атаулардың орыны зор. Олардың қалыптасуын, қолдануын бұл тұрғыдан зерттей түсу керек екені аян.

Екіншіден, ауызша дәстүр «хронология» мен «прогресс идеясын» мойындамайды. Оның баяндауында оқиғаның уақыты емесе, көне заманда пайда болған әрбір әдет-ғұрып, әлеуметтік институттар ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаған күйде беріледі. Ауызша дәстүр уақыт мөлшері

циклдық уақыт мезгілдері, немесе кезеңдік патшалық еткен көзбен анықтайды. Бірақ, бұл уақытты анықтау дәстүрдің дәлдігін айқындамайды.

Мәселен, Месопотомия, Египет, ежелгі Рим мен Греция елдерінің көптеген мемлекет тарихы жөніндегі жазба деректерінде де «хронология» орын алмаған. Европада христиандық жыл санау уақытында да тарихи дамудың көне кезеңдері циклдық, есте жоқ ерте замана жөнінде түсінік көпке дейін жасады. Христиандық жыл санау кезеңінде прогресс идеясы тысқары қалған. Мұндай жағдайда, ауызша тарихи дәстүрдің көптеген көне және ортағасырлық деректерден айырмашылығы шамалы.

Үшіншіден, оқиғаның халық жадында сақталу мүмкінділігінен күмән тудыратын жағдайлар барын аңғаруға болады. Адам үш-төрт ұрпақ оқиғаларын есте сақтап айтып бере алады. Бірақ, соңғы тарихи психологиялық зерттеу еске сақтау жадының әлеуметтік құрылымда өзгеше екенін көрсетіп отыр. Өйткені ұрпақ жазбаларын игерген кәзіргі адам жадысы мен ауызша мағлұматтарды сақтаушы және ұрпақтан ұрпаққа табыс етуші [информация беретін жалғыз дерек] адам жадысымен теңестіруге болмайды. Жазу пайда болғаннан бастап, адам миы, белгілі бір дәрежеде артық ойлау жүгінен арылды.

Ең бастысы ауызша және жазбаша деректер көп жағынан ұқсас. Осы орайда Я.Вансина «в устной традиции мы видим всегда совокупность направленных и ограниченных знаний – этого так же справедливо для источников письменных», - деп ауызша дәстүрдің құндылығын арттырады[38; 97].

Прогресс идеясының болмауы эволюцияның ерекше түсінігімен байланысты. Халық институттары, әдет-ғұрыптар, мәдени тұлғалар өзгермейді деп сенген. Бұдан халық санасында сакральды тұлғалар ерекше сақталғанын байқауға болады.

Тарихи эпостағы уақыт пен кеңістік ұғымдары әлі де зерттей түсуді қажет ететін күрделі мәселе. Оны шешудің бір жолы, біздің ойымызша, әр жырды жеке-жеке зерттеу объектісіне айналдырып, оның мазмұнындағы уақыт пен кеңістікке байланысты ұғымдарды болған оқиға, адам аттарымен салыстыра қарау көптеген мәселелердің басын ашар деген ойдамыз.

Қорыта келе, фольклор саласында кеңістік пен уақыт ұғымдарының мәселелері қазақ халқының сан ғасырлық қазақ әдебиетінің тарихында алатын орны ерекше екені бәрімізге мәлім. Соған орай, жаһандану дәуірінде әдебиет әлемінде кеңістік пен уақыт ұғымдарының өзектілігі арта түсуде. Себебі, әрбір мәдениет, өркениет, тәуелсіз мемлекет болып саналады. Сондықтан этникалық қауымдастық өзінің уақыты мен кеңістік болмысын барынша сұрақсыздандыратын, рухани аймағын сүреңсіздендіретін жаһандық үрдістерден шынайы кейіпте қорғанғысы, рухани құндылықтарын сақтағысы келеді. Бұл мақсатқа жету үшін қазіргі кезде кеңістік пен уақыт ұғымдарының көркем әдебиеттегі танымдық тұрғыдан талдануы ғылыми мәртебеге ие бола бастағанынан байқалады.

Халық ауыз әдебиеті әр дәуірдегі уақыт пен кеңістікке тарихына байланысты қоғам өміріне сәйкес өзгеріп, тарихи тұтастанудан өтіп отырады. Соның нәтижесінде фольклор саласына қатысты шығармалар да өзгеріп отырады. Бұл айтылған пікірлер ауыз әдебиеті үлгілерінің барлық жанрында бірдей емес. Әр ауыз әдебиеті үлгілері жанрының өзіндік қасиеттері, оның, шығарманың тарихилығына әсер етеді. Мұны, мәселен, батырлық жыр мен тарихи жырдың табиғатынан байқауға болады. Екеуінде де нақтылы бір уақыт пен кеңістік аясында тарихи негізі бар. Бірақта олар бірдей де, біркелкі де емес [39; 214].

Ш.Уәлиханов халық ауыз әдебиетінің тарихи шығармаларын жинап, олар туралы аса маңызды пікір айтып, зерттеулер қалдырғаны белгілі. «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары мен әңгімелері» атты еңбегінде қазақ ауыз әдебиетінің тарихи элементтері сол кездегі уақыт пен кеңістік белгілері молынан орын алады. Ол шежірені, аңыз-әңгімені де фольклорлық тарихи шығарма ретінде қарастырды. Шоқан – қазақ фольклорында тарихи аңыз бен әңгімелердің ертедегі тарихи кеңістік пен уақыттың аясында өтетінін бірден баайқаған болатын Себебі, аңыз, шежіредегі кейбір тарихи деректер оқиғаның шынайылығын растайды. Осы шежіре, аңыздағы тарихи жылдар мен географиялық орындардың белгілісі арғидік кездесіп тұратыны айтқан болатын. Соған орай, Шоқан бірталай өзі жазып алған эпикалық түрдегі тарихи фольклордың нұсқаларына осы тұрғыдан ғылыми талдау берген деуге болады[40; 413].

Тарих пен ауыз әдебиетінің ара-қатынасында өзіндік сипат мол. Мәселен, тарихи өлең көне заманнан бері халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан жанр. Соған орай, түрколог-ғалым Ш.Ыбыраевтың: «Халық нақтылы бір мекеншақтық кезеңде басынан өткен оқиғалардың барлығы да тарихи өлең туғызып отырған. Бірақ сол өлеңнің көбісі біздің дәуірімізге дейін түгел жетпеген. Оның үстіне тарихи өлеңнің бірте - бірте басқа жанрға – тарихи жырға, одан батырлар жырына айналып кететінін де ескеру керек» - деп өз еңбегінде айтып өткен болатын [41; 165].

Соған орай, «Қазақ эпосындағы» баяндалатын оқиғалар туралы Р. Бердібаевтың тұжырымын айта кетсек: «Сонау түркілер мен қызылбастар, қараханидтер мен моңғолдар, қалмақтар мен қоқандықтар дәуіріндегі уақыт пен кеңістік аясында болған оқиғалар тарихи өлең туғызбады дейсің бе деген ойға келесің. Әрине, туғызған болатын. Бірақ оның біразы ұмытылды. Біразы Алпамыс, Қамбар, Тарғын сияқты батырлар туралы жырлардың ішінде жүр. Олай болса мәселені басқаша қою керек. Мұндай дұрыс емес келеңсіздіктер орыс тіліндегі тарихтарда өзіндік мерзімі мен мекені де дұрыс шешілмеген» - деп өзінің пікірін осылай тұжырымдаған болатын [42; 164].

Фольклордың тарихын танып-білу үшін, фольклорлық деректерді ғылыми зерттеулерге енгізу және пайдалану үшін –уақыт пен кеңістік сияқты ұғымдардың аясын анықтап алу қажет. Себебі қандай да болмасын тарихи оқиға, тарихи тұлға белгілі бір кеңістікте, уақыт мөлшерінде өтеді, өмір сүреді.

Қазақ тарихының XV-XVII ғасырлардағы барысы ежелгі түркі-моңғол көшпелілерінің салып кеткен сара жолынан ауытқыған жоқ. Табиғи ортада, ел шаруашылығы да, материалдық және рухани дамуда негізгі көшпелілік дәстүрлеріне бағынышты болды. Олай болса XV-XVII ғасырларда болған оқиғалар мен өмір сүрген тарихи тұлғаларды зерттеу үшін біз көшпелілердің тарихи кеңістік пен уақыт туралы түсініктерін пайдалануымыз керек.

Уақыт пен кеңістік ұғымдарының ұлттық сипаты алдымен фольклорда сақталған. Фольклор табиғаты эстетикалық талаптарға бағынышты -қашанда көркемдеу шеңберінде оқиғаның нақты, межесінен ауытқып шығып кетеді. Дегенмен, фольклор оқиғаның, немесе тарихи тұлғаның нақты, өзіндік бағасын береді. Мұндай шынайы дерек беру үшін автор немесе жырлаушы, айтушы уақыт пен кеңістік межесін таңдау керек. Мұндай құбылыс автордың шеберлігіне де байланысты болып келеді. Себебі кез келген шығарманың қатпарлы көріністерін көрсету үшін уақыт пен кеңістік аясы да сәтті сәйкес келуі керек. Сонда ғана шығармалар сюжеті қызықты, тартымды әрі шынайы болып шығады.

Жалпы жазба әдебиетінде оқиға немесе тарихи тұлғаға қатысты бағалар мен қорытынды пікірлер кездесе де одан субъективті көзқарас иісі аңқып тұрады. Себебі жазба дерек беруші тарихшылардың көпшілігі қазақ этномәдени құндылықтарын терең сезінбейтін, өзге елдің мәдениет өкілдерінің болуы себебінен дейміз. Жалпы фольклор саласындағы шығармалар көбінесе мемлекет, ел тарихын емес, халықтың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік табиғаты, этностық ерекшеліктерін ашуға ыңғайлы болып келеді.

Дегенмен тарихи әдебиеттегі деректер жазба әдебиетіндегі нақты уақыт межелерімен толыға келе зерттеуге негіз бола алатыны айқын. Егер зерттеулер осы негізде іске асырылып жатса, онда фольклор мен шындықтың өзара салыстырмалы деңгейін анықтап алып, уақыт пен кеңістік межесін айқындау арқылы нақты көрсетуге мүмкіндік бар. Себебі кез келген шығармадағы уақыт авторлық оймен үндестік таба отырып, уақыт-туындының тұтас тұжырымдамасымен, күрделі сюжеттік, композициялық құрылыммен, баяндау түрімен тікелей байланыста жүзеге асатын құбылыс. Сондықтан романның, прозаның, фольклордың жанрлық-композициялық ерекшеліктері көп жағдайда суреттеліп отырған оқиғаның уақыт ауқымының көркемдік игерілуі тәсілдеріне байланысты болып келеді. Бұл құбылыс тарихтың аса мәнді деген тым қысқа бір кезеңін шығармаға, атап айтқанда шығарма желісіне айналдыру. Осы уақыт жағынан тым қысқа, алайда тарихтың ағысын өзгертуде аса маңызды рөл атқарады.

Себебі тарихи уақыт аса кең арнада алынады, оның ауқымына ондаған жылдар, сандаған ғасырлар сыйғызылып, халық тарихының әр түрлі кезеңдері көрініс табады. Тіпті мұндайда суреттеліп отырған уақыт шегін айқындау мүмкін болмайды деп санаймыз.

Мәселен, «Алтын Орда», «Көшпенділер» трилогияларындағы уақыт межесін шегініс арқылы (ретроспекция) XIII-XIX ғасырдағы тарихи

көріністерге алып келетін болсақ, қазақ халқының тарихы деп айтуға болатын сияқты. Бірақ ол шындыққа сәйкес келеді ме? Соған орай автор кейіпкерлердің сөздері, ойлары арқылы өткен дәуірдің тарихи белгілерін сонау көне заманға, яғни Қыпшақ, Сақ, Үйсін көрінісіне алып келеді. Көне түркілер заманына саяхат жасатады.

Ал, авторлық көзқарасты ашық білдіру үшін оны қазіргі кезеңге проспекция (грек тілінде алға шығу) алып келеді. Сондықтан да ол қай шығармалар болса да (роман, проза, поэзия) болсын уақыт қолданыс мәселесі аса көп қабатты күрделі процесс болып саналады.

Осы тұрғыдан қарасақ, фольклорлық проза жанрларында да осы құбылысты байқауға болады. Ол елдің өткен тарихынан, өмірінен мағұлмат береді. Осы аңыздар арқылы кеңісік және тарихи уақыт туралы білімі кеңейтіледі. Себебі аңыз халықтың өзі айтып берген нақтылы бір кеңістікте және нақтылы бір уақытта өткен ауызекі тарихы десе де болады. Олай дейтініміз – қазақ тарихында аты белгілі қайраткерлер мен ірі оқиғалардың аңызда айтылмайтыны жоққа тән.

Қазақтың жеке ел болу тарихында үлкен рөл атқарған Жәнібектен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі аралықтағы Қазақстанның әр жерінде болған көтерілістер жайындағы аңыздың түрлері көп. Ол оқиғалар жалаң айтылмайды, олар көп жағдайда белгілі бір қайраткерлерге байланысты айтылады. Соған орай, міндетті түрде оқиға сюжеті нақтылы бір мекен мен уақыт аясына тәуелді болып келеді [43; 76].

Мысалы, Әз Жәнібек пен Жиренше шешен, Асан қайғы, Абылай, Қазыбек, Исатай, Сырым есімдеріне қатысты айтылатын жырлар нұсқасынан басқа әңгімелердің дені аңыз екені бәрімізге мәлім. Олардың барлығы да қазақ елінің ерте дәуірінде өткені туралы нақтылы жылдары мен жүріп өткен жолдары, жерлері дәлел. Себебі тарихи шығармаларда ең басты принцип болып саналатын тарихи уақыт пен кеңістік – шығармадағы көркем уақыты, орнын көрсету дәстүрлі формасының бірі деп есептейміз [44; 46].

Тарихи уақыт басты фон ретінде және терең реалистік көрікке ие болғандықтан, тарихи шығармаларда ол уақыттың басқа категорияларын өзіне бағындыра алады. Алайда кез келген көркем шығармаларда, мейлі ол роман немесе проза және аңыз-жырлар болсын тарихи уақыт пен кеңістік шығармаға ешқашан дәл сондай күйінде келмек емес. Өйткені уақыт пен кеңістік жазушы көкірегінен өтіп, жазушының өз еркімен өзінше сұрыпталады. Н.Новиков айтқандай: «Как бы сжимается, сюжет конкретизуется вокруг событий, имеющих этапное значение в жизни народа»[45; 217].

Көне дәуір уақытына келетін болсақ, мұндағы аңыз жанрындағы оқиғалар автордың өз ықпалымен таңдаған тарихқа сәйкес арнайы уақыт пен кеңістік аясында суреттеледі. Мәселен XIII ғасырдың басында монғолдардың Шыңғыс хан бастаған шапқыншылары Қазақстан мен Орта Азияға жорық жасағаны бәрімізге мәлім. Әскери күші мығым құрылған Шыңғыс хан жергілікті халықтарды басып-жаншып, оларды өз күшіне

бағындырып алады. Моңғол шапқыншылары мұнымен қанағаттанбай Иран мен Иракқа, Кавказдық елдерге және Европаның оңтүстік шығысына қарай да шабуыл жасайды. Өздеріне қарсылық көрсеткендерді аяусыз қырып-жойып, басып-жаншып отырады. Зорлықпен үстемдік жүргізеді. Бағынған жерлерді Шыңғыс хан өз балаларына, туған-туысқандарына, нояндарына бөліп береді. Олардың әрқайсысын жеке ұлыс, яғни мемлекет деп жариялайды. 1240 жылы Жошының (Жошы Шыңғыс ханның баласы) ұлысы құрылады. Мұны тарихта Алтын Орда деп атаған [46; 92].

Осы жазбаларда болған оқиғалардың болған жылы мен мекені нақты көрсетілген. Автор көркем уақытты сюжет пен фабулаға маңызды рөл берген, Осы аңыздарлағы оқиғаны баяндау тәсілімен оны өмірде болып жатқан рет-ретімен емес, авторлық шегіністер, орын ауыстыру арқылы беруді мақсат еткен. Соғар орай, автор сол жаугершілік заманыдағы кеңістік шеңбері мен уақыт кезеңін жырлаушы өз ырқына бағындара алған.

Сол сияқты «ақтабан шұбырынды» кезінде болған оқиғалар мен жер-жерде болған көтерілістер туралы прозалық ауызекі шығармаладағы аңыздарда тарихи оқиғалар уақыт жағынан нақты сипатталады.

Тарихи деректерге қарағанда XVII ғасырдың қарсаңында, қазақпен көршілес қалмақтар күшті мемлекетке айналады. Қалмақтың шонжарлары, феодалдары әскери күштерін біріктіріп, өздерімен көршілес елдерге талай рет шабуыл жасайды. Олардың шабуылдарына ұшырағандардың бірі қазақ елі еді. Қалмақтың шонжрлары қазақ еліне шабуыл жасағанда, қазақтардың шұрайлы жерін, кең қонысын, мал-мүлкін тартып алуды, қазақ елін құл етуді мақсат етті.

Осы мақсатпен қалмақ қалың қолды 1723 жылдың көктемінде қазақ еліне шабуыл жасайды. Олар Жетісуды, Талас, Қаратуды тартып алады да, Сырды өрлей алға қарай аттанады. Шапқыншылардың әрекеттерінен үрейі ұшқан қазақтар бұрынға ата мекенін, қонысын тастап жер ауады. Ата баладан, аға қарындастан айырылады. Халық басына қара түнек орнайды. Бұл қайғылы кезеңді қазақ халқы «ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» деп атаған болатын [47; 276].

Тарихи жырлар негізіне өмірде анық болған әлеуметтік, саяси оқиғалар алынады. Тарихи шығармалардың ел жадында сақталған, азды-көпті үлгілерінде халықтың сырт жаулармен күресі, ішкі әлеуметтік қайшылықтар мен қиыншылықтар көрініс берген. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Жоңғар басқыншыларының қазақ елін қырғанға ұшыратқанын бейнелейтін «Қаратаудың басынан көш келеді», «Күн шығыстан ызғарлы жел келеді», «Бұрынғыдай жайың бар ма» т.б. өлеңдердің мәні зор. Мұндай шығармалар белгілі оқиғалардың көркем куәлігі секілді жанды әсер етіп, нағыз өмір шындағы болып елестейді. Мұндағы өлең композициясындағы көркемдік кеңістікті ұйымдастыруға мүдделі екені байқалады. «Қаратаудың басынан көш келеді», «Күн шығыстан ызғарлы жел келеді» деген жолдарынан оқиға сюжеті географиялық белдеулікті нақты айқындап тұр. Сюжеттегі оқиғалар, образдар автордың немесе жырлаушы өзі жасаған

кеңістікте өмір сүреді. Кей жағдайда қиялдан да шығарылады. Ал бұл жерде өлең сюжеттерінде өткен орын нақты көрсетіліп тұр. Сондықтан ол қиялдан шығарылмаған. Себебі тарихи деректер көрсетілген жырлар қандай болса да ол халықтың басынан өткен тарих деп санаймыз.

Ғасырлар бойына кең байтақ қазақ жеріне, оның байлығына қызығып, құныға шапқан дұшпанның жағымсыз қылығын әшекерлеген өлеңдер көп болған. Бір жағынан Қоқан, екінші тұстан қалмақ жаулары қылышын жалаңдатып тұрған кезді таңбалайтын шығармалар молынан көрініс беретінін атап айтып кетуге болады. Қазақ елінің ішкі өмірінің қасіреттері қаншама шығармалар туғызғанын байқауға болады. Мәселен, «аштыққа халық қамалды» деген өлеңде жұттың зардабы зайыр шындығымен берілген. Жау мен жұт әлегінің, азаттық пен бақыт үшін күрестердің сан-алуан ізі еріксіз шыққан шердей өлең болып төгілген. Бұлардың мәні – өзге ешбір деректен кездестірмей оқиғалар сырын әсірелеусіз, қоспасыз, бүкпесіз баяндалатыны байқалады.

Мұндағы көркем уақыт сюжет пен фабулаға (оқиғаны мазмұндау тәсілі авторлық шегіністер, орын ауыстырулар арқылы беру) қатарласа жүреді. Өйткені уақыт шегіністері арқылы қазақ халқының басынан өткен ауыр өмірін тарихи тұрғыдан бейнелеуге мүмкіндік береді. Соған орай, тарихи оқиғалар көрінісін фабулалық уақыт арқылы белгілі бір уақыт аралығында өткен оқиғаларды қамтуып, қазақ елінің ішкі өмірінің қасіреттерінің күрделі қатпарларын ашуға мүмкіндік береді.

Ал сюжеттік уақыт (сюжеттік уақыт дегеніміз – уақыттың нақты сәттерінің шығармада автордың суреттеуімен белгілі бір тәртіппен орналастыруы) халық аузында айтылатын аңыздардағы оқиғаларды, оған қатысатын адамдарды жыл мерзімі мен оқиғалар өтетін жерді дәл суреттеуге ұмтылады. Географиялық атаулардың да нақты берілуі оқиғаға қатысушы қаһармандардың, образдардың өмірлік прототипі болатындығын, оқиға желілерінің тарихи фактілерге сәйкес құрылатындығы көркем уақыттың реальді уақытқа жақындата түседі. Осы көріністерден шығаратын қорытынды қандай тарихи шығарма болсын белгілі тарихи оқиғаны дәріптейді.

Тарихи жырларда қазақ батырлары күш біріктіріп, әскери жасақтар құрады. Халқын сүйген ер жүрке батырлар басқыншыларға қарсы күрес жүргізеді. Қазақтар алғаш рет қалмақ басқыншыларына Бұланты өзенінің (Сарысу өзенінің орта ағысының батыс жағы) бойында қатты тойтарыс беріп, жауды жеңеді. Бұл жер «Қалмақ қырылған» деп атанады.

Бұланты бойындағы жеңіс қазақ халқының рухтандыра түседі. Халықтың күші бұрынғысынан арта бастайды. Басқыншы жауға қарсы ұзаққа созылған күрестерде, шапқыншылардан ел-жұртын қорғауда қазақ жігіттері тамаша ерлік көрсетеді. Өзінің тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ халқы бақыншыларды талқандап жеңіп 1729 жылы жауды қазақ жерінен аластайды.

Қалмақ басқыншыларына қарсы қазақ халқының жүргізген ерлік күресі халық ауыз әдебиетінен ерекше орын алды. Халық өзінің ауыз әдебиетінде

«Ақтабан шұбырынды» жылдарын («Басына Қаратаудың көш келеді») ғана елестетіп қойған жоқ, ол басқыншыларға қарсы қазақ халқының ерлік күресін, батырлық күшін, жеңісін суреттеп, жырына қосты. Осы негізде халықтың батырлық тұлғасын, ерлік күресін сипаттайтын батырлар жыры туды.

Соған орай, әдебиетші ғалым М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиетті» деп аталатын еңбегінде батырлар жыры туралы өз пікірін айтып өткен болатын. «Қазақтың ертедегі тарихи шығармалары оның ішінде батырлар жыры жоғарыда айтылған тарихи кезеңдердің, ұлы оқиғалардың елесін беру негізінде туып қалыптасады. Бұдан, әрине, батырлар жыры тарихи құжат деген ұғым қалыптаспау қажет. Әдебиеттік шығармалардың қандай болса да, белгілі оқиғалардың тарихи документі болып табылмайды. Батырлар жыры да сондай. Олар бұрынғы кеңістік пен уақыт аясында өткен оқиғалардың сәулесін елестетуші, тарихи оқиғаларды суреттеу негізінде туған ауыз әдебиетінің бір түрі көркем шығарма болып танылады», - деп тұжырымдаған болатын [48; 94].

Оғыз-қыпшақ дәуіріндегі уақыт пен кеңістік аясында суреттелетін моңғол шапқыншылығы, Алтын Орда замандарында пайда болып, өтпелі уақытқа байланысты талай өзгеріске ұшырады. Көне тарихи аңыздар тарихи деректерді айқынырақ сақтаған. Әсіресе, жоңғар қалмақтарына қарсы ұрыс-соғыстар жайындағы аңыздар өзінің тарихи сипатымен құнды.

Мұндай шығармалардың көпшілігі жасақтарды басқарып, кескілескен ұрыста ерлігімен елді таңдандырған қолбасшы батырлар, сұлтандар есімімен байланысты болып келеді. Міне осындай аңыздардың ішінен мысалға Қазыбек, Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Байғозы, Жапақтардың басынан кешкен оқиғаларды баяндайтын шығармаларды атауға болады. Бұл шығармалардың басты ерекшелігі өз кезеңіндегі уақыт пен кеңістік талабына сай – нақты болған оқиғаларға негізделгендігі.

Осы дәуірде өмір кешкен, қазақ халқының жоңғарларға қарсы күрес бастаған Бөгенбай, Қабанбай, Олжабайлар тарихи эпос қаһармандары ретінде жүйелі зерттелген емес. Осылардың қай-қайсысының да тарихи істерін, ауыз әдебиетіндегі, аңыздағы, шежіредегі бейнесін салыстырып, шындығы мен қайшылығын аша түсу, анық халықтық бағалар мен түрлі қосынды пікірлердің ара жігін ажыратудың маңызы зор.

Мұндағы қолданылатын көркем кеңістіктер қиялдан шығарылмаған. Ұрыс өткен жер Бұланты өзені, Сарысу өзенінің орта ағысының батыс жағы атаулары негізінде нақтылы көрсетілген. Оқиғаларға қатысушы образдар тарихи кеңістікте өмір сүреді. Кеңістік шеңбері Бұланты, Сарысу жерлерін тарихи дерек негізінде таңдалып алынған.

Абылай ханның жоңғарлықтарға тұтқын болуы жағдайындағы аңызды алайық. Тарихи мағлұматтар бойынша жоңғарлықтар небәрі елу жылдың ішінде, яғни, XVIII ғасырдың бірінші жартысында, қазақ еліне бірнеше дүркін шабуыл жасап, екі ел арасында 1710, 1717 -1718, 1723, 1728, 1730, 1741-1743 жылдары қиян кескі ұрыстар болған. Сондай ұрыстардың бірінде

1741 жылы Абылай екі мыңдай жасағымен жоңғарлықтардың қолына түсіп қалып, бір жылдай уақыт өткен соң босайды. Аңыздағы оқиға тарихи жылнамалар мен документтерге сәйкес бейнеленген.

Ш. Уәлиханов жазып алған аңыз бойынша жоңғарлықтардың кезекті бір шабуылында Абылай жекпе-жекке шығып, Галдан-Цереннің Чарча деген баласын өлтіреді. Галдан баласын өлтірген адамды кім де болса да, қайдан болса да тауып әкелуді бұйырады. Қалмақтар аңдып жүріп, Абылайды серіктерімен аңда жүргенде қолға түсіреді де Галданға алып келеді.

Екінші аңызда Абылайдың тұтқынға түсуі басқаша баяндалады. Галдан Абылайға: «Еркімен маған бағынсын, әйтпесе соғыс ашамын!» - деп елші жібереді. Абылай ашуланып, елшіні өлімге бұйырады да, «Жау қолын қарсы алуға дайынмын!» - деп хабар жібереді. Галдан мұны естіген соң бірнеше мың әскер жібереді. Осы ұрыста абылай қолға түседі. Оның жеңілген себебін аңыз елшіні өлтіргендіктен болды деп түсіндіреді [49; 289].

Міне, Абылайдың тұтқынға түсуін екі аңыз екі түрлі баяндайды. Бұл фольклор табиғатынан туып отырған құбылыс, сондықтан бұл жерде ешбір жалғандық жоқ. Өйткені фольклорлық шығарма қаншалықты шыншыл болғанымен тарихи фактіні сол қалпында суреттемейді. Халық ол фактіні өзінің қалауынша суреттейді.

Жыршылар тарапынан ретроспекция арқылы оқырман тарихи «тарихи уақыттар» байланысына ене алады. Сонымен қатар, Абылай, Галдан-Цереннің психологиялық мінез-құлқының өзгеріп келуіне байланысты сюжет мазмұны үдетпелі түрде дамиды. Әсіресе, Галдан-Цереннің Абылайды босатуына байланысты жыршының перцептуалдық уақыт мен кеңістікке ұғымы адамдарды сезім-түйсіктерінің, психологиялық көзқарасының өзгеріп отыруымен төркіндес болады. Соған орай Галдан-Цереннің Абылайды тұтқыннан босатуы осының дәлелі. Көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының айғағы.

Дегенмен Абылайдың дәл қандай жағдайда жау қолына түскенін ешкім тура айта алмайды, себебі оны көрген адамдардың, я болмаса Абылайдың өзінің сөзі сол кезде хатқа түспеген, демек ауызша тарап, бірден-бірге айтылып, біздің дәуірге дейін көп өзгеріске түскен. Сондықтан аңызды жырлаушылар сол уақыт пен кеңістікте туындаған оқиғаның өзін ғана сақтап, өз ықпалдары негізінде сюжет пен фабулаға қатарласа түсіндіріп отырған.

Ш. Уәлиханов шығармасының нұсқасындағы аңызда тұтқын жатқан Абылайдың тағдыры шындыққа жақын келетін сияқты. Тарихи деректердің негізінде Абылайдың тұтқынға тусу уақыты тарихи жылнама деректеріндегі уақытпен сәйкес келетінін Ш.Уәлиханов өзінің «Таңдамалы» атты еңбегінде де айтылған болатын [50; 512].

Өлген Шаршының шешесі күнде Абылайға, оның серіктеріне қарғыс айтып, лағнеттеп отырады. Шыдамы таусылған Абылай бір күні дірілдеп, тісін шықырлатып, жұдырығын түйіп келе жатқан әйелге: «Е, қақбас қалмақ! Сенің ұлың сияқты қаңғыбас құл қайда өлмеген!» - дейді. Әйел ойбайлап

Галданға барады да, Абылайды өлтіруді талап етеді. Галдан оны ; тыңдамайды. Әйелінің іс-әрекетін көріп: «Осы Абылайды өлтіріп қояр» - деп қауіптенген Галдан қазақ сұлтанын жанындағы Жапақ батырмен бірге босатып, еліне қайтарады[51; 223].

Жырдың сюжеттік құрамында фабулалық тәсілдерді қолдану арқылы автор оқиғаның сұлбасы сақталып, адамдардың істері, мінез-құлқы дәуірдің талабына сай баяндалады. Абылай тұтқынға түскені туралы аңызда автор сұлтанның бейнесін табанды, қайсар қасиеттерімен дәріптеле суреттелген. Мұндағы мақсат - қазақ сұлтанын қалмақтың қонтайжысынан артық етіп көрсету маңызды. Қазақ елінің өкілін жаудың ханынан басым қылып, көтере суреттеу - фольклорлық шығармадағы ең басты тәсіл. Сондықтан сұлтандар мен батырларды бейнелейтін аңыздардағы дәріптеу – шарттылықтың бір түрі. Соған орай, автор тарихи уақыт белгілеріне сәйкес кеңістік аясында кейіпкерлердің (Галдан-Церен, Абылай және т.б) көңіл-күй қалтарыстарын терең ашып, образды жан-жақты суреттейді. Сонымен қатар, тарихи уақыт пен кеңістікті рельефті тұрғыдан бейнелеу мақсатында оған Галданды ды, өлген Шаршының шешесін қосып бейнелейді.

1741-1742 сыртқы шапқыншыларға тойтарыс беру жолындағы соғыстар, Аңырақайда қазақтар жеңген ұрыс, Абылай бастаған жасақтардың соғысы, олардың тұтқынға түсуі, Абылай ханның Ботақанды өлтіріп, Жанайды байлап алуы, төлеңгіттердің Жағалбайлыны шабуы сияқты нақты оқиғалардың барлығы тарихта шын болған оқиғалар.

Мұндағы жырлардың бітіміне лайық өзара байланысқа түсіп, тарихи-көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістіктің бірлігі өтпелі дәуірдегі терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. Себебі, аңыз сюжетінде өз дәуірінің кеңістігінде көкейтесті мәселелері, өмірі суреттеледі. Демек фольклордың жанр ретінде тарихи аңыз XVIII ғасырда жаңа сатыға көтеріліп, өзіне тән белгілер мен сипаттарға толық ие болған. Тарихи дәуіраясында, нақтылы уақыт (1741-1742) негізінде географиялық орнын (Аңырақай) көрсете отырып, тарихта болған (Ботақан, Жанай және т.б.) кейіпкерлер арқылы өткен өмірден мәлімет береді.

Аталған дәуірдің өлеңдері мен жырлары негізінен ауыз әдебиетінің ежелден қалыптасқан дәстүрлерін дамытқан шығармалар. Оларда белгілі кезеңнің ақиқаты мен дәл тұжырымдалуымен қатар эпикалық әсірелеу де ұштасып отырады. Өзінің сөздік қоры, көптеген жаңаша балама, теңеме тіркестері жағынан да Аманкелді бастаған 1916 жылғы көтеріліс туралы поэзия да көңіл аударарлық.

Біз сөз етіп отырған тарихи шығармадағы географиялық кеңістік атаулары нақты, дәл көрсетіліп суреттеледі. Өйткені қандай да бір әлемдік ұлы оқиғалар нақты географиялық атаулармен байланысты болатыны белгілі. Тарихи оқиғалардың көбі уақыт жағынан да, территориялық-кеңістік жағынан да қашан да қай жағынан, қай жерлерде өтетіні, қандай сипат алғаны, өрістеуі тарихи құжаттардан мәлім.

Сондықтан қазақ еліне басқыншылық мақсатта жасаған шапқыншылықтар тарихи оқиғалардың көрінісі ретінде азаттық қозғалыстың өткен уақыты мен соғыс шарпыған кеңістік нақты мысал болады.

Бұл аңыздардағы уақыт пен кеңістік сюжет мазмұнында бір-бірімен тығыз бірлікте қолданылады. Тылсым құбылыста мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе болмайды. Соған орай, авторлар кез келген көркем шығармалардағы кеңістік пен уақытты тарихи уақыттың ғана ішінде қарастырды.

Ә.Бөкейханов тарихи оқиғаларды мазмұны негізінде оның өту кезеңінің өту уақыты мен кеңістіктің географиялық ортасына қарап, тарихи аңыздарды жүйелеген болатын.

VIII – XII ғасырдағы Оғыз-қыпшақ дәуірінен елес беретін аңыздарға Қорқыт, Ахмет Яссауи және Арыстан алып туралы әңгімелерді енгізді.

Моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орда дәуірінде өткен реалды оқиғалар жайындағы аңыздарға Шыңғыс, Жошы, Тоқтамыс, Темір есімдеріне қатысты жүйеленді.

XIII – XV ғасырда қазақ хандығы тұсында өткен оқиғаларға байланысты аңыздардағы Жәнібек, Асан қайғы, Жиреншелер қатысты жүйеленді.

XV – XVII ғасырдағы қалмақтарға қарсы соғыс-ұрыстарға байланысты туған аңыздар дағы Абылай, Қазыбек, Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай образдарына байланысты жүйеледі.

XVIII-XIX ғасырдағы Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожалар бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты туған аңыздар.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс туралы баяндайтын аңыздар [52; 453].

Жүйеленген топтағы шығармалардың бәрі бірдей таза аңыз жанрының белгілеріне, аясына толық сәйкес келе бермейді. Әңгімеде баяндалып отырған оқиға неғұрлым қашық, өте ерте дәуірдегі уақыт пен кеңістік аясында болса аңыздан эпсанаға немесе хикаятқа жақындайды. Мұндағы оқиға мазмұны көмескіленіп, сұлбасы ғана сақталады. Кейде ұмытылып кетуі де мүмкін.

Уақыт өткен сайын аңыз көркемделе түсіп, ондағы іс-әрекеттер әсіреленді. Кейіпкерлер дәріптеліп, аңыз эпсана мен ертегінің поэтикасына ене бастайды. Мұндай ерекшелік алғашқы үш топқа енген шығармалардан байқауға болады.

Аңыз белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтіп ол туралы халықтың өзі айтып берген ауыз екі тарихы десе болады. Олай дейтініміз - қазақ тарихында аты белгілі тұлғалар мен оқиғалар аңызда молынан көрініс береді.

Қазақтың жеке ел болу тарихында үлкен рөл атқарған Жәнібектен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі дәуірлерде өткен уақыт пен кеңістік аралығында Қазақстанның жерінде болған елеулі оқиғалар жайындағы аңыздың саны мол. Олар жалаң айтылмайды. Оқиғаны

жырлаушы автор өз шығармасында оқиға өтетін белгілі бір кеңістікті жасайды. Өзінің қалауы бойынша кеңісік ауқымын кеңейтіп, тарихи деректерді көп қамтуы мүмкін. Олар көп жағдайда белгілі бір уақытта өмір сүрген қайраткерлерге немесе мекенге байланысты болып келеді. Өз Жәнібек, Жиренше шешен, Асан қайғы, Абылай, Қазыбек, Исатай, Сырым есімдеріне қатысты аңыз түрлері молынан кездеседі.

Сонымен қатар, «ақтабан шұбырынды» кезінде болған оқиғалар мен жер-жерде болған көтерілістер туралы оқиғалар аңызға түрінде таратылды. Жер-су, мекенге байланысты айтылатын оқиғалар да фольклортану саласында аңыз жанрына жатқызылып жүр. Есімдері белгілі қайраткерлердің образдары нақтылы бір уақыт пен кеңістік аясында тарихпен қоса суреттеліп баяндалатын ғасырлар шежіресі, халық тарихы болып саналады.

М.Мағауин: «Жазушы тарихи кезеңге, оқиғаларға баға беруде әрқашан өз заманының уақыты мен кеңістік деңгейінен көрініп отырады. Тіпті жазушының өткен тарихқа көңіл аударуы, ерлік шежіресін жыр етуге ұмтылуы айналып келгенде уақыт талабының нәтижесі болып табылады. Сондықтан жазушының жеке толғанысы сол мекеншақтағы халық күйімен үндесіп отырады», - деп тұжырымдаған болатын [53; 63].

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорытындылайтын болсақ, біз сөз етіп отырған кез келген тарихи шығармалардағы уақыт пен географиялық кеңістік атаулары нақты, дәл көрсетіліп суреттеледі. Тарихи оқиғалар уақыт жағынан да, территориялық-кеңістік жағынан да қашан, қай жерлерде өткені, қандай сипат алғаны, өрістеуі тарихи құжаттардан мәлім болып келеді.

Авторлар реальды шындықты көрсету мақсатында оқиға өткен жері, орны, уақыты мысал болады. Тарихи шығармалаға қажет оқиғаларға сәйкес уақыт мәселесі, кеңістік ұғымы сюжет мазмұнын шынайы тұрғыдан суреттеуге мүмкіндік береді.

3. ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТІҢ КӨРІНІСІ

3.1 Миф, хикая жанрындағы көркемдік уақыт пен кеңістік қолданысының өзгешеліктері

Қазақ фольклорлық шығармалардағы уақыт пен кеңістік ұғымының бай қабаттарын зерттеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып саналады. Себебі фольклор саласының көркемдік бітімі сан алуан құпияға, өрнек-ірімдерге толы болады. Соған орай, уақыт пен кеңістік дәуір мен дәстүр, тарихи шындық пен оның көркемдік шешімі, сюжет пен бейнелеу тәсілдері сияқты поэтикалық құбылыс ретінде қарастырылады.

С.А.Қасқабасов: «Біздің дәуірімізге дейін I мыңжылдықта сақтар жартылай көшпелі және егінші ел болатын. Бірақ олар ең алдымен тамаша шабандоздар еді. Дүниеде атпен шауып келе жатып садақпен оқ атуды бірінші болып сақтар меңгерген. Қайтпас қайсар кісі киік (кентавр) бейнесінің үлгісі салт атты скиф және сақ адамы болған ... », - деп көрсеткен болатын. Бұл дәуірдегі мұндай фольклорлық құбылыс «Аң стильді өнер» деп аталған болатын.[53; 223].

Сонау сақтар заманында туып, кейінгі дәуірлерге жеткен фольклорлық шығармалардың сюжеттері сол кездің уақыты мен кеңістігіне сәйкес миф түрінде, аңыз ретінде айтылып, ертедегі гректер мен қытай жазбаларында орын алғанның арқасында бізге жетіп отыр. Мысалы атақты Геродот «Тарихындағы» Томирис пен Кирдің арасындағы қақтығыс туралы сюжет классикалық фольклорға тән.

Мұндай сюжеттерде уақыт (таза біркелкі ұзақтық) пен абсолюттік кеңестік (шексіз қуыс) категориялары Құдайдың мәңгілік жасампаздық іс-әрекетімен ұштасып, ерте заман наным түрінде енгізілген. Мұнда Кирдің түсінде болашақ патша Дарий аспанға ұшып, бір қанатымен Еуропаны, екінші қанатымен Азияны жауып тұрғаны көрсетеді.

Мұндай түс көру оны өмір әрекетіне тұстас етіп жору ежелгі түркі елдерінің фольклорында да жиі кездеседі. Шынайы уақыттың фантастикалық уақытпен алмасуы мәңгілік уақытты бейнелейді. Мұндай тылсым кеңістіктердегі болып жататын құбылыстар Түркі қағанаты тұсында бірыңғай идеологиялық сипат алып, қағанды дәріптеу үшін біршама көркем қасиетке ие болды.

Мұндай тылсым жұмбақ ұғымдар Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазбаларда да кездеседі. Жазба мәтіндерінен көне түркі заманындағы ұғымдардың мифтік түсініктерімен байланысты екені байқалады.

Аспанға табыну, оны Тәңір деп білу, Көк Тәңірі деп құрметтеу, ал жерді Ұмай-әйел ретінде қастерлеу рәсімі табиғатты қадірлеу, қоршаған ортаны құрметтеу мақсатымен ұштасады. Түркі жұртының бабасы - Көкбөрі Ашинадан тарағаны туралы тотемистік ұғымның іздері Құлтегін, Білге, Қаған, Тонькөк жазбаларында жақсы сақталған.

Жазба ескерткіштерінде сақталған мифтердің көркем кеңістігі мен уақыт композициясы стильдік-көркемдік қасиеттері жағынан ерте заманғы жыр, шығармалардың үлгісі болып есептеледі. Ертедегі кез келген шығармалардағы кеңістік пен уақыт құбылысын Құдайдың жасампаздық іс-әрекетімен теңеу әдісі сақталған.

Түркі мемлекеті дәуірінің уақыты мен кеңістігінде көршілес елдермен қарым-қатынасы, саяси және әскери істері жөнінде мәліметтер молынан кездеседі. Сонымен қатар, әлем кеңістігінде адамның пайда болуы туралы мифологиялық түсінік, ел билеушінің ерекше жаратылысы жайындағы нанымдар сақталған.

Мәселен, Құлтегінің үлкен жазуында кеңістік әлеміндегі аспан мен жер арасындағы адамзаттың жаралуын «Үстінде көк тәңір, Астында жазық жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» деп айтса, Кіші жазуда «Көк аспан жазығында Тәңір текті, Тәңірден жаралған түрк Білге Қаған. Бұл шақта отырдым» - деп қағанның жай адам емес екенін айтады. Патшаның жай адамнан тумай, құдайдың құдіретімен ерекше жағдайда, көк аспан жазығында туатыны туралы ұғым ежелгі рулық фольклорда ғана емес, құлиеленуші мемлекеттер тұсындағы мифтерде Александр Македонскийдің, Иса пайғамбардың ғайыптан тууы орта ғасырдағы аңыздар мен шежірелерде кездеседі. Шыңғыс ханның аспан әлеміндегі күн нұрынан жаралғаны туралы мифтер кездесетіні ерте дәуірде өмір сүрген адамдардың дүниетаным қабілетіне сәйкес қиял-ғажайыптық кеңістікте өтеді. Осындай көркемдік уақыт тек қана үш өлшемнен тұрмайды. Ол реальды және фантастикалық бола алады.

Жалпы түркілер өмір кеңістігінде өзін қоршаған ортаны жанды ретінде пір тұтуы, табиғатқа табынуы, аңдарға, өсімдіктерге жан бітіріп, жаратылыс пен адам арасындағы біртұтас жарасымдылық болғанын куәландырады

Ағылшын ойшылы М. Хайдеггер уақыт мен кеңістік ұғымына қатысты абсолютті (шексіз қуыс) және (таза біркелкі ұзақтық) категорияларын енгізіп, олар материядан да, бір-бірінен де тәуелсіз өмір сүреді деген пікірді айтқан болатын. «Адамның санасында салыстырмалы кеңістік пен уақыт жөніндегі түсініктер бар, бірақта олар қарапайым өмір сүру тәжірибесіне байланысты өзгерісте болуы мүмкін», - деп пікір айтты.[54; 145]

Мәселен, түркі халықтарының дәстүрі бойынша қыз баланың өмірлік ғұмыры арнайы бір дәстүрлі өлшемге жеткеннен кейін (бой жету, кәмелеттік жасқа келу) тұрмысқа шығу үрдісі адам дамуының кеңістігінде уақыт белгісін сатылы түрде көрсетеді. Соған орай, сыңсу салтына тоқталамыз. *Сыңсу* – қыз баланың уақыты, туған кезінен бастап сәбилік, жасөспірімдік және бойжету шағына дейінгі ғұмыр өлшемінің кезеңін көрсетеді. Өзінің туған кеңістігіндегі өмірі, оның әртүлі қызықты оқиғаларымен, қуаныштары мен бақытына, жастық шақтың қызықты кезеңдеріне куә болған туған елімен, туған жерімен, ата-анасымен, құрбы-құрдастарымен қоштасу өлеңін жатқызуға болады.

*Айналайын ел-жұртым,
Не болар менің заманым.
Ел-жұртым сенен айырылып,
Санамен жүзім солар-ау.
Заманым өтті басымнан.
Дуарені өтті басымнан.
Бұл не деген іс болды?
Көлінен кеткен құс болдым [55; 92].*

Бұл қоштасу жырында сол уақыттағы, сол кеңістіктегі өмір сүретін әйелдердің дәрменсіз халдері бейнеленген. Жырда кейіпкерлердің болашақ өмірінің реальді болмысын ашуда өзінің күдігін, сенімсіздігін, үрейін тікелей суреттеу арқылы көрсетеді. Ал өткен дәуірдегі әйел затының өмір сүретін уақыты мен кеңістігінің реальді болмысы сонау ерте заманнан бізге белгілі.

Соған орай, жас бойжеткен туған жері мен туған үйінде алаңсыз өмір сүрген кезімен қоштасып, сыңсу әнін айтқан. «Сыңсуда» туған күнінен бастап, бойжету шағына туған ортада өмір сүріп, ыстық мекен-жерімен кимастықпен қоштасатыны жырланады.

Жерлеу ғұрыпында о дүниелік болған адаммен қоштасу рәсімінің кеңістігі көрсетіледі. Адам дүниеге келеді, өседі, кемелденеді, қартайды. Бұл қарапайым адамға беріліп мандайына жазылған уақыт межесімен бірге, өмір сүру кеңістігіндегі дәмі таусылып жарық дүниеден басқа дүниелік болу құбылысы. Соған орай, адам дүниеден өтеді. Осы заңдылықты ұлттық фольклорымызда тұрақты көрініс тауып, салт-ғұрып жырлары туындаған.

Жерлеу ғұрпы адам қазасына байланысты туып, ел аузында сақталған естірту, көңіл айту, қоштасу, жоқтау сияқты салт жырларын жерлеу ғұрпының фольклорлық үлгілеріне жатқызамыз. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойына кірер денең», -деп ұлы Абай айтқандай, қазақ жаңа туған балаға қуаныш білдіріп, шілдехана жырларын туғызса, шаңырақ иесі дүние салар болса, соған жоқтау айтқан.

Себебі жыр, поэзия, музыка көшпелі елдердің жан серігі болған. Адамның көңіл-күйі, өмір құбылыстарын терең толғайтын мұндай өлеңдердің тарихи-көркемдік мәні елеулі болған. Бұл ғұрыпқа байланысты туған фольклордың пайда болуы, дамуы көне заманнан бастап күні бүгінге дейінгі таным-түсініктермен тікелей байланысты. Көне таным бойынша, адам осы дүние кеңістігінен басқа дүние кеңістігіне ауысуы, бір күйден екінші күйге ауысу болып ұғынылған. Мифтік сана бойынша өмір сүру мәңгілік, ештеме де жоғалып кетпейді, өлім деген бастапқы, яғни адам ғұмырына берілген уақыт мерзімінің алғашқы, бастапқы жағдайға оралуы деп қабылданды. Сондықтан адамның мандайына жазылған уақыты мен кеңістігіндегі заңдылық қазақ дүниетанымында «қайтыс болды», «қайтты», «бұл өмірден алғашқы бастапқы уақытына ауысты» деген ұғым болды[56; 19]

Әлемдік философия саласында кеңістік пен уақыт мәселесі ертеде қарастырылды. Ұлы ойшыл Ибн Сина «Әлемдік философиялық мұра»

еңбегінде «Уақытта бар зат, уақытпен анықталатын нәрсе уақытша деп аталады. Біз адам өлгенде және бұл жерден, мұнда да, анда да бар нәрседен алып тасталған кезде – ол уақытшылықпен қош айтысып кетті деп айтамыз. Уақытша деген өтпелілік, яғни уақыт ағымымен өтетін деген сөз. Біздің тілімізбен толығырақ айтқанда: уақытпен бірге өтетін нәрсе. Өйткені уақыттың өзі өтіп жатыр. Бірақ уақыттың үнемі өтіп жататынына қоса, ол уақыт түрінде қала береді. Қалу жоғалып кету емес, демек қатысу дегенді білдіреді. Осылайша уақыт болмыспен анықталады. Онда қалайша болмыстың уақытпен анықталуы мүмкін? Уақыт ағымының тұрақтылығынан болмыс сөйлейді. Сонда да біз еш жерден уақытты затқа ұқсас бір бар нәрсе ретінде таба алмаймыз – деген болатын [57; 341].

Мысалы, қайтыс болған адамға айтылатын жырдың бір варианты:

*Аққу ұшып көлге кетті,
Сұңқар ұшып шөлге кетті,
Олар адасып кеткен жоқ.
Әркім барар жеріне кетті.*

*Ақсұңқар ұшты ұядан
Қол жетпейтін қиядан.*

Қанаты бүгін сұңқар жоқ

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, - деген сияқты салыстырулармен жұмбақтап басталады да, жұбату, көңіл айту сөздерімен аяқталады.

Көңіл айтудың мұндай тұрақты үлгілері көп жағдайда жұбату сөзінің түп қазығын құрайды. Көңіл айтушы басқа да жұбату сөзін осыған қосып, өз жанынан шығарып айтатын болған және оны негізінен, ақындар, сөзге шешен адамдар айтқан.

Көңіл айту, естірту өлеңдері ой ұқсату түрінде, ойды үстемелей, үдете, екпіндете жырлау түрінде айтылады. Бұл өлеңдерге ырғақтық-синтаксистік параллелизм түрі кең пайдаланады. Мысалы: «Шамның шырағы сөнгенде бітеді, Дүниенің қызығы өлгенде бітеді» деген ұғымдар адам уақытының межесі таусылып о дүниелік болғанын тұспалдап білдіреді.

Жерлеу ғұрпына қатысты фольклорлық үлгілердің қатарында жоқтау, дауыс салуды айтуға болады. Жоқтау, дауыс салу – қайтыс болған адамға арналып, айтылатын фольклорлық өлең-жыр үлгілері. Бұл жырлардың түп төркінінде сөздің магиялық қызметі туралы түсінік жатыр. Жоқтау мазмұнында о дүниелік болған жанның бұл дүниенің кеңістігінде тірлік жасаған игі істері, адамгершілік қасиеттері түгелімен айтылып шығады [58; 192].

Эпостық жырлардағы Қыз Жібектің Төлегенді жоқтауы, Қараүлек ананың Орақты жоқтауы, аңыз-әнімелердегі Қазыбек биді қызының жоқтауы, Кеңгірбайды жоқтау және тағы басқаларын да молынан қолданылады.

Жоқтау жырларының мазмұнында тұрақты түрде айтылып келген тіркестер де бар.

Мысалы:

*Желмаяға мініпсің,
Етегі жоқ, жеңі жоқ,
Үшкіл көйлек киіпсің,
Есігі жоқ, төрі жоқ,
Кең сарай үйге кіріпсің, т.б [59;15].*

Түркілердің ұғымында адам уақытпен қош айтысып кетсе де уақыт өте келе өзінің әдеттегі кеңістік ортасына қайтып келеді деген ұғым қалыптасқан болатын.

Жалпы адам қиналғанда желеп-жебейді деп аруақтарды құрмет тұту, оған арнап құрбандыққа мал шалу, өлген адамның басына мазар, яғни аспан асты кеңістігінде екінші үйін тұрғызу – қазақтың ескіліктегі ырымынан қалған. Осыған сай халықтың діни наным бойынша, адам өлгенде жаны ұшып шығады да жерге тек жансыз дене беріледі. Сол себепті оның рухы кеңістік әлемінде ұшып жүреді және оның рухы мәңгі тірі деген түсінік беріледі. Мұндай ұғым тек қана қазақ ұлтына ғана тән емес. Мұндай ұғым жер жүзіндегі көптеген халықтардың ұғымына, наным-сеніміне сәйкес келеді. Сондықтан да ол молаға барып, аруақпен сөйлескенде, аруақ оны тыңдап тұрғандай сезімде болып, өзінің қайғысын жеңілдеткен. [60; 243].

Мұндай дәстүрлерді тарихи тұрғыдан қарастырсақ, әсіресе, алғашқы рет өзге дүниенің уақыты мен кеңістік туралы түсініктер эволюциясының негізгі кезеңдерін ашып, айқындауға мүмкіндігі бар деп ойлаймыз. Адамзат тарихының алғашқы кездерінде адамдардың кеңістік пен территорияға деген қатынасы тіршілік ерекшеліктерімен ғана емес (терімшілік, аңшылық, өндіруші шаруашылық, егіншілік және т.б) тұрпайы мистикалық немесе діни түсініктермен байланысты болды.

Олардың негізінде өлім феномені маңызды рөл атқарды. Неандерталь адамының өзі ұжымының өлген мүшесінің мәйітін далаға тастамай, жерлеген. Өлгеннен кейін де адамның белсенді әрекет етуінің мүмкіндігі туралы түсініктердің қалыптасқандығының дәлелі. Тірі қалған адамдарға ашуы тарқамай, кек сақтап қалмас үшін өлген адам сән салтанатпен жерленіп, оның көңілі ауланады және т.б. Өлген адам жанының қаскөй, зиянды әрекеттерінің қаһарына ұшырамас үшін адамдар тұрақ-мекенді тастап көшкенді дұрыс көреді. Өлім ежелгі адамның кеңістік ортасына ғана емес, уақытқа деген қарым-қатынасына да өз өктемдігін білдіріп отырды.

Мысалы, көптеген алғашқы тұрмыстық халықтарда мынадай әдет-ғұрыптар болды: адам өлгеннен кейін оның атын атауға болмайды. Ереже бойынша, өлген адам есімінің белгілі бір мағынасы болды («от», «жол» т.б.) Бұл құбылыстар есім қолданудан алынады, оның орнына жаңа есімдер ойлап табылды. Мұндай дәстүр тілге тұрақсыздық элементін енгізіп қана қойған жоқ, сондай-ақ сол кездегі қоғам өмірінің үзіліссіздігін бұзып, өткеннің шежіресін жасауға мүмкіндік бермеді.

Фольклорда кеңістік пен уақыт ұғымының төрт түлік малға байланысты болып келеді. Ата-бабаларымыз әрбір түліктің қамқоршысы, иесі бар деп сенді. Мысалы, қазақта «Қазығұрт тауы» туралы жыр бар. Мивтік жырда «Баяғы бір заманда жер бетін топан су қаптап кетеді. Тек Қазығұрт деген тау ғана аман қалады. Осы таудың ығында Нұқ дейтін әулиенің кемесі тұрады. Топан қаптаған кезде жан-жануар осы кемеге тығылады. Сөйтіп, төрт түліктің бар түрі аман қалады. Кейіннен олар көбейіп, өрбиді». Бұл түліктерді аман сақтап қалған олардың қамқоршы иелері деген ұғым қалыптасады. Содан жылқының пірі - Қамбар ата (Жылқышы ата), Қойдың пірі - Шопан ата, түйенің пірі - Ойсылқара, сиырдың пірі - Зеңгі баба, ешкінің иесі - Сексек ата деп аталып кетеді.

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсылқара жануар содан қалған.*

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Қыршаңқы тай үстінде жатып қалып,
Қамбар ата жануар содан қалған.*

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Тышқақ тана үстінде жатып қалып,
Зеңгі баба жануар содан қалған.*

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Қотыр тоқты үстінде жатып қалып,
Шопан ата жануар содан қалған ...* деп жырланған [61;15].

Әлеуметтік тұрмыс тіршілігі тікелей малшылыққа байланысты болып отырған көшпелі қазақ халқы үшін жылқының пірі - Қамбар ата (Жылқышы ата), Қойдың пірі - Шопан ата, түйенің пірі - Ойсылқара, сиырдың пірі - Зеңгі баба, ешкінің иесі - Сексек ата қажеттіліктің символы ретінде қабылданады. Бір сөзбен айтқанда тіршіліктің көзі болып саналады. Әрине, қарапайым қазақ халқының эволюциялық даму үрдісіндегі өміршең уақыты мен кеңістігінде сай келіп, мал тұқымының түрлері қарапайым тұрмыс-тіршілік мәселесін шешіп отырды.

Адамдар мен үй жануарлар әлемі ымырасыз бірін бірі түсіну арқылы екі дүниетаным өзінше дами бастады. Мұндай әрекеттің жүзеге асуына да көп уақыттың керегі де жоқ болатын. Халық ауыз әдебиетінің негізгі болып отырған үй жануарларының қолға үйреніп, эволюциялық өсуін мифологиялық немесе фантастикалық кеңістікте суреттеледі. Ал, кейіннен

бұл құбылыстың қажеттілігі осы замандағы уақыт пен кеңістіктік аясында таза реалистік бағытта іске асқаны бәрімізге мәлім. Бұл жырлар фольклорлық ертегілік сарындарда жырлана бастағанын байқатады. Себебі хайуанаттар әлемі суреттелетін шығармалар көбінесе аңыздық ертегілік тіпті мифтік сарындарда да жырланатын болған. Себебі сол кездегі уақыт пен кеңістік заңдылығындағы ұлттық дүниетанымы фольклорлық мотивтерден қол үзіп кете қоймаған еді. Бұған фольклордағы хайуанаттарға қатысты жыр-аңыздарда молынан ұшырасып отырады.

Ауыз әдебиетіндегі маусымдық ғұрып туралы қазақ философы С.Мырзалы: «Биологиялық кеңістік пен уақыт әртүрлі тіршілік формаларының кеңістік пен уақыттың шеңберіндегі өмір сүру ерекшеліктерін, өсімдік пен жануарлар әлеміндегі түрлердің ауысуын т.с.с. сипаттайды. Сонымен қатар, әр маусымның өзгеріп келуін, оның ұзақтығын, өзіндік қасиеттері мен құбылыстарын тіршілікке дейін өмір сүрген уақыттан бері келе жату құбылыстарын сипаттаған болатын» - деп тұжырымдады [62; 429].

Сонымен қатар, философтың биологиялық кеңістікте оңтүстік аймаққа бейімделген тіршілік формалары солтүстікте өмір сүре алмайды, әр тіршілік формаларының өзінің өмір сүру ареалы (кеңістігі) бар екенін айтып өтті.

Соған орай адамда әртүрлі уақыт пен кеңістік ареалында биологиялық тұрғыдан бейімделу заңдылығының әлеуметтік факторларын көрсеп, дәлелдеген болатын. Уақыт өте келе өмір сүру кеңістігіне келер болсақ, адам өзінің саналы іс – әрекетінің арқасында жер бетіндегі барлық аймақтарды игерген. Бүгінгі таңда аяғы баспаған жер қалмаған болар [63; 154].

Соған орай, әлем халықтарының барлығында дерлік тұрмыс-тіршілігіне қатысты түрлі мерекелер болғаны бәрімізге мәлім. Бұндай мереке түрлері жыл маусымдарының әр мезгілінде, шаруашылықтың ыңғайына қарай атап өтілген. Сондықтан да олардың маусымдық сипаты болған. Мереке күні түрлі ойын сауықтар, ырымдар, ән-жыр орындалған. Олардың барлығы тікелей еңбекке қатысты болып, сол еңбекті бастар алдында немесе еңбекті орындау барысында атқарылған. Қазақ халқының маусымдық ғұрыпына наурыз мейрамы, қымызмұрындық, жарапазан кіреді.

Наурыз мейрамы мен жырлары қазақтарда өзге түркі халықтарымен бірге тойланатын мереке - Наурыз. Қыс мезгілінің ызғары қайтып, көктемнің келуі тіршіліктің ең сәтті кезеңі ретінде саналған. Табиғат ананың жаңа жылдың келуімен байланысты айналамызды қоршаған ортаның жаңаруы жақсылықтың бірден – нышаны, белгісі ретінде саналған. Оны шығыс елдері жыл басы Наурыз, ұлыстың ұлы күні деп қарсы алған.

Наурызда қыстың ызғары қайтып, жердіңтоңы жібіп, өсімдіктерге жан біте бастайды. Күн мен түн теңеледі. Ел жайлауға көшіп, мал төлдеп, ақ молаяды. Мұндай дәстүрдің түркі халықтарының дүниетанымында адам өмірінің циклына қатысты уақыты мен кеңістігіне сәйкес ескі жылдың кетуі мен жаңа жылдың басталуы деп түйсінді. Бұл құбылыс уақыт пен кеңістік аясында реальді тірі жүйелердің құрылымы да, функциясы да эволюциялық

дамудың өнімі болып есептеледі. Оларда уақытша параметрлер көрінуінің өзіндік ерекшелігіне байланысты биологиялық жүйелердің функциясы мен құрылымының ерекшеліктері назарға алынбаған кезде құрылымның маусымдық өзгеріс болып өтеді. Әрбір организм өзінің жағалай ортаға бейімделу барысында шындықты алдын ала бейнелеу дәрежесіне көтеріледі. Оған себеп болған ғарыштағы уақыт ритмі: жыл мен ай, жаз бенен қыс, көктем мен күз, күн мен түн, айдың гравитациялық тартуы арқылы теңіз суының көтерілуі мен қайтуы, күннің әрбір он бір жыл сайын энергиясының өсуі т.с.с. миллиардтаған жылдар бойы тіршілік ритмін анықтап, оның генетикалық бағдарламасында жазылып, соған сәйкес өмір кезеңдерін тудырды. [64; 154].

Ал қазақ халқының дүниетанымдық кеңістігінде ұлыс күні әрбір шаңырақ жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, дастарқан жаяды. Арпа, бидай, тары, бұршақ, жүгері сияқты дәндер халықтың танымында бұл дүниедегі жеті тірліктің иесіне берілген ас болып саналады. Көпшілік бір-бірімен «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын, пәле-жала жерге енсін» деп тілек тілей, амандық сұрасқан. [65; 135]

Сол сяқты:

Ұлыс күні кәрі-жас

Құшақтасып көріскен.

Жаң ағытқан қозыдай

Жамырасып өріскен.

Шалдар бата беріскен:

«Сақтай гөр, деп терістен,

Кел, таза бақ, кел десіп,

Ием тілек бер десіп ...», - деп өлең айтысқан [66; 52-69бб].

Ұлыс күндері жастар сауық құрып, ұлттық ойын ойнап, үлкендер ақ бата, игі тілектер айтқан, еңбек адамдарына ілтипат білдірген. Өйткені, наурыз келгенде еңбекші жұрт егін, бау-бақша салып, ағаш отырғызған. Төлдеген малға күтім жасаған.

Халықтың ескі дүниетанымы бойынша жылдық циклдің заңдылығы бойынша нақты бір уақыт пен кеңістік ареалында жаңа жыл келеді. Яғни, наурыздың жиырма бірі күні дала кеңістігін Қызыр ата аралайды. Қызыр ата қора-қопсысы, үйі, дастарқаны, ниеті таза адамдардың үйіне түнейді деп сенген. Сондықтан да наурыз мейрамы алдында міндетті түрде тазалық әрекеттері орындалады. Қызыр атаның назары жерге түссе, қар еріп, жердің тоңы жібиді, ал, тасқа түссе ол да балқиды екен. «Самарқанның көк тасы» еріген күні - Наурыздың басталуы болып саналады. Наурыз басталуының бірінші белгісі - үлкендердің балаларға сұрау салуы:

Самалық, самалық,

Көк құс көзін ашты ма?

Әуелеп аспанға ұшты ма?

Аяғын жерге басты ма?

*Самалық, самалық,
Самарқанның көк тасы,
Жібіді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық,
Қап тауының көк құсы,
Жүгірді ме, көрдің бе?[67; 3].*

Наурыз мерекесі ерекше салтанатпен аталып өтілген. Жастар үлкендердің батасын алуға ұмтылып, адамдар бір-бірімен «айдан аман, жылдан есен шықтың ба» деп көрісетін болған.

*Ұлыс күні кәрі-жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаң ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен.
Шалдар бата беріскен:
«Сақтай гөр! – деп - терістен».
«Кел, таз а бақ, кел!» - десіп,
«Ием тілек бер!» - десіп,
«Көз көрместей өш» - десіп,
Бата-тілек бөліскен ...*

*Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алсаң –
Сонда олжалы жол болар, - деп келетін ұлыс жыры хабар береді.*

Ұлыстың ұлы күні деп аталатын бұл мерекеде атқарылатын рәсімдер мен жоралғылар табиғатты құрмет тұтқан байырғы түсініктен хабар береді. Орындалатын барлық рәсімдердің мәні мен маңызы ерекше болған.

Қымызмұрындық – ел жайлауға шыққанда алғаш рет қымыз сауылғанда өткізілетін тойы. Бұл той қазақ даласында биемұрындық, биебау, биебайлардеп әр түрлі аталады. Қыстан шығып, арқаны кеңге салған уақытта ауыл болып жиналып, қымыз ішіп, мейрамдайтын бұл мереке халық үшін Наурыз мерекесі мен құрбан айт тәрізді маңызды.

Қымызмұрындық мейрамын екі түрге бөлуге болады. Біріншісі - бие байлар деп аталады. Ел жайлауға шыққан соң сауылатын биелерді бөле бастайды. Бұл істі ауыл ақсақалдары өзара кеңеспен шешеді. Желі тартқызып, асау биелерді ұстау үшін мықты жігіттер дайындалады. Әйелдер жағы саба мен көнекті жуып, кептіріп қояды. Жігіттер желінің жібін тартып, қазық қағып, тоқпақтарын сайлайды. Сәске кезінде жылқышылар құлынды биелерді айдап әкелгенде дайын тұрған жігіттер құлындарды ұстап, желіге байлайды.

Құлындар байланып болған кездейелдер мен қыздар желі басына тағамдар әкеледі. Бұл кезде «байлар көбейсін» деген тілек айтылады. Желіге сары май жағылады. Сөйтіп қымыз ашыту басталады. Әр үйде дайындалған қымыздыәйел адамдар дәмін татады, ал ішуді батамен ақсақал бастайды. Қымызға арналған бата жылқының пірі Қамбар атадан басталады.[68; 285] Ол бата мазмұны төмендегідей болып келеді:

*Жылқышы ата - Қамбар ата,
Ақ тілеуіңді құдай оңғар!
Биең көп болсын,
Бала-шағаң аман болсын,
Аллау-әкпар!*

Мұндай дәстүрдің уақыт циклі мен орындалу кеңістігі көктем айы, түркілердің танымы бойынша жаңа жылдың басы болып саналады. Халық қыстың қатал суығынан шығып, жылы мезгілді, ақтың ауызға тиіп, молшылықтың болуын тілеген халықтың арманымен астасып жатады.

Қазіргі ғылыми деректер бойынша әрбір уақыт және кеңістік әлемінде, әр организмнің өзіне тән уақыт өлшемі мен ритмі бар. Мысалы, жылы күз шағында солтүстіктен алғашқы суық жел келген кезден бастап қыз мезгілінің белгілері пайда болады. Мәселен, қоян қоңыр жүнін түсіріп ағара бастайды. Егер қар уақытында жаумаса, қара жерде ақ қоянды көруге болады. Ал, жаз мезгілінде керісінше қаз қалпына келетіні мәлім. Мұндай тіршілік формалары түркі халықтарының ұғымындағы танымдық дәлелдеудің бұл негізгі аргументі болатын – әр тіршілік формасы «мақсатқа лайықтылықтың» негізінде өмір сүреді, ал оны тіршілікке енгізген жоғарғы саналы күш деп түсінді.

Фольклористика саласындағы мифке көп анықтама берілген. Көпшілігі Антика дәуіріндегі мифологияға, мифтің атқартын қызметіне, дінмен, ырымдарымен, ертегімен байланыстырылып түсіндірген. Біріншісі – миф дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі (системасы), екіншісі - миф дегеніміз құдайлар мен қаһармандар жайындағы ауызекі әңгіме.

Мәслен ғалым Т.Х.Ғабитов «Қазақ мәдениетінің типологиясы» атты еңбегінде осы айтылып отырған ілімдерге сүйене отырып, этномәдени уақыттың мынадай типтерін атап көрсетеді:

1. Мифологиялық уақыт.
2. Архетиптік уақыт.
3. Өркениеттік уақыт.
4. Дәстүрлік уақыт.
5. Инновациялық уақыт. [69; 154].

Мифологиялық уақыттың Австралия, Океания, Африка, Чукотка елдерінің мифтерін зерттеушілердің айтуына қарағанда, миф тек қана таза түсінік күйінде, я болмаса тек таза әңгіме түрінде кездесе бермейді. Сол

кездегі уақыт пен кеңістік аясындағы мифология түсінігі мифтік әңгімелердің жиынтығы. Кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді. Кейде миф пен басқа фольклорлық шығармаларды ашып айырмайды, себебі миф тарихи негізі бар аңыз, хикаят, тіпті ертегі сипатта да баяндалады. Мұндай құбылыстар Ә. Диваевтың еңбегінде архетиптік уақыт және архетиптік кеңістік (ежелгі уақыт – ертедегі кеңістік) деп бөлінген болатын [71;84].

Қазақ фольклорының уақыт және кеңістік тұрғысынан қарағанда миф деп отырғанымыз - әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты мен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын әдеттегі, прозалық шығармалар түрінде болып келеді. Типологиялық сипатына орай, қазақ мифі ежелгі (архаикалық) классикалық мифтер түріне жақын.

Ежелгі классикалық мифтің белгілері мыналар: мифтік уақыт пен мифтік сана; Мифтік ұғым мен мифологиялық ойлау; осылардан барып мифтік дәуірде аспан мен жер - бір, адам мен табиғат - бір деп қабылданған. Фольклордағы архаикалық мифтің кейінгі, адамзат қоғамы мен санасының ілгерлеген кезіндегі мазмұны - адамды қоршаған дүниенің пайда болуы мен ерекшелігін, аңдар мен жануарлардың мінез-құлқын түсіндіру болып келеді.

Бұл мифтік сананың кейінгі, дамыған сатысы. Мұнда алғашқы қауым тарихындағы уақыт пен кеңістік аясында сол кезеңдегі адамы өзін табиғаттан бөліп алып, оған қарсы қоя бастайды. Табиғаттан, маңайды қоршаған дүниеден, аңнан, құстан өзінің ерекше екенін түсінген адам енді соның себебін іздеген. Сөйтіп, ол өзі туралы, аңдар мен құстар туралы миф туғызған. Бұл кездегі миф түсіндірмелі сипатта болған.

Архаикалық мифтің жанр ретіндегі тағы бір сипаты - атқаратын қызметінің танымдық болуы және көркемдігі мен қиялының қарапайым болуы. Ежелгі уақыт пен кеңістік ареалында көне мифті алғашқы қауым адамы қиял деп есептемеген, оған, оның оқиғасы мен мазмұнына кәміл сенген. Мифте қиял бар деген түсінік біздерде ғана, ал мифтік дәуірдегі, мифтік санадағы адам оны таза шындық деп қабылдаған [72; 300].

Демек, бұрын қазақтар өздері айтатын мифтер мен аңыздарға сенген. Қазақтың мифтері өздерінің барлық компоненттері жағынан жоғарыда белгілерін сипаттаған көне классикалық мифпен жақын. Онда сол архаикалық таза күйінде болмаса да көне заманғы мифке тән мифтік сана, мифтік уақыт, мифтік кеңістік мифологиялық ұғымдардың іздері айқын көрінеді. Қазақ мифінен мифтік сананың дамуындағы екі сатыны да, космос моделін де, яғни космоним аясында ілкі атаның жасампаздығын да адам мен табиғатты қарсы қоюдың да, аң мен құстардың мінез-құлқын түсіндіріп әңгімелеудің де көріністерін табуға болады [73; 231].

Уақыт пен кеңістік әлеміндегі дүниенің осы күнгі көрінісі - жер беті, аспан шырақтары, аңдар мен құстардың, өсімдіктердің түрлері, адамдардың өмір салты, әлеуметтік топтар, діни қағидалар, яғни өмірдегі барлық нәрсенің қазіргі күй-жайы - миф бойынша атам заманда болған оқиғалар мен тіршілік еткен мифтік адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі.

Мифтегі оқиғалардың болатын шағы - мифтік дәуір, мифтік уақыт. Ол қасиетті уақыт деп есептелген, себебі барлық заттың пайда болуы, осы күнгі түр-түсі, ерекшелігі сол заманда орныққан деп түсінілген. Мифтік сана бойынша заттың мәнін ұғу үшін оның шығу тарихын, кеңістік аясындағы пайда болу уақытын білу керек, яғни заттың мәні мен тегі теңдестіріле байланыстырылған. Қай заттың болса да шығу тегін білмейінше, оны пайдалауға болмайды.

Алғашқы адам қабілетінің ойлау қабілеті абстракті түсініктерді қабылдамаған, сол себепті сол дәуірдегі субъекті мен объектіні, зат пен оның атауын, көп пен азды, кеңісік пен уақытты дәл айыра алмаған. Соған қарамастан алғашқы қауымдық логика айтарлықтай абстрактілікке бара алған, әйтпесе мифологиялық түсінік пайда болмас еді [74; 213].

Мифтік санаға рух пен табиғаттың бірлігі тән. Осыдан барып уақыт пен кеңістік аясында оның негізі болып теңдік заңы (закон тождества) пайда болады. Кеңістіктегі өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат (духовное и природное) толық тең, яғни бір болып көрінеді. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты жанағы айтқан теңдік бұзылады.

Сол дәуірдің кеңістігінде мифтік сананың алғашқы кезеңінде адам мен жануардың арасына жік қойылмаған. Сол себепті, мысалы австралиялықтар мен окениялықтардың көне мифінде адам мен жануар дараланбайды. «Бұл оқиға аңдар адам болған кезінде болған еді», - деп басталу ол мифтерде заңдылық [75; 158].

Адам мен жануарды бөлмеу, адамды екі кейіпте болады деп түсіну көне заман кеңістігінде миф кейіпкерлерін жартылай адам, жартылай жануар түрінде бейнелеген болатын. Бұл мифтердегі кейіпкерлердің өзгеруі - әлі таза құбылу емес, бұл мақсатты құбылуға апаратын жол. Кеңістіктегі мақсатты құбылу кейін, мәселен, ертегі жанрының бір белгісіне айналады. Ал, тотемдік мифтегі қаһарман кейпінің өзгеруі шын мәніндегі құбылу деп санамау керек, себебі мұнда сол кездегі сана бойынша қаһарман адам кейпінде де, жануар түрінде де көріне береді. Мысалы,

Қиыр солтүстікте, Қола түбегінде тұратын лопар елінде бір Мяндаш-қыз деген әйел- болыпты делінеді. Бір күні ол бұзау-ұл тауыпты. Біраз уақыт өте келе бұзау-ұл жап-жас бұғы мяндаш-жігітке айналыпты. Келтірілген мифте уақыт кезеңінің өтілуі заңдылығының негізінде фольклордағы құбылу әрекеті көрсетіліп тұрғаны байқалады.

Мифтік дәуірдің өзіне тән уақыты мен кеңістігінде адамдар әр түрлі жанды-жансыз нәрсе, заттардың кейпіне кіріп, өзгеріп кететіндіктеріне кәміл сенген. Мұндай мифологиялық ойлаудың кейбір ерекшеліктері көне

замандағы «жабайы» адамның өзін-өзі маңайдағы табиғаттан, әлемнен бөлмеуінің салдарынан пайда болған. Ол кездегі адам өз қасиетін табиғатқа, оның белгілі бір құбылысы мен объектісіне теліген, олар да адам сияқты өмір сүреді деп ойлаған.

Ешқандай мақсатсыз құбылышылық кездесетін мифтер дүниедегі нәрсенің бәрі бірдей деген түсінікке негізделген. Көптеген аспани (космгониялық) және тотемдік мифтерде тірінің өліге айналуының басты себебі қатты шаршағандық болып келеді. Мұндай құбылудың алғашқы жағдайға қайта оралу деп айтуға болмайды. Қатты шаршаған мифологиялық кейіпкер қозғалуға шамасы келмегендіктен тасқа айналып, тыныш табады. Осылай шаршап жатып, ұйықтап кеткен батыр жайындағы миф қазақта да («Жеке батыр») сақталған.

Құбылышылық үрдісі әр түрлі себептерден болады. Адамға кеңістік әлемінде ғаламат қатер төнеді. Содан құтылу мақсатында адамдар жұлдызға айналып, аспан төрінде қалықтайды, немесе құсқа айналып кетіп аспан көкжиегінде қалықтайды. Қазақта сондай мифтің бірі Қазығұрт тауында орналасқан «Қырық қыз» деп аталатын тастарға қатысты аңыз-әңгімені айтуға болады.

«Баяғы өткен заманда бір байдың қызының той болыпты. Той болып жатқанда қалыңдық қырық қызымен, күйеу серіктерімен серуендеп шығады. Жаугершілік заман екен. «Жау келіп қалды!» - деген дауыс шығады. Сонда қыздар шулап: «Е құдай!» Бізді жау әкеткенше, тас қыла көр!» депті. Содан бәрі тасқа айналыпты».

Уақыттың көрсетілу түрі аңыздың басталуында «Баяғы өткен заманда бір байдың қызының той болыпты» болып, кейіннен географиялық орнының орналасуы Оңтүстік Қазақстан жерінде екені белгілі.

Бұл мифтегі тағы бір көңіл аударарлық нәрсе - адамның тасқа айналуы «Құдайдың» ісі болып көрінуі. Бұл, сөз жоқ, бір құдайлық ислам дінінің әсері. Ежелгі мифтерде басына төнген қатерден құтылу үшін адам өзі тасқа, немесе аңға айналып кететін.

Бұдан шығатын ой сол дәуір, яғни сол кездегі уақыт кеңістігіндегі адам дүниетанымының көзқарасына сәйкес алғашқы қауым мифінде құбылушылықтың кездесуі заңдылық деп санаймыз. Соның ең көнесі - адам өз-өзінен, өз еркімен басқа кейіпке түсуі. Ол көбіне бір қатерден қашып, не қатты шаршап барып басқа кейіпке түседі. Құбылышылықтың бұл түрі мифтік сананың бастапқы кезінде орныққан адам өзі мен табиғатты бөлмей, дараламай, екуі бір тұтас кеңістік деген түсінікте болған.

Сонымен қатар, мифтік сананың дамуындағы екінші кезең адам өзін қоршаған кеңістіктегі дүниеден бөліп алып, ерекшелендіре қарайтын сезіммен сипатталады. Кеңістіктегі бұл құбылыстың пайда болуын түсіндіретін немесе кеңістіктегі аспан, жер-су әлемі, аң-құстардың шығу тегін, немесе басқа бір сырын ашатын құбылушылық құбылысы тылсым жұмбақтар ретінде фольклорда молынан қолданылады. Аспан астындағы өлі мен тірі табиғаттың пайда болғанын түсіндіретін мұндай мифтер

этиологиялық (себептік) деп аталады. Сонымен қатар бұл құбылыстар тек мифологиялық түсінік шеңберінде ғана сақталған. Ал ертегілерде, не болмаса кейбір фольклорда мұндай құбылушылықтың себебі ешқандай түсіндірілмейді. Ал, этимологиялық мифте белгілі бір жануардың не себепті мұндай екені, оның қалайша жануар болғаны баяндалады. Оған дәлел Қаратау терістігіндегі «Келіншектау» деп аталатын шыңға да қатысты айта кетуге болады [76; 159].

Өмір жылжып, қоғам дамыған сайын адам мифтік санадан біртіндеп арыла бастайды. Ол уақыт өте биологиялық жаратылысты, кеңістік әлеміндегі табиғатты тануда енді бұрынғы мифтік түсініктермен қатар күнделікті тәжірибеге де сүйенген болатын. Соның нәтижесінде, сондай-ақ адамның білуге деген құштарлығының нәтижесінде ежелгі дәуір жандары кеңістік әлеміндегі аспан шырақтарын білуге тырысқан. Өзін айнала қоршағын табиғатты біліп-тануға күш салған. Айналасындағы географиялық кеңістіктегі тау-тас, су-жер, аң мен жануарлар сырын түсінуге ұмтылды.

Жалпы адамның табиғатты, дүние мен кеңістікті, уақыт пен жылдарды тану мақсатында туған шығармалар болып саналады. Бұл, әсіресе, космостық денелерге, оның ішінде Жер, Күн, Ай, жұлдыздар жайлы мифтерден айқын көрінеді.

Аспан әлемі туралы қазақ мифтерінде қазақтың мал шаруашылықты, көшпеді өмірі жан-жақты көрініс береді. Мәселен мынадай мифтерді айта кетуге болады.

«Жетіқарақшы бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған бау кеспе ұры болыпты. Халық болып соңына түскен соң қылмысы басынан асқан жеті ұры жеткізбей, аспанға қашып шыққан. Батсаған алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі - ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Ана екі бүйірдегі екі жарық жұлдыз - екі батыр. Сонау көрінген қатар екі жұлдыз - Ақбозат пен Көкбозат батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқаны да әне көрініп тұр. Аттар Темірқазықты айнала оттайды. Оларды аңдыған жеті ұры да түнімен төңіректен, айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды қолға түсіріп алмақшы. Сақ күзетші алдыңғысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады».

Міне, бұл қарапайым ған мифте аспандағы жұлдыздардың қозғалу заңдылықтары қазақтың күнделікті өз өмірінің көріністерімен түсіндірілген. Күндіз малын бағып, түнде оны күзеткен қазақ аспандағы әр жұлдыздың туар, батар мезгілін, оның қозғалу жолдарын, көктегі орналасу орнын, - бәрін жақсы білген, ал оны түсіндіруде реалды өзінің өміріне жүгінген. Жаңағы Жетіқарақшы деп аталатын жеті жұлдыз бен Темірқазық жұлдызының қозғалу заңдылығы жоғарыда келтірілген мифте дәл және шебер қиюласқан.

Кемпірқосақ жайындағы миф те - қазақ өмірінің аспандағы бір көрінісі. Қой қосақтап сауу - қазақтың әдеттегі шаруасы. Ал осы күнделікті тұрмыстың, шаруашылықтың жаңбырдан кейін болатын табиғат құбылысын

түсінуге пайдаланылуы - жай ғана қиял емес, реалды өмірге, тіршілікке негізделген тұжырым.

Белгілі бір уақыт пен кеңістіктің өмірлік және тұрмыстық материалдарын (шындығын) ауыз әдебиетінде объект етіп алуда бұл фольклорлық шығарманың өзіндік ерекшеліктері мен олардың көркемдік шешімдеріне тарихи уақыт пен кеңістіктің әсері, ықпалы қаншалықты болғанын пайымдау болып саналады.

Архаикалық (ежелгі уақыттағы) мифтердің негізгі мазмұны-жасампаздық. Ал орта ғасырдағы ойшылдары кеңістік пен уақытты Құдайдың жасампаздық іс-әрекетімен теңеді. Дүние өтпелі, тек Құдай ғана – ол мәңгілік, кеңістік пен уақыттан тыс жатыр деп тұжырымдады.

Ғылымда көне мифтердің негізгі саласын жасампаздық (кеңістіктегі мәңгілік өмір) деп көрсетілді. Е.М. Мелетинский өзінің «Поэтика мифа» деп аталтын еңбегінде «Жасампаздық мифтер дегеніміз - кеңістіктегі бүкіл мәңгілік дүниені құрайтын нәрселердің пайда болуын баяндайтын мифтер», - деп анықтады [77; 182].

:асампаздық (кеңістіктегі Мәңгілік) мифтердің ішінде ең бастысы - Космостың жасалуын баяндайтын, әлемнің пайда болуын әңгімелейтін мифтер жатады. Әлемнің алғаш кезінде уақыт пен кеңістіктің хаос түрінде болып, кейін жасампаз қаһармандар мен «құдайлардың» еңбегі арқасында осы күнгі қалпына келген жайлы миф дүние жүзінің халықтарының бәрінде дерлік кездеседі. Кейбіреулерінде қарапайым болса, енді біреулерінде дамыған көркем шығарма түрінде келеді. Бәрінде бірдей Хаостың реттелген Космосқа айналуы тікелей баяндалмайды. Мұндай жағдайды қазақ мифтерінде де ұшыратуға болады.

Әдетте, архаикалық мифте аспан мен жер бөлінбей тұрғанда әлем шымшытырық Хаос болып суреттеледі. Ал, Хаосты, көбінесе, қараңғы түнек, немесе түн, кейде ұшы-қиыры жоқ түпсіздік, я болмаса ұлан-ғайыр мұхит ретінде бейнелейді. Осындай Хаостың тәртіптелген Космосқа айналуы - түнектің жарыққа, судың құрылыққа, түпсіздіктің затқа айналуы көрсетіледі[78; 167].

Осылардың ішінде ең бастысы болып табылатындары - тұңғыық судың құрылыққа айналуы мен аспанның жерден бөлінуі. Хаостың Космосқа айналу процесіндегі осы екі саты қазақ мифінде із қалдырған.

Әлем ең алғаш ұшы-қиыры жоқ су болған деген космогониялық түсінік қазақ арсында кең тараған топан су туралы, Қазғұрт тауы жайлы мифтерде сақталған. «Қазығұрт тауы» мифінде былай делінеді:

«Қазғұрт тауы» - тәңірі артық жаратқан тау екен. Өзі аласа тау болса да, жер жүзіндегі таулардың қасиеттісі екен. Баяғы ерте заманда жер жүзін топан су басып кеткенде, жалғыз осы Қазығұрт тауы аман қалған екен. Қазығұрт тауының басында, күнбатыс жағында азырақ тегіс жер бар. Ол жер Нұқ пайғамбардың кемесінің орны екен. Барлық хайуанның тұқымы топан суына тәрік болмай, сол кемеге мініп аман қалған. Жоғарыда айтқанымыздай,

мифте хаостың тікелей космосқа айналуы айтылмайды, ал дүние жүзі толған су болған деген түсінік сақталған.

Қазақ мифінде Хаостың Космосқа айналуындағы басты бір шарт - жер мен аспанның жекеленіп пайда болуы да көрініс тапқан. Жаңағы Қазғұрт жайындағы мифтің бір нұсқасында «Құдай баста жерді, көкті жаратқанда, Қазғұрт тауы да бірге жаралған» - делінеді. Міне, мұнда аспан мен жердің бөлектенуі, әғни әлемді қаптаған судан аспанның және құрылықтың бөлініп жасалғаны жайында түсінік бар. Көне заманда, мифтік сана кезінде адамдар бүкіл әлем кеңісіндегі дүниені, аспанды да су деп білген [79; 106].

Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда, яғни, кеңістікте үш түрлі әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған. Мұнда кеңістіктің үш (жоғары, орта, төмен) үлкен өлшемі бар екенінде хабардар береді. Ал, осы үш деңгейлі кеңістікте барлық оқиғалар осы кеңістікте жүзеге асып жатады да, уақыт оқиғаға, кейіпкерге бағынышты бола бередітінін Ш.Уәлиханов айтқан болатын. Сонымен қатар, мұндай сенімінің қазақта да бар екенін айтқан.

«Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамадар белдігін аяғана орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» [80; 336].

Кейінгі замандарда, миф ертегелерге айналғанда осы үш әлем ертегі кейіпкерінің шарлайтын мекендеріне айналады. Бұл үш әлем шамандар дінінде де сақталған.

Кеңістіктегі мифтік үш әлемнің вертикальді түрде тізбектеліп орналасуы Космостың моделі десе де болады. Аспан әлемі жерден бөлініп, өзінше реттелген боса, жер, мифтік түсінік бойынша, ортадағы әлем. Дүние жүзіндегі елдер мифі бойынша жер алуан түрлі болып суреттеледі: алып бұғы, тасбақа немесе жыланнның басы, т.б. түрде көрсетіледі. Оны, яғни жерді, зор балық, өгіз, кит, піл, немесе жылан көтеріп тұрады. Ал, «қазақ арасында жер жұмыртқадай, ол көк өгіздің мүйізіне қойылған, бір мүйізі талғанда көк өгіз екінші мүйізіне ауыстыра салады, сол кезде жер сілкіну болады» - деген мифтік ұғым болған [81; 127].

Қазақтардың дүниетанымындағыәлем кеңістігінде жер жұмыртқадай деп түсінетіні алғашқы қауымдағы көне мифтерден қалған із деуге болады. Зерттеушілердің еңбектеріне қарағанда, архаикалық мифтерде космос жұмыртқадан шыққан, тіпті алғашқы адамдар да солай пайда болған деген ұғым болған [82; 399].

Жоғарыда айтылған үш әлемді, яғни бүкіл космосты, үлкен зәулім ағаш түрінде де суреттеу бар. Бұл ағаш көп жағдайда мифтік үш әлемді вертикальді түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» дейді. Ол космостық ағаш бейнесі көне мифтермен бірге шамандық нанымға да кіріккен. Жалпы, кеңістік ареалындағы әлемдік ағаш туралы мифтік ұғым қазақтың ертегілері мен шамандық нанымда да кездеседі. Негізінен жоғарыда

айтылған көне мифтердегідей емес, қиял, нысан, бағыт беру түрінде де кездеседі.

Мәселен, көптеген қазақ ертегілерінде зәулім бәйтерек суреттеледі. Ол кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек түбінде айдаһарды өлтірген кейіпкер аспан әлеміне көтерілуге, немесе жер астынан шығуға мүмкіндік алады. Мәселен, бәйтеректің басына ұя салған самұрық (не Алып қаракұс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, я болмаса жер бетіне шығарады. Міне, мұндағы зәулім бәйтерек бейнесі - қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі. Мұны қазақтардың айдалада өсіп тұрған жалғыз ағашты қадір тұту салтынан да көруге болады. Бұл туралы Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «Жапанда өсіп тұрған жалғыз ағаш, немесе бұта қадірленіп, оның басына түнейді. Оның қасынан өтіп бара жатып, адамдар ағаштың бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс тастайды, тіпті құрбандыққа мал шалады, я болмаса аттың жалын түйіп тастайды».

Үш әлемді дәнекерлеп, жалғастырып тұратын космостық ағаш бейнесі көне түркі нанымдарының дүниетанымында жақсы сақталған.

Қазақ бақсыларының қолына ұстап жүретін аса таяқ (асай-мұсай) осы Сібір шамандарының кеңістіктегі үш әлемді шарлауға мүмкіндік беретін космостық ағашының өзгерген түрі. Қалай болғанда да, бақсы асатаяғы мен ертедегі бәйтеректің түбірі бір екенін, ол архаикалық мифтегі космостық ағаш екені белгілі [83; 210].

Қазақтың кеңістіктегі «дүниенің төрт бұрышы» деген осы мифтік ұғымға меңзейді. Оның үстіне архаикалық мифтерде кеңістіктегі тегістікті басынан аяғына дейін (яғни жоғары бұрышынан төменгі бұрышына дейін) байланыстырып тұратын нәрсе - өзен болса, (бұл жерде өзен үш вертикальді әлемді байланыстырып тұратын космостық ағаш сияқты), ондай түсінік қазақ арасында да із қалдырған.

Әдетте, қазақтар «су басы», «су аяғы» деп қана қоймайды, сонымен бірге «суды өрлеп», «су аяғы құрдымға кетті ... », деп те айтады. Мұндағы «су басы», «суды өрлеуі» - жоғары жақ та, «су аяғы», «құрдым» - төменгі жақ. Демек, қазақтың бұл сөздері ғалым Е.М.Мелетинскийдің мына пікіріне толық сәйкес келеді:

«Солтүстік халықтарының шамандық мифологиясында (функциясы жағынан әлемдік ағашқа, шамандық діңгектерге жақын) жоғары мен төменді, аспан мен жерді байланыстырып тұратын шамандық өзен болады деген көзқарас бар. Демек, су басы жоғарға әлем, ал су аяғы төменгі әлем болып саналады. Осыған сәйкес су аяғы көп жағдайда төменгі әлем орналасқан жақпен теңестіріледі».

Осы тұрғыдан келгенде «Қозы-Көрпеш - Баян Сұлудағы» Қарабайдың суды өрлеп көшуі мен марқұм Сарыбайды іздеушіге «су аяғы құрдымға кетті» деуі әдеттегі түсіндіріумізден басқаша сипат алады. Эпоста «Қарабай су өрлеп көшті» дегені - «ол жоғары әлемге сапар шекті», яғни «тірі» дегені, ал «Сарыбай су аяғы құрдым кетті» дегені - «ол төменгі әлемге, жер астына кетті ...» яғни «өлді» дегені. Сөйтіп, мифтік ойлау кезінде

кеңістік әлемінде туған түсінік келе-келе поэзиялық символикаға айналған[84; 205].

Адамның жаратылыстан өзін бөлмей тұрған кезде туған көптеген мифологиялық символдар, жануарға немесе табиғат объектісіне арнап сөйлеуге, олармен сырласып тілдесуге болады деген түсініккейін көркем фольклорға ауысып, басқа бейнелеуіштік сипат алған.

Классикалық көне мифтің басты кейіпкері, мәңгілік өмірдің иесі - ілкі ата-демиург, кеңістіктегі мәңгілік жасампаз қаһарман. Мифте әлемдегі нәрсенің бәрін жасаушы - солар, адам қоғамын, оның әдет-ғұрпын орнатқан да - солар, тіршілік атаулының бәрін де келтірген де - солар, адамдарға аң аулап, от жағып, тамақ пісіруді, яғни өмір сүруді үйреткен де - солар болып баяндалады.

Қазақ мифінде бұл образ алғашқы күйіндегідей сақталмаған. Өте ерте заманда, Түркі қағанаты кезінде орныққан Тәңірге табыну, содан кейінгі ислам діні бағзы замандарда болған мифтік жасампаз қаһарман образын ығыстырып жібергенге ұқсайды. Олардың әлем кеңістігіндегі Тәңірін, кейін Алла, Құдай басқан болуы керек.

Демек қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның Әміршісі саналған. Яғни Тәңір - ең жоғары құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де, аспанды да, ондағы жұлдыздарда да жаратушы - Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі - көне мифтік ілкі ата-демиургтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Көне замандағы, Түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды - еркек, жерді - әйел деп түсінетін мифтік ұғым қазақтың діни нанымында ғана сақталып қана қоймаған. Ол ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға айналған.

Мысалы, Ұлы Абайдың мына бір шумақтарын еске алайық:

*Безендірілген жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан түсер.*

*Күн - күйеу, жер - қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің соғндай күшті.
Күн күйеуін жер көксем ала қыстай,
Біреуіне біреу қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып түрленер тоты құстай.*

Келтірілген көне мифтің кеңістіктегі елесі бар: аспан (күн) - еркек (күйеу жігіт) ролінде. Бірақ ұлы Абай мифтік ұғымнан ешқандай із қалдырмаған.

Қазақ фольклорындағы аңызды мифтік уақыт пен кеңістікті ұйымдастырудағы басты белгілері пейзаж, географиялық кеңістік пен уақыт сюжет мазмұнының әлеуметтік-психологиялық күрделі қабаттарын ашып көрсету. Бұл әдіс мезгіл мен мекен аясында аңыз-әңгімелерді жеткізушілердің сюжет құруы және көркемдікке көтерілудегі шығармашылық ізденістері арқылы іске асырылады.

Мифтік аңыз-әңгімелер қатарында адамдармен қатар жүретін мақұлықтар мен құбыжықтар туралы әңгімелер түрі - хикая деп аталады.

Хикая дегеніміз - ел өмірде бар деп сенген неше түрлі жезтырнақ, үйбе, албасты, күлдіргіш, жалғыз көзді дәу, шайтан, пері, дию сияқты нәрселер туралы діни нанымға негізделген әңгімелер.

Хикая көне мифтің қоғамдағы өзгерген түрі. Хикаяның сюжеттік құрылысы, ондағы кейіпкердің суреттелуі, табиғаттың сипатталуы, тіпті, әңгімешінің өз образы - бұның бәрі хикаяның негізгі қызметіне бағындырылған. Ел арасында паралельді кеңістікте көзге көрінбей өмір сүретін әртүрлі су иесі, тау иесі, тағы да басқа мақұлықтар бар деген халық ұғымынан туған.

«Ақ Мешіттің бері жағында, өзімен үшінші қызыл үйдің маңдайында Бірқазан деген көл бар. Сол Бірқазаннан кешке таман екі жігіт түнде, айдың жарығымен Ақ Мешітке келе жатса, жолдың бір жағында екі бойжеткен қыз отын арқалап жүре береді. Біраз тұрған соң екеуі де қалың тоғайға еніп кетті де, бұлардың атын атап, әр жерге от жағып, «ауыл мұнда» деп шақыра бастады ...» Міне бұл шайтанмен кездесуін баяндайтын хикаяның айтылу стилі. Мұнда айтушы көзімен көріп тұрғандай қылып айтады. Мұндағы уақыт пен географиялық орналасу мекені шынайы көрсетілген. Ақ Мешіттің бері жағында, өзімен үшінші қызыл үйдің маңдайында Бірқазан деген көлі, кешке таман ай жарығында деген мәліметтер хикаяның рас екеніне еш күмән келтірмейді. Бұл - хикаяның уақыт пен кеңістікке қатысты өзіндік стилі.

Хикаялар, әдетте, елсіз жерде жүретін аңшылар, жолаушылар мен малшылар арасында жиі айтылған. Табиғатпен тікелей араласып, оның неше түрлі құпия сырларын көріп, бірақ оларды толық түсінбей, қорқып, тіпті, табынып, әртүрлі сезімде болатын адамадар арасында туып, елге таралған. Мұндай хикаялардың өзінің өтетін уақыты мен кеңістігі болған. Демек, хикаяларда басты кейіпкер болып, жолаушылап жүрген батыр, мерген, аңшы, керуеншінің көруі, солардың атынан баяндалуы да заңдылық.

Мәселен, «Мамай батыр» хикаясында Мамай батыр өзінің жезтырнақпен кездескен хикаясын баяндайды.

Әңгіменің бас кейіпкері – айтушының өзі. Өзі де, тыңдаушы да оқиғаның шындығына еш себеп келтірмейді. Себебі оқиғаның өту кезеңі Үшарал деген жердің атауымен қосыла айтылады. Кеңістіктегі нақты орын көрсетілгендіктен, бұл тәсіл дәлелдейтін факт ретінде қабылданады. Жезтырнақтан басқа ешбір қиял жоқ. Әңгіме туғызған жағдай қазақ арасына тән жағдай. Себебі қазақ халқы қараңғы түнде, жұлдызды аспан астында жиі түнеп, табиғатқа өте жақын болған. Қазақ мал баққан ел. Аңшы мен малшы,

жолаушылап жүрген адамдар, құдайы қонақтар кәдімгі сахарадағы аспан астында өмір сүрген қазақ ауылының болмысы көрсетіледі. Бұл халықтың аспан асты мен мезгіл ауысымана қарамастан табиғат аясында өмір сүргенін дәлелдейді. Бірақ соған қарамастан, мұнда тыңдаушыға үрей туғызатын жағдай бар. Ол – жезтырнақпен кездесердегі ситуация. Дүниедегі кеңістікте адамнан басқа да тірі, бірақ көрінбейтін, құпиялы мақұлықтар, жер-судың иелері бар деп сенген.

Әңгіме басталар алдында аттың оскырып, бір сұмдықтың боларын сезіп, күдіктене бастайды. Бір кезде кенеттен «зуылдап қара сұр әйел келеді». Айдалада, тылсым тиыштықта ғайыптан пайда болуы бір сұмдықтың болатынын аңғартады. Бұл әдіс хикаяның өзіндік жанрлық ерекшелігі. Адамның басқа дүниенің, басқа кеңістіктің өкілімен кездесуі – өте құпиялы, тылсымды ғана емес, аса қорқынышты, тіпті хикаяның бүкіл мазмұны тыңдаушысына үрей туғызатын әдістер қолданылады.

Ертегіге қарағанда, хикаяда тылсым уақыт пен айдаладағы кеңістікте кездесетін мифологиялық кейіпкерлер қорқынышты болып суреттелді. Тіпті хикаяның бүкіл мазмұны ғана емес, кеңістіктегі тылсым табиғат та, бейтаныс адамда үрей туғызады. Тылсым дүниеде бейтаныс мақұлықпен кездескеннен кейін адам не есінен танып қалады. Кейде тіпті өліп те кетеді. Оқиға мазмұнының тылсымдығы трагедиялық сипаты, оқиғаның өң мен түс арасында болуы хикая жанрының мифологиялық сипатын күшейтеді. Мәселен, хикаядағы оқиға көбіне-көп түнде, тұман түскенде, айдалада, елсіз жерде, қалың тоғай, қамыс арасында, тау ішінде, көл жағасында болады. Ал адамдармен кездесетін басқа дүниенің мақұлықтары иен далада, жапан далада жүретін кісілер. Мұндай оқиғалар қазақ даласының кеңістігінде жиі кездесетін сиқырлы жұмбақ құбылыстар. Осы кеңістіктегі реальді өмірмен бірге қабаттасып паралельді өмір сүретін бейтаныс тірі жәндіктер немесе жұмбақ адамдар. Бұл да мифтегі фантастикалық кеңістік пен уақыттың қолданысы.

Хикаялар елсіз жерде жүретін аңшылар, жолаушылар мен малшылар арасында жиі айтылған. Табиғатпен тікелей араласып, оның неше түрлі құпия сырларын көріп, бірақ оларды толық түсінбей, қорқып, тіпті табынып, әртүрлі сезімде болаған адамдар аузынан айтылып, елге тараған. Демек, хикаяларда басты кейіпкер жолаушылап жүрген батыр, мерген, аңшылар атынан баяндалуы заңдылық. Осының бәрі аспан астындағы кеңістіктен пен уақыт аралығында өткен тылсым дүниелердің хикаят мазмұнына енуі заңдылық. Жұмбақ дүниедегі су иесі Сүлейменнің де қазіргі замандағы виртуалды кеңістіктің болуы деген ұғым да туындайды.

Хикаяда мифологиялық құбылыстардың сырт пішіні де суреттеледі, бірақ, көбінесе, портреті емес, жалпы бейнесі, түрі, түсі, бет әлпеті туралы түсінік беріледі. Әдетте, ол құбыжықтың кім екені бірден айтылмайды: ол жолаушымен қатарласып келе жатқан қыз болып көрініп, артынан жоқ болып кетеді (шайтан), сұлу келіншек бейнесінде суреттеледі. Жалмауыз кемпір, жезтырнақ, албасты, дию, шайтан сияқты құбыжықтар елсіз жерде,

бейуақытта ғайыптан пайда болады. Мұндай жағдайда оқиға әрлене баяндалады. Сол кездегі адамның адамның жай-күйі, маңайдағы табиғат, түн сипатталады. Әдетте жезтырнақтың келер мезгілі - түн, адам әр дыбыстан сескенетін уақыт. Оның үстіне маңайда тірі жан жоқ, айдала. Мұнда мекен мен мезгіл заңдылығы оқиғада маңызды роль атқарып тұр.

«Бір күні қара мерген кешкісін ет пісіріп отыр еді, бір сыбдыр естілді. Мерген бұл не сыбыр? Бұл маңайда ешкім жоқ еді ғой!» - деп жан-жағына қарады. Дәл осы сәтте қостың ішіне көк көйлек киген әйел кіріп келді де, үндеместен бір тізесін бүгіп, отыра кетті. Мерген әйелге зер салып қарап еді, беті сап-сары, көзі аларған екен. Ол да мергенге тесіле қарады».

Жезтырнақтың өз елі бар деп сенген халық хикаяда жезтырнақтың жұртын да бейнелейді. Хикаяда екі басқа географиялық кеңістікте өмір сүретін жұмбақ бейнелер оқиға негізіне арқау болады.

«Бір күні Төлебай батыр бір жолдасын ертіп, тауға аңға кетеді. Тау аралап жүріп, олар мал жайып жүрген кісілерді көреді, бірақ олар Төлебайларға жылы жүз көрсетпейді. Осы кезде Төлебай тастан қаланған үйлерді көреді де, соған қарай бет бұрады. Шеткі үйге жақындағанда ішінен жезтырнақ шығып, Төлебайға жылы шыраймен сәлем береді де, батырға аттан түсіп, үйге кіріп, шай ішіп кетіңіз», - дейді. Төлебай тоқтамай өтіп кетеді де. Жанындағы жолдасына «жезтырнақ елінен күні-түні жүріп шығып кетейік!» - дейді [84; 360].

Хикая шығармаларындағы көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесінің өзгешелігі айқындалды. Себебі халықтың дүниетанымдағы уақыт пен кеңістік фантастикалық бірлікте болаып, жұмбақ бейнелердің бейнесін жасайды.

Хикаяларда жезтырнақтардың мекені әр түрлі. Ш.Уәлиханов жезтырнақтар орманда тұрады десе, Ә.Диваев биік тауды мекендейді дейді. Қазақтар ежелде жезтырнақтың елсіз мекенде тұратынына сенген. Мүлгіген қалың орманда да, адам шыға алмас биік тауда да, ит тұмсығы өтпес ну қамыста да, адам жүрмес жапан далада да - мұның бәрі тағы аңдар мен құстар мекені. Ондай жерлерге тек аңшылар мен мергендер ғана барады, жолаушылар амал жоқ түнейді. Сондықтан хикаялардың бас кейіпкері - батыр, мерген, аңшы болады [84; 96].

С.Сейфуллин: «Осы неше түрлі аң мен құстардың тіршілік-тұрмыстарын, сырларын, күйлерін аңдып, көріп бақылаған аңшылар кешке ауылға қайтқанда көрген-білген, естігендерін от басында әңгімелейді. Жаратқан сәйгүлік атқа мінісіп, қолдарына жебелі, шашақты, толғамалы найза, шүйделі айбалта алып, жорыққа жауға аттанған ерлер де көрген, білген, естігендерін әңгімелеген ...» [86; 335]

Батыр, мерген, жортуылшылар жапан түзде түн қатып, түн жамылтып, көктегі бырдай болып құлпырған алтын гауһар жұлдыздардың от шашып, ойнаған құбылыстарың жүрістерін бақылайды. Оқиғаларға арқау болатын сюжеттер түнгі уақыт кеңістігінде бейтаныс бейнелердің ғайыптан келуі және кетуі, түннің бір уағында қайтып келуі бейуақыт мезгіл мен мекен

аясында өтеді. Адамның бойына қорқыныш ұялату, сескену, қорқу сияқты психологиялық сезімдерді тудыру үшін фантастикалық уақыт пен көркемдік кеңістік ұйымдастырылған.

Қорыта келе, фольклорлық шығармаларды көркемдік уақыт пен кеңістік тұрғысынан сюжетті ұйымдастырудың әдістердің бірі деп санаймыз. Мұндай тәсілдер шығарманың ішкі заңдылықтарын айқындайды. Табиғаттың, тылсым жұмбақтың, кейіпкерлердің образдарын ашу үшін шығарманың композициялық тірегі болады. Қиял-ғажайыптық көріністерді ашу мақсатында ішкі ұйымдастырушы қызмет атқарады.

3.2 Аңыз, эпсана, хикаят жанрындағы көркемдік уақыт пен кеңістік

Эпсана сөзі парсыша ертеке, қиял, мысал ұғымын білдіреді. Эпсана терминін өз еңбектерінде Ә.Марғұлан жиі қолданған. Эпсана сөзін термин ретінде қолдану жалпы фольклортануда бар [87; 217].

Аңыз бен эпсана өзара жақын болғанымен бір-бірінен айырмашылығы бар. Аңыздың мақсаты - бір фактіні, тарихи оқиғаны хабарлап, ол туралы тыңдаушыға мәлімет беру. Эпсананың мақсаты - ертеде өткен оқиғаны, баяндау арқылы ғибрат беру.

Эпсана сюжеттік мазмұны шартты түрде кеңістік пен уақыт талабына сай тарихи, мекендік және утопиялық болады. Жер-су тарихын баяндайтын эпсаналарға «Айнақ көл», «Ыстық көл», «Қызылкеніш ордасын» атауға болады. Эпсаналардың «баяғыда бір заманда болыпты» деген қолданыстар оқиға сарынына арнайы кеңістік пен уақыт орнын ұйымдастыруды қажет ететіні бірден байқалады.

Мысалы, Ш.Уәлиханотың шығармалар жинағында «Тоқпанның балалары» деп аталатын эпсанада бір кездерде ырғыз өлкесінде болған Табынқазған, Тумалы деген көлдердің тарихы айтылады. «Баяғыда Тумалы көлінің жағасынан Тоқпан деген адам көшіп келеді. Оның үш ұлы тату болып, бәрі тыныш өмір кешеді. Үлкен ұлы арық қазып, Табынқазған көлінен су шығарады, егін егеді ... Қалған екі ұлы, Баламбек пен Құлсары, мал бағып үй күтеді. Алайда, әкесі Тоқпан өлгеннен кейін үш ұлы бұзылып, бірінің әйеліне бірі ғашық болып, берекелері кетеді. Соның салдарынан үшеуі айдалада қаңғып өледі, ал олардың үйі, дүние-мүлкі түгел өрттеніп, бүкіл аймақты өрт шалады. Сөйтіп, бір кезде көк майса болып, жайқалып тұрған шалғын, ну орман, бәрі өрттенеді, мал бытырыап бет-бетімен кетеді. Тумалы көлі иесіз қалады».

Тарихи факті жоқ, тек Ырғыз, Табынқазған, Тумалы көл деген жер-су аттары ғана. Эпсананың мазмұны ғибраттық мақсат көздеген. Мұнда кеңістік уақытқа қарағанда нақты болып келеді. Ырғыз, Табынқазған, Тумалы көл деген жер-су аттарының айтылуы осының дәлелі.

Қорқыт туралы эпсананың сюжеттік мазмұнында түсінде өлесің деп естіген Қорқыт ажалдан қашып, кеңістіктегі дүниенің төрт бұрышын

шарлайды. Ақыры, Сыр өзенінің ортасына жайылған кілемде отырған Қорқыт жыланның шағуынан өмір сызығына жетіп, қайтыс болады. Мұнда сюжет мазмұны арқылы Қорқыт өмірінің кеңістігі мен уақытына саяхат жасатқызады. Эпсанадағы көріністер уақыт пен кеңістіктің қатпарларына сүңгіп, өмірде жоқ қиял-ғажайып өмірдің салт санасын шарлайды [88; 22].

С.А.Қасқабасов адамзат тарихының ерте дәуіріндегі түсініктерді: «Алғашқы тұрмыстық бірінен соң бірі келетін уақыт үзіктерін біртектес сезінбеді. Күндіз бен түннің, ай мен жылдың т.б. кейбір кезеңдері адам үшін ізгілікті немесе апатты да қатерлі әсер етуі мүмкін» - деп пайымдады [89; 4].

Өлімнен қашып құтыла алмаудың мистикамен көмкерілген уақыт пен кеңістік туралы айтылады. Өлемдік кеңістікте мәңгі жасау үшін ажалдан қашып, неше түрлі әрекет істейтін адам туралы сюжет көптеген елдің фольклорында бар. Өлімнен құтылу жолын Қорқыт өзі табуға тырысады. Дүниеіе кеңістігін түгел шарлаған ол еліне қайтып келіп, «желмаясын сойып, оның терісімен қобызының сыртын қаптайды. Құрғақ жерде тұрса да бір күні ажал жетіп келер деген қауіппен бір қырмызы масатты кілемді алып, Сырдарияның суына төсеп, сонда қобызын тартып тұра беріпті. Қорқыт дүние кеңістігін кезгендегі арманын да, өлімнен қашқан қайғысын да, өзі көрген жақсылық-жамандық жайларын да қобызында ойнаған ғажап сұлу күйлерімен жеткізіп баяндайды. Сол уақытта Қорқыт күйлерін кеңістіктегі бүкіл дүние, жан иесі түгел ұйып тыңдайды ...

Қорқыт Сырдарияның көз жасындай суына қарап отырып «өлім мені қанша қуса да мен оны бұл жерге келтірмеспін» деп қобызын үздіксіз тарта беріпті. Қорқыттың күңіренген күйлерін балқып тыңдаған ажал да жақын келе алмапты».

С.А.Қасқабасов: «Қорқыт бұл айқаста жеңілген жоқ. Ол - ажалдан күшті тұлға. Қорқыттың өлімнен қашуы туралы идеялық мазмұны оптимистік екенін көреміз. Қорқыт ежелгі гректердің Прометейін еске түсіреді» - деп фольклортанушы ғалым болатын[90; 220].

Ертедегі уақыт пен кеңістік жиегінде қазақ жерінде «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «жер жаннаты Жиделібайсын», «тығулы жатқан қазына» туралы эпсаналар мазмұны Асан қайғының шөбі шүйгін, суы мол, елге де, малға да жайлы жер іздеп, дүние кеңістігін шарлайды.

Қоныс атауы Жерұйық немесе Жиделібайсын деп аталады. Мұндай утопиялық эпсаналадың мазмұны көбінесе әлеуметтік сипатта болады. Бұлай болу себебі қоғамдық-әлеуметтік кеңістігіндегі туындаған айтулы оқиға, дүрбелең кезінді баяндайды. Халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарады. Аңыздардың басты кейіпкері сол кездегі уақыт пен кеңістіктегі реальді өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар эпсанаға немесе хикаятқа айналады. Осыдан барып осы кеңістіктегі мессиандық рөл атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында сюжет құрылады.

Мұндай эпсананың тарихи аңыздан айырмашылығы оның тек көркемдік дәрежесінде емес. Басты ерекшелігі - тарихи аңызда нақты бір кеңістік пен уақыт аясында өткен дәуірдің оқиғасы жырланады. Арман кеңістігінде туған оқиғалар мен кейіпкерлер дәріптеледі. Асан қайғының Жерұйықты іздегені туралы эпсана осындай жағдайда қалыптасқан.

Асан Қайғы тарихтан белгілі XV ғасырда сонау Жәнібек заманында өмір сүрген. Әз Жәнібектің кеңесшісі болған. Бұл дәуірдің кеңістігі мен уақыт аясында айтулы оқиғалардың болғаны белгілі. Сондай оқиғалардың бірінде Асан Қайғы бүкіл ел қамын ойлап, ерекше көзге түседі.

Өзінен күшті Әбілхайырдан ыққан Жәнібек пен Керей елді Еділ мен Жайық арасынан көшіруге мәжбүр болады. Халық басына түскен ауыртпалықты көрген Асан Жәнібекке ата қоныстан жылжымау керек екенін айтады. Алайда, қаһарлы әміршімен тіресуге шама келмеген соң бүкіл жұрт арып-ашып, талай қиындықты басынан кешіп Моголстанға, Шу бойына ауады.

Эпсанадағы уақыт категориясы халық басына түскен шарасыздықты көрсетеді. Әлеуметтік жағдайдың тарихи деректерін анық көрсету әдісі шебер қолданылған. Мекен-жайын ауыстыру қарапайым халыққа ауыр тиетінін психологиялық тұрғыдан анық ашылған. Халықтың орын ауыстыру туралы деректер географиялық атаулар (Моголстанға, Шу бойына) нақты көрсетілген.

Эпсанадағы тарихи уақыт шынайы оқиғалар көрінісін, қатысушы кейіпкерлерді, уақытын, географиялық мекенін нақты көрсеткен. Географиялық атаулардың, тарихи оқиғалар уақытының нақты берілуі оқиға желілісін реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі.

Кеңістіктегі құтты мекен жайындағы эпсана нұсқалары қарақалпақ, құмық, ноғай елдерінің фольклорында кездеседі. Елге, малға жайлы қоныс іздеу туралы сюжет қыпшақ тобындағы түркілер заманында пайда болғаны туралы М.Ғабдуллин біраз зерттеу еңбектерін жазды.

Құтты мекен жайлы арман-тілектер осы өлкеде мекендеген халықтың ауыр тұрмысы, әлеуметтік әділетсіздіктер сол дәуірдегі кеңістік пен уақыт аясында айқын көрініс береді. Асан Қайғының «елді құтқарушы», «жерұйықты іздеуші» ретінде Асан уақыты суреттеледі.

Ал, осы сюжеттің генетикалық арғы тамырын іздесек, ол алғашқы қауымда қалыптасқан бір-бірімен тығыз байланысы бар кеңістіктегі үш әлем туралы түсінікпен сабақтас. Бұл түсінік көптеген миф, хикая, аңыздарға негіз болғаны белгілі. Асан Қайғы іздейтін Жерұйық та - ойдан шыққан, арманнан туған қоныс. Жерұйық - халықтың жарқын қиялынан пайда болған еркін, азат, жанға жайлы жердің образы. «Жерұйық» деген сөздің өзі «ел ұйып, тату-тәтті өмір сүретін жер» деген ұғым береді.

Фольклор құрамындағы хикаятта шындыққа негізделген немесе ойдан шығарылған, діни кітаптардан алынған сюжеттерді көркем түрде баяндайтын әңгімелер. Хикаят мазмұнында ерте заманда болған оқиғалар түрлері болуы мүмкін. Сондықтан онда тарихи уақытта болған тарихи есімдер, мекендер де

кездесіп қалады. Сондай хикаяттардың бірінде Ескендір Зұлқарнайын есіммен байланысты әңгімелер жатады. Қазақ арасында Ескендір жайында айтылатын әңгімелер үш сюжеттен құрылған. Біріншісі – өлмес суды іздеген Ескендір туралы, екіншісі – қос мүйізін жасыра алмаған Ескендір, үшіншісі – жұмаққа кіре алмаған Ескендір. Мұнда дүниенің төрт бұрышын шарлап, өлмес суды іздегені, о дүниенің бір рақаты жұмаққа кіре алмағаны туралы әңгімеленген хикаяттарда кеңістіктің төменгі бөлігі жұмақтың болуы жөнінде қазақ халқының нанымның болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, нақты кеңістікте үш мөлшер бар (жоғары, орта, төмен) ал фантастикалық кеңістік бір өлшемнен, не сансыз көп өлшемнен тұрады. Бұл хикаят уақыт мөлшері есте жоқ ескі замандарға саяхаттатып, өлмес су, о дүниенің бір рақаты жұмаққа кіру ұғымдары арқылы мифтік, қиял-ғажайып сансыз уақыт өлшемінен тұрады.

Дүниедегі өлмес суды іздеген Ескендір туралы хикаятта өлімнен құтылудың жолын іздеген Қорқыт туралы әпсанадағыдай оптимистік рух пен табанды күрескерлік сипат жоқ. Еген Қорқыт ажалға қарсы тайсалмай күрессе, Ескендір олай күресе алмайды. Сол уақыттың өзінде адам образдарының реальді көрінісін береді.

Фольклор саласында көп кездесетін аңыздарда көркемдік уақыт пен кеңістіктер жиі көрініс береді. Себебі аңыз жанрының кеңістігінде тарихи шындық пен фактілер жатады. Алайда, аңыз аясындағы тарихи фактілер әр дәуірдегі айтушылар мен тыңдаушылардың түсінік-пайымына қарай өзгеріп тұрады. Мұндай құбылысты жырлаушы уақыты және тыңдаушы уақытының болуынан деп Ш.Ыбыраев айтқан болатын.

Айтушы мен тыңдаушы уақыты жөнінде ғалым Ш.Ыбыраев «Эпос әлемі» атты еңбегінде жырлаушы уақыты оқиғаның ішкі оқиғаларына, сюжеттік құрылысына тікелей қатысы болмайтынын айтты [91; 123]. М.Әуезов «Әр жылдар ойлары» атты зерттеуінде оқиғаның сюжеттен тыс жырлаушы уақытты бар екенін ажырату қиын емес. Сюжетке тікелей қатысы жоқ жыр желісі деп аталып кеткен осындай сөздің басты қызметі айтушының өзі білетін жырлар туралы тыңдаушыға қысқаша мағұлмат беру. Сөйтіп, түрлі көңіл күйдегі отырған тыңдаушылар тас түйін болып, жұмылып, айрықша бір өткен дәуірге қарай зейін қояды, орындаушы мен тыңдаушы арасында тығыз қарым қатынас орнайды деген пікірлерін білдірген [92; 43].

Рулар, тайпалар арасындағы дау-жанжал, ұрыс-соғыс туралы аңыздар ауызша хроника іспеттес, онда шамамен болған оқиғаның мезгілі көрсетілуі мүмкін. Сол оқиғаға қатысқан адамдар міндетті түрде аталады. Мұндай аңыздардың бейнелеу құралдары жұпыны ғана, ал дәріптеу мен көркем жинақтау мүмкіншілігі ертегі мен эпостан төмен. Рулар, тайпалар соғысы туралы аңыздар - батырлық ертегі мен қаһармандық эпостың қайнар көзі [93; 278].

Аңыз өмірде болған оқиғалар, ертеректе өмір сүрген көрнекті тұлғалар және географиялық кеңістіктегі белгелі бір жер-су, мекен жайлы баяндайды. Сондықтан ел арасында аңыздағы айтылатын оқиғалар мен іс-әрекеттер

ақиқат нәрсе деп қабылданған. Жұрт үшін аңыз - ертегі емес, мұнда уақыт пен кеңістік бізді көркемделген қиялдың емес, барынша объективті шындыққа апарды. Әрине аңызда қиял (вымысел) бар, бірақ ол ертегідегідей, я болмаса эпостағыдай көркемделмеген.

Аңызда айтылатын хабар, оқиға еш күмән туғызбайды, өйткені оның түп негізі - тарихи шындық. Сонымен қатар, аңыздың мазмұнын растайтын дерек ретінде жердің аты, белгілі қайраткердің есімі, я болмаса жыл мезгілі аталып отырады. Тағы бір ескерте кететін жағдай аңыздың айтылу мәнері тұрақтанған, ол ылғи үшінші жақтан және өткен шақта баяндалады. Мұндағы кеңістік те, уақытта біршама тұрақты және нақты болып келеді.

Аңызда баяндалатын оқиға тек ұлттық сипатта және белгілі бір географиялық кеңістіктетегі нақтылы бір жерге ғана байланысты болып келеді. Аңызда тек жергілікті тарихтың ғана оқиғасы әңгімеленеді.

Аңыз дегеніміз бір мекеннің, жергілікті жердің, я болмаса бір елдің, тайпаның, рудың ауызекі шежіресі, бір географиялық аймақта болған оқиғаның белгісі. Сондықтан аңыздардың сюжеті көп жағдайда ұлттық қана болады, бір елдің аңызы екінші елге ауыспайды. Тіпті аңыздың көпшілігі аймақтық қана болады. Басқа елді былай қойғанда, Қазақстанның бір жерінде болған оқиға екінші жерде болмаған, сондықтан ол оқиғаға байланысты туған аңыз басқа аймаққа кең тарамаған.

Мәселен, оңтүстіктегі мекендер жайлы аңыздар солтүстікте белгісіз болып келеді. Қазақстанға белгілі болған, жеке өңірлік кеңістік аясынан шығып кеткен оқиғалар жайлы аңыздар барлық жерге тарауы мүмкін бірақ мұндай оқиғалар жиі болып тұрмаған. Қазақстанға тараған аңыздар өзінің пайда болған алғашқы аймақтық сипатын жоғалтпаған. Мұндай аңыздарға «ақтабан шұбырынды» оқиғаларына байланысты туған әңгімелер жатады.

Ал, Исатай, Махамбет көтерілісіне қатысты туған аңыздар белгілі болғанымен өзінің алғашқы шыққан аймағына, Батыс Қазақстанға өңіріне кеңірек тараған.

Бұл оқиғаның сюжетіне сол осы өңірге сай қалыптасқан ауа-райы, осы өлкені мекендеген халықтың өмір сүру салты, мінез-құлықтары, табиғат көрінісінен қандай географиялық ендікте орналасқаны белгілі болып тұрады. Соған орай, өңірге сай қалыптасқан сюжеттік уақыт пен кеңістік оқиға бойына кіргізіп кететіні байқалады. Себебі кеңістіктің нақты орны мен уақыты осы тәріздес құбылыстардан тұрады.

Аңыздың аймақтық сипаты оны фольклордың басқа жанрларымен салыстыра қарағанда айқын көрінеді. Мәселен, қаһармандық эпос пен тарихи жырда бүкіл қазақ еліне қатысты оқиға бейнеленеді, сондықтан батырлар жыры мен тарихи жырлар Қазақстанның барлық жерінде жырланған.

Фольклорлық прозаның басқа жанрларына қарағанда аңыздың танымдық қызметі айқынырақ, ол елдің өткен тарихи кеңістігіне алып келіп, мағлұмат береді. Аңыз – халықтың өзі айтып берген ауызекі тарихы десе болады. Олай дейтініміз - қазақ тарихында аты белгілі қайраткерлер мен ірі оқиғалардың аңызда айтылмайтыны жоққа тән. Қазақтың жеке ел болу

тарихында үлкен рөл атқарған Жәнібектен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі аралықтағы Қазақстанның әр жерінде болған елеулі оқиғалар жайындағы аңыздың саны мол. Олар көп жағдайда белгілі бір қайраткерлерге немесе белгілі бір географиялық ендіктегі мекенге байланысты болып келеді.

«Қазақ фольклорының тарихы» оқулығында «Қазақ аңызын тарихи және топонимикалық деп екіге бөлуге болады. Ал, күй аңызына келетін болсақ, онда әртүрлі жанрлар тоғысқан. Миф, аңыз, эпсана, хикаят, ертегі, жыр. Күй түрінде орындалатын аңызды айтатын болсақ, олардың басым көпшілігі тарихи оқиғаларға байланысты болып келеді. Сондықтан күй аңызы белгілі дәрежеде тарихи аңызға жатады», -деп көрсетілген [94; 313].

Тарихи аңыздарда кейде оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан бағланады. Халық қандай да бір оқиғалардың өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес болуын қалап, өз қалауынша баяндап көрсетеді. Аңыздағы тарихи оқиғалар, оған қатысатын тұлғалардың образдары арқылы дәл суреттелу әдісі байқалады. Бұл орайда географиялық атаулардың, тарихи кезеңдегі оқиғалардың дәл берілуі, басты кейіпкердің өмірлік прототиптерінің болатындығын, оқиға желілерінің тарихи фактілерден құрылатындығы көркем уақытты реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі

Оғыз-қыпшақтар оқиғасына қатысты аңыздар қатарына «Жанкент қаласы туралы», «Арыстан Алып пен Тойма сұлу», «Көккесене» сияқты шығармаларды жатқызуға болады. Сондай қаланың бірі - Жанкент. Бұл шаһар X ғасырда оғыз ұлысының астанасы болып, Орта Азия, Таяу Шығыс, Жетісу, Қытай, Еділ бойындағы елдердің сауда-саттық, мәдени, саяси байланыстарында үлкен рөл атқарғаны тарихтан белгілі болған. Жанкент қаласының қираған қалдықтары Қазалыдан 20-30 шақырымдай төмен Сырдарияның сол жағында жатыр. Аңыз сюжетінде кеңістік ауқымы барынша дәйектілікпен ашып, тарихи шындық нақтылықпен көрсітеледі.

Жанкент қаласының қашан, қалай қирағаны туралы нақты жылнамалық дерек әлі табылған жоқ. Қалай болғанда да бұл қаланың құлауы жаугершіліктен болғаны белгілі. Мәселен, 1897 жылы мынадай бір дерек жарияланыпты: «Жент қаласын оның төңірегін жаулап алғаннан кейін моңғолдар Жанкентті басып алды. Олар өзенмен құлдилап төмен түсіпті, бірақ бұл жорыққа Жошының өзі қатысты ма, жоқ па – белгісіз. Жент өлкесін түгел бағындырып алғаннан соң Жошы әкесіне қосылу үшін Бұқараға бет алғаны анық». Демек, оғыз-қыпшақ заманында гүлдеп тұрған Сыр бойындағы Жент Сығанақ тағы басқа қалалар сияқты оғыздардың астанасы болған. Жанкент те Шыңғысхан бастаған моңғол шапқыншылығы кезінде қатты қираған [95; 265].

Аңыздағы негізгі кеңістік бірлігі бірден-бірге нақтылана түседі. Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кеңістік өлшемі сол ел мекен еткен төңіректе, былайша айтқанда, қазақ халқының жер үшін жүргізген шайқастарымен тығыз байланысты өрістеп отырған.

Ал, бізге жеткен аңыздарда Жанкент шаһарының тарихы таза фольклорлық дәстүрде баяндалады. Бұл туралы Әлкей Марғұлан былай деп жазады:

«Жанкент туралы айтылатын қазақ аңыздарында бұл қаланы мекендеген елдің жойылып кетуін, оның күйреп бітуін қалаға ордалы жылан қаптап кетуінен деп қауесет етеді. Қаланың даңқты адамдары қорқыт ата, Сарман құса, Санжақ сұлтан, оның жұбайы Бикем, олардың ата-аналары тегісімен жыланның шағуынан өледі. Жанкент патшалығын сақтау үшін Сыр бойына қара дауыл соқтырып, Қорқыттың күшті рухы ретінде қара бура келеді». [96; 90].

Жанкент шаһарының қирауы туралы аңыздар қай кезде пайда болғанын анықтау қиын. Біздің ойымызша, бұл аңыз дәл бір тарихи оқиғаны баяндамайды. Жанкенттің қирауын бергі дәуірде болған деп әңгімелеу. Шындығында, Жанкент қаласы бірнеше соққыны басынан өткерген. Арабтардың шабуылы, моңғолдардың шапқыншылығы және Ақсақ Темірдің жорықтары. Осы оқиғалардың дәл қайсысы аңызға негіз болғанын тап басып айту қиын.

Дегенмен, фольклордың әр дәуір іздерін бойына сіңіріп отыратынын ескерсек, бұл аңызға алғаш түп негіз болған оқиға мұсылман дінін таратушы арабтардың қалаға басып кіруі сияқты. Аңызда мұсылмандық сарынның айқын көрінуі де қосымша дәлел іспетті. Уақыт өте келе аңыз кейінгі кездерде болған оқиғаларды да қамтыған, бырақ бергі замандарда оқиғалар көмескі тартып, аңызда қиял басым бола бастаған. Сөйтіп, біздің дәуірге ол аңыз көркемделіп, көптеген қосымшалармен толықтырылып, басқа сипатта жеткен.

Әрине, бұл аңыздағы көркем сюжеттің кеңістік аумағы реальді кеңістіктен басқаша, жыршының ырқымен жасалған өзгешелеу кеңістік те болуы мүмкін. Өйткені аңыздағы кеңістік бірлігі сюжеттік оқиғаға қарай өзгеріп отырады. Бұл орайда көркем аңыздағы уақыт пен кеңістік бірлігін бір – бірінен бөле-жара қарау қиын, өйткені кез келген кеңістікті тарихи тұрғыдан нақты суреттеу үшін оны сол уақыт шындығымен өлшеу шарт.

Осы айтылғандарды қорыта келе, көне тарихи аңыздардың ішіндегі жанрлық сипатын біршама тәуір сақтағандары қазақ елінің моңғол мен Орта Азия шапқыншыларына күрес жүргізген дәуірі жайындағы аңыздар болып табылады. Тарихи тұрғыдан қарастырсақ, бұл аңыздардың бейнелейтін шағы XIII - XIV ғасырлар болып саналады.

Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір есімдерімен байланысты аңыздар осы кезде пайда болуы мүмкін. Олар бізге алғашқы қалпында жетпеген, алайда оқиғаның өзегін, дәуірдің тынысын, кейіпкерлердің іс-қылығы мен мінез-құлқын біршама сақтай білген. Осындай аңыздардың біразы Шыңғыс пен Жошы ханның қазақ елін билеп-төстеген шағын баяндайды. Бірақ бұл аңыздар нақты болған белгілі бір оқиғаны көрсетеді. Олардың көбісі Шыңғыс пен Жошы есімдеріне байланысты болып келеді. Олардың қаталдығын, сол заман кеңістігі мен уақытына тән рухын

сипаттайды. Мәселен, Шыңғыс хан уақытындағы аңыздардан сол кездегі хандардың арасындағы алауыздықты, бақталастықты, таққа таласып, бірін-бірі қуғындаған ағайындылар тарихын аңғаруға болады.

Аңыздағы бұл көрінісі барлық уақыт пен кеңістіктің элементтерін бойына сыйдырған. Аңыздағы кездесетін болмыс шындығы мұндағы көркемдік уақыт пен кеңістікті төңірегінде шоғырланған.

Қорыта келе кез келген аңыздарда оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан суреттеледі. Халық басынан өткен оқиғалар мен фактілерді, өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес баяндап көрсетеді. Аңыздардағы көркем сюжеттің кеңістік аумағы мен уақыты жыршының өз ырқымен де жасалады. Себебі аңыздағы кеңістік пен уақыт бірлігі сюжет мазмұнына қарай өзгеріп отырады. Сондықтан көркем аңыздағы уақыт пен кеңістік бірлігін бір-бірінен бөле-жара қарауға болмайды. Өйткені кез келген кеңістік өлшемін тарихи тұрғыдан нақты суреттеу үшін уақыт шындығымен өлшенуі шарт.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысының жалпы бірінші тарауындағы уақыт пен кеңістік ұғымдарының көркем әдебиетте қолданысы деп аталатын тарауы құрамындағы кеңістік пен уақыт туралы қазақ халқының дүниетанымдық ұғымдары деп аталатын тараушасында қазақ халқының кеңістік әлемінің аясындағы уақыт ұғымына қатысты дүниетанымы туралы баяндалады.

Кеңістік пен уақытқа қатысты көшпенділер ұғымында ертеден қалыптасқан «үштік бейнелеу» жататыны белгілі. Бұл құбылысқа қатысты пайымдауды қазақ философы Мырзалының пікірі бойынша: (аспан - жер - су асты). Оған жататындар «әлем ағашы», «ата жұрт», «аспан таулары», «соңғы теңіз», «киелі от», «тамыр», «аспан шырақтары», «сегіз тарап кеңістік», «мүшелі уақыт», «уақыт ырғақтары», «жыл қайтару».

Көшпенділер дала тынысының заңын, осы ортада өмір сүретін халықтың тұрмыс ерекшелігін сезінумен қатар тылсым кеңістікті бейнелеуде оны тіршілік құндылықтарымен толықтырып отырған. Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы уақыт пен кеңістік суреттемелерінде тіршілік жоқ төрт-жеті-сегіз қиыр шартараптан гөрі, адам өмір сүретін Жарық Дүние, рухани қарым-қатынаспен қамтылған әлеуметтік кеңістікте өмір сүруді бірінші қойған болатын.

Мұндай құбылыстар адамдардың күнкөріс әрекеттері, халықтың өсіп-өнуі секілді өзгерістерді туғызбай қоймайды. Әдетте, өмір сүру процестері бұрынғы қатынастарды ыдыратып, әлсіретеді де оның орнына жаңа адамдар келіп, соның нәтижесінде жаңа қатынастар, үрдістер туындап жатады. Бірақ олардың түпкі ұмтылыстары да бұрынғыдай болып қалыптасады. Себебі дәстүрлі уақыттың жүрісі айналмалы. Онда өткен де, бүгін де, келешек те бар, бірақ уақыттың негізгі ағыны жады арқылы үнемі өткенге қайтып оралу болып саналады.

Қазақ прозаларындағы уақыт пен кеңістік ұғымының зерттелуі тараушасында М.Бахтиннің уақыт пен кеңістіктің бірлігін жасайтын «хронотоп» туралы айтылды. Көркем прозадағы уақыт пен кеңістік мәселесін арнайы қарастырған шетел ғалымдарының қатарында Д.С.Лизачев, М.М.Бахтин, В.Хализев, Ю.Борев, Н.К.Гей, Э.Володин секілді зерттеушілерді айтып кетуге болады.

Бұл категорияны қазақ әдебиеттануында қарастырған З.Ахметов, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, Ш.Нұрланова, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Т.Жұртбай, А.Темірболат, С.Алтыбаева сияқты ғалымдардың көптеген зерттеу еңбектері мен мақалалары жарық көрді. Осы салада Қ.Хамзинаның, О.Көзбековтің қорғаған кандидаттық диссертациялары бар.

Жалпы, осы уақытқа дейін қазақ прозасында көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі біраз ғалымдардың зерттеу нысаны болмаса да жол-жөнекей айтылып жүрген еңбектерде бар. Соған орай, уақыт пен кеңістікке байланысты мәселелер бойынша сөз қозғаған ғалымдар қатарында

Л.М.Әуезова, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, Ш.Елеуқенов, М.Мырзахметұлы, С.Негимов, А.Ісімақова, Б.Омаров, Г.Пірәлиеваларды айта кетуге болады.

Ал орыс ғалымдарының қатарында уақыт пен кеңістік категорияларының мағынасы, функциялары, құрылымы Б.М.Бахтин, Д.С.Лихачев, Н.К.Гей, Г.М.Фридендер, А.Я.Гуревич т.б. ғалымдарың еңбектерінде қарастырылады.

Осы мәселе З.Қабдолов, З.Ахметов, Ш.Елеуқенов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Т.Рахымжанов, А.Ж.Жақсылықов еңбектерінде сөз болады.

Сонымен қатар, оқиғаның осы кеңістіктің тарихи мекеншағына сәйкеспей қалған немесе алшақ кеткен тұсы жоқ деуге болады. Олар біздер үшін өткен шақ. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ жазушыларының шығармаларындағы көркемдік-тарихи уақыт пен кеңістік сол дәуірдегі барлық өңірдегі оқиғалар өмір шындығына толықтай сәйкес келуі арқылы, қазіргі мекеншақпен де жан-жақты қабысып жатады.

Тарихи таным: уақыт, кеңістік және адам тақырыбында аталып, тарихи шығармалардағы уақыт пен кеңістікке қатысты мәселелер қарастырылады. Әсіресе, күрделі роман жанрларында уақыт авторлық оймен үндестік таба отырып, күрделі тарихи оқиғаларды баяндайды.

Мәселен, «Алтын Орда», «Көшпенділер» трилогияларының уақыт шегін XIII-XIX ғасырдығы қазақ халқының тарихы деп айтуға болады. Өйткені автор кейіпкерлердің сөздері, ойлары арқылы сонау көне заманға, яғни Қыпшақ, Сақ, Үйсін заманына алып келеді. Көне түркілер заманына да саяхат жасатады. Сонымен қатар, авторлық көзқарасты ашық білдіру үшін оны қазіргі кезеңге де алып келеді. Сондықтан да ол мейлі роман болсын проза немесе жыр болсын уақыт мәселесі аса көп қабатты күрделі процесс болып саналады.

Осы тұрғыдан қарасақ, фольклорлық проза жанрларында да осы құбылысты байқауға болады. Ол елдің өткен тарихынан, өмірінен мағұлмат береді. Аңыз, хикая т.б. арқылы кеңістіктегі болып өткен тарихи уақыт туралы мәліметтер береді. Себебі фольклорлық жанрлар халықтың өзі айтып берген нақтылы бір кеңістікте және нақтылы бір уақытты өткен ауызекі тарихы десе де болады.

Тарихи уақыт басты фон ретінде және терең реалистік көрікке ие болғандықтан, тарихи шығармаларда ол уақыттың басқа категорияларын өзіне бағындыра алады. Алайда кез келген көркем шығармаларда, мейлі ол роман немесе проза және аңыз-жырлар болсын тарихи уақыт пен кеңістік шығармаға ешқашан дәл сондай күйінде келмек емес. Өйткені уақыт пен кеңістік жазушы көкірегінен өтіп, өз еркімен өзінше сұрыпталады. Соған орай, халықтың басынан өтіп жатқан тарихи оқиғаға қатысты сюжет құрастырылады.

Халық аузында айтылатын аңыздар, оған қатысатын адамдарды, жыл мерзімі мен оқиғалар өтетін жерді дәл суреттеуге ұмтылады. Бұл орайда географиялық атаулар, қатысушы қаһармандар, басты оқиғалар тарихи

фактілерге сәйкес құрылып, көркем уақыттың реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі.

Тарихи шығармадағы географиялық кеңістік атаулары нақты, дәл көрсетіліп суреттеледі. Өйткені қандай да бір әлемдік ұлы оқиғалар нақты географиялық атаулармен байланысты болатыны белгілі. Тарихи оқиғалардың көбі уақыт жағынан да, территориялық-кеңістік жағынан да қашан да қай жағынан, қай жерлерде өтетіні, қандай сипат алғаны, өрістеуі тарихи құжаттардан мәлім. Сондықтан қазақ еліне басқыншылық мақсатта шапқыншынылық жасаған тарихи оқиғалардың көрінісі азаттық қозғалыстың өткен уақыты мен шарпыған аймағы бұған нақты мысал бола алады. Бұл аңыздардағы уақыт пен кеңістік оқиғаның бір-бірінен ажырағысыз бірліктері ретінде сақталған. Жалпы кез келген шығармаларда аса қажет болатын кеңістік пен уақыт мәселесіне қатысты нақтылық бұл шығармаларда айқын көрінісін тапқан. Себебі тарихи оқиғалардың көбі уақыт жағынан да, территориялық-кеңістік жағынан да қашан, қай жерлерде өткені, қандай сипат алғаны, өрістеуі тарихи құжаттардан мәлім.

Авторлар реальды шындықты көрсету мақсатында кез келген оқиғаның, ұлт-азаттық қозғалыстың өткен уақыты мен шарпыған аймағы бұған нақты мысал бола алады. Осындай нақтылықтыр шығармаларда қатаң сақталғаны байқалады. Яғни шығармадағы уақыт пен кеңістік оқиғаның бір-бірінен ажырағысыз бірліктері ретінде сақталған.

Тарихи шығармаларда аса қажет болатын кеңістік мәселесіне қатысты нақтылық әсіресе, тарихи шығармаларда айқын көрініс тапқан. Бұл шығармаларда кеңістік аумағы тек сюжеттік оқиғалар өтетін географиялық ұғымдармен ғана шектелмей, өзге жұрт, өзге елмен тығыз қарым-қатынасқа түскен сипаты да мол қамтылады. Уақыт мәселесі тәрізді, шығармалардағы кеңістік ұғымы да аса ауқымды да күрделі проблема екені шебер көрсетілген.

Екінші тараудың батырлар жырындағы көркемдік уақыт пен кеңістікті ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері деп аталатын тараушада қазақ ауыз әдебиетінің жанрлық құрамының бір түрі тарихи жырлар туралы айтылады. Ауыз әдебиетінің қандай түрін алатын болсақ, белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтетін тарихилық сипатқа ие. Тіпті миф те, ертегі де уақыт пен кеңістік ауқымында де белгілі дәрежеде тарихи болып келеді. Тегінде, ауыз әдебиетінің тарихилығы деген ұғым өте кең.

Эпосты тудырған дәуір бейнесі тұтастай шығарманың болмыс-бітімінен келіп шығады. Батырлық жырдағы «бұрынғы заман» халық санасына терең ұялаған, ел-жұртқа айрықша дәуір. Ол -қасиетті бабалар уақыты, батырлардың реалды түрде тарихта болған мерзімі.

Тарихи эпостардағы кеңістік ұғымдары шартты түрде екіге бөлуге келеді. Біріншісі –жалпы көшпелілер мекені, олардың қасиетті қонысы – Жиделі байсын, Еділ-Жайық, Жер Ұйық. Бұл атаулар белгілі дәрежеде философиялық, эстетикалық астарлы, дүниетанымдық тұрғыдан шексіздікке сай жерлерге қолданылады. Екіншісі саласы –нақты топонимиялық атаулар.

Оларда қазақ жерінде кездесетін үлкенді-кішілі өзен, көл, тау, тас барлығы да көрініс табады.

Зерттеу жұмысының келесі үшінші тарауы фольклорлық шығармалардағы көркемдік уақыт пен кеңістіктің көрінісі тақырыбындағы миф, хикая жанрындағы уақыт пен кеңістіктің қолданысының өзгешеліктері деп аталады.

Сақтар заманында туып, кейінгі дәуірлерге жеткен фольклорлық шығармалардың сюжеттері сол кездің уақыты мен кеңістігіне сәйкес миф түрінде, аңыз ретінде айтылып, гректер мен қытай жазбаларында орын алғанның арқасында бізге жетіп отыр. Мысалы атақты Геродот «Тарихындағы» Томирис пен Кирдің арасындағы қақтығыс туралы сюжет классикалық фольклорға тән.

Мұндай сюжеттерде уақыт (таза біркелкі ұзақтық) пен абсолюттік кеңестік (шексіз қуыс) категориялары Құдайдың мәңгілік жасампаздық іс-әрекетімен бірге астасып ежелгі заманның наным түрінде енгізілген. Мұнда Кирдің түсінде болашақ патша Дарий аспанға ұшып, бір қанатымен Европаны, екінші қанатымен Азияны жауып тұрғаны көрсетеді.

Мұндай түс көру оны реальді өмір әрекетіне тұстас етіп жору ежелгі түркі елдерінің фольклорында да жиі кездеседі. Бір жағынан мұндай тылсым кеңістіктердегі болып жататын құбылыстар фольклор жанрына қатысты мифтер мен нанымдарда, сюжеттер мен мотивтерде Түркі қағанаты тұсында бірыңғай идеологиялық сипат алып, қағанды дәріптеу үшін біршама көркем қасиетке ие болды.

Бұл шығармалар өзінің мазмұны мен стильдік-көркемдік қасиеттері жағынан ерте заманғы жырдың үлгісі болып есептеледі. Себебі орта ғасырдағы ойшылдар кеңестік пен уақытты Құдайдың жасампаздық іс-әрекетімен теңеу құбылысы сақталған болатын.

Түркі мемлекетінің дәуірінің уақыты мен кеңістігіндегі тарихы мен өмірі, мәдениеті, оның басқа елдермен қарым-қатынасы, басты-басты саяси, әскери оқиғалары жөнінде кең ақпарат табуға болады. Бұл жазбаларда фольклорлық сипат айқын, тіпті әлем кеңістігінде адамның пайда болуы туралы рулық замандағы мифологиялық түсінік, сондай-ақ ел билеушінің ерекше жаратылатыны жайындағы наным сақталған.

Қазақ ғұрпында сыңсу салты, жерлеу ғұрыпындағы салт-дәстүрлердегі уақыт пен кеңістіктің өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Жерлеу ғұрпына қатысты фольклорлық үлгілердің қатарында жоқтау, дауыс салуды рәсімдері туралы айтылды. Жоқтау, дауыс салу – қайтыс болған адамға арналып, айтылатын фольклорлық өлең-жыр үлгілері. Бұл жырлардың түп төркінінде сөздің магиялық қызметі туралы түсінік жатыр. Осы заңдылықты ұлттық фольклорымызда тұрақты көрініс тауып, салт-ғұрып жырларының туындауына негіз болған.

Қазақ халқының маусымдық ғұрып фольклорына наурыз мейрамы туралы фольклор үлгілері, қымызмұрындық, жарапазан түрлерінде уақыт пен кеңестік ұғымдарының байланысы айтылды.

Мұндай дәстүрлердің уақыт циклі мен орындалу кеңістігі көктем айы, түркілердің танымы бойынша жаңа жылдың басы болып саналады. Халық қыстың қатал суығынан шығып, жылы мезгілді, ақтың ауызға тиіп, молшылықтың болуын тілеген халықтың арманымен астасып жатады.

Қазақ фольклорының уақыт және кеңістік тұрғысынан қарағанда миф әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты мен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-кұлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын әдеттегі, прозалық шығармалардағы уақыт пен кеңістіктің қолданылу әдістері көрсетілді.

Уақыт пен кеңістік әлеміндегі дүниенің осы күнгі көрінісі - жер беті, аспан шырақтары, аңдар мен құстардың, өсімдіктердің түрлері, адамдардың өмір салты, әлеуметтік топтар, діни қағидалар, яғни өмірдегі барлық нәрсенің қазіргі күй-жайы - миф бойынша атам заманда болған оқиғалар мен тіршілік еткен мифтік адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі.

Архаикалық (ежелгі уақыттағы) мифтердің негізгі мазмұны-жасампаздық. Ал орта ғасырдағы ойшылдары кеңістік пен уақытты Құдайдың жасампаздық іс-әрекетімен теңеді. Дүние өтпелі болып кеңістік пен уақыт берілген, тек Құдай ғана – ол мәңгілік, ол бәрінен тыс жатыр. Айналамызды қоршаған кеңістік аясындағы табиғаттағы заттардың, белгілі тау мен тастың, көл мен өсімдіктің, т.т. жасалу жолдары баяндалады. Сол себепті ондай мифтердің көбісі түсіндірмелі түрде айтылады.

Қазақ фольклорындағы аңыздық немесе мифтік уақыт пен кеңістікті ұйымдастырудағы басты белгілері пейзаж, эпикалық баяндау, нақты географиялық кеңістік, тарихи мекеншақтың типтік бейнелері, сюжеттік, мифтік-фольклорлық, әлеуметтік-психологиялық уақыттардың күрделі қабаттарын ашып көрсету болып саналады. Сонымен қатар мезгіл мен мекен аясында аңыз-әнімелерді жеткізушілердің сюжет құруы және көркемдікке көтерілудегі шығармашылық ізденістерін көрсету арқылы іске асырылады.

Қазақ фольклорының түрлі жанрындағы көркемдік уақыт пен кеңістік тұрғысында қарастыру әдебиеттану үшін негізгі міндеттердің бірі. Сондықтан қазақ фольклорындағы әртүрлі жанрдағы шығармаларында уақыт пен кеңістіктің көрінуі, оның құбылу сипатындағы көркемдік шешімдер ғылыми тұрғыда шешуді қажет етеді. Әдебиет теориясында уақыт пен кеңістік ұғымы түбегейлі шешімін тапқан мәселелер қатарында дегенімізбен, осы бағытта жүйелі түрде зерттеулер жүргізу күн тәртібінде тұрған өзекті арна болып табылады.

Әпсана, хикаят, аңыз жанрындағы кеңістік пен уақыттың қолданылуы тақырыбында фольклордың келесі жанры әпсана, хикаят жөнінде айтылады. Кеңістіктегі тарихи-мекендік әпсаналарда белгілі бір мекеннің, жер-судың тарихы баяндалады, тарихта болған адамдардың бір ерен ісі жайында әңгімеленеді. Әпсанада да тарихи тұрғыдан мифтік уақыт пен кеңістіктің қатпарларына сүңгіп, сол уақыттың көрінісін шарлайды. Әпсана барлық

уақыт пен кеңістіктің элементтерін бойына сыйдырып, ғибраттық мақсатта болмыс шындығын бейнелейді.

Ал утопиялық эпсаналарда ертедегі уақыт пен кеңістік жиегінде қазақ жерінде «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», «жер жаннаты Жиделібайсын», «тығулы жатқан қазына» туралы эпсаналар осы заманға дейін жеткен. Мұндай утопиялық эпсаналардың сюжеттік мазмұны кеңістік әлемінде кейіпкердің шөбі шүйгін, суы мол, елге де, малға да жайлы жер іздеп, жаһан кеңістігін шарлайды. Бұл сюжет Асан қайғының кеңістіктегі іздеген құтты қоныс кейде Жерұйық, кейде Жиделібайсын деп көрсетілген.

Эпсанадағы уақыт категориясы халық басына түскен шарасыздықты көрсетеді. Дәуірлік, тарихи жағдайдың әлеуметтік детальдарын анық көрсетуде шебер қолданған. Мекен-жайын ауыстыру қарапайым халыққа ауыр тиетіні бәрімізге мәлім. Бұл географиялық кеңістік ауыстыру оқиғаның өн бойында нақтылыққа (Моголстанға, Шу бойына) сүйенгені байқалады.

Эпсанадағы тарихи уақыт - тарихи оқиғалар мерзімін түп қазық ете отырып, оған қатысатын адамдарды, оқиға өтетін жерлерді нақты көрсеткен. Бұл орайда географиялық атаулардың, тарихи кезең оқиғаларын дәл берілуі басты образдың, оқиға желілісінің тарихи фактілерден құрылатындығын көркем уақытты реальді тарихи уақытқа тым жақындата түседі. Әсіресе, кең тарағаны - Асанның ел-жұртқа құтты қоныс іздегені туралы әрекетті айтып өтуге болады.

Аса бір тоқтала кететін ерекшелік фольклордың тағы бір түрі хикаятта да кеңістік пен уақыт ұғымын кездестіруге болады. Хикаяттың түбінде өте ерте заманда болған деп есептелетін оқиға жатуы да мүмкін. Онда тарихи уақытта болған тарихи есімдер, мекендер де кездесіп қалады. Сондай хикаяттардың бірінде Ескендір Зұлқарнайын есімі мен байланысты әңгімелер жатады. Өлмес суды іздеген Ескендір, қос мүйізін жасыра алмаған Ескендір, жұмаққа кіре алмаған Ескендір туралы айтылады. Мұнда дүниенің төрт бұрышын шарлап, өлмес суды іздегені, о дүниенің бір рақаты жұмаққа кіре алмағаны туралы әңгімеленген хикаяттарда кеңістіктің төменгі бөлігі жұмақтың болуы жөнінде қазақ халқының нанымның болғанын дәлелдейді

Фольклор саласының келесі жанры – аңыз. Аңыз жанрының арғы түбі ежелгі ру-тайпалық қауым кезінде жатыр. Оның ежелгі уақыттағы көмескі көрінісін рулардың шығу тегін баяндайтын шежірелер мен тайпалардың соғысы туралы әңгімелерден байқауға болады. Аңыздың аймақтық сипаты оны фольклордың басқа жанрларымен салыстыра қарағанда айқын көрінеді. Мәселен, қаһармандық эпос пен тарихи жырда бүкіл қазақ еліне қатысты оқиға бейнеленеді, сондықтан батырлар жыры мен тарихи жырлар Қазақстанның барлық жерінде жырланған.

Қазақтың жеке ел болу тарихында үлкен рөл атқарған Жәнібектен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі аралықтағы Қазақстанның әр жерінде болған елеулі оқиғалар жайындағы аңыздың саны мол. Олар көп жағдайда белгілі бір қайраткерлерге немесе белгілі бір географиялық ендіктегі мекенге байланысты болып келеді. Мысалы, Әз

Жәнібек пен Жиренше шешен, Асан қайғы, Абылай, Қазыбек, Исатай, Сырым есімдеріне қатысты айтылатын аңыз болып келеді.

Аңыз – халықтың өзі айтып берген ауызекі тарихы десе болады. Олай дейтініміз - қазақ тарихында аты белгілі қайраткерлер мен ірі оқиғалардың аңызда айтылмайтыны жоққа тән. Қазақтың жеке ел болу тарихында үлкен рөл атқарған Жәнібектен бастап 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейінгі аралықтағы Қазақстанның әр жерінде болған елеулі оқиғалар жайындағы аңыздың саны мол. Олар көп жағдайда белгілі бір қайраткерлерге немесе беогілі бір географиялық ендіктегі мекенге байланысты болып келеді.

Тарихи уақыт категориясының да тарихи аңыздарда көркем көрініс табуы жырлаушының көзқарасымен, мақсат-мұратымен тығыз байланысты болып келеді. Уақыт ағымын белгілі бір оқиға төңірегінде барынша немесе іріктеп басты кезеңдерін ғана қамту, яғни тарихи уақытты нақтылы көрсету болып саналады. Мәселен, оғыз-қыпшақтар оқиғасына қатысты аңыздар қатарына «Жанкент қаласы туралы», «Арыстан Алып пен Тойма сұлу», «Көккесене» сияқты шығармаларды жатқызуға болады, өйткені бұларда көрінетін адамдар мен әңгімеленетін шаһарлар сол VIII - XI ғасырларда болған оқиғаларда көрнекті рөл атқарған.

Қорыта келе кез келген аңыздарда оқиғалар мен фактілер көркем түрде жинақталып, қиял тұрғысынан бағланады. Халық басынан өткен оқиғалар мен фактілерді, өз ойына, арман-мүддесіне сәйкес болуын қалап, солай баяндайды, солай етіп көрсетеді. Аңыздағы тарихи оқиғалар, оған қатысатын адамдар, оқиға өтетін жерлерді дәл суреттелу әдісі байқалады. Бұл орайда географиялық атаулардың, тарихи кезеңдегі оқиғалардың дәл берілуі қаһарманның, басты образдың өмірлік прототиптерінің болатындығын, оқиға желілерінің тарихи фактілерден құрылатындығын көркем уақытты реальді тарихи уақытқа тым жақындата түсетінін байқаймыз.

Аңыздардағы көркем сюжеттің кеңістік аумағы реальді кеңістіктен басқаша, жыршының ырқымен жасалған өзінше өзгешелеу кеңістік те болуы мүмкін. Өйткені аңыздағы кеңістік бірлігі сюжеттік оқиғаға қарай өзгеріп отырады. Бұл орайда көркем аңыздағы уақыт пен кеңістік бірлігін бір – бірінен бөле-жара қарау қиын, өйткені кез келген кеңістікті тарихи тұрғыдан нақты суреттеу үшін оны сол уақыт шындығымен өлшенуі шарт.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәли Қ. «Философия тарихы». – Алматы: Атамұра.-1999.-325.
- 2 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, I-том, Алматы -2000.- 655 б.
- 3 Әбішев Қ. Философия. – Алматы:Ақыл кітабы, 1998.-266 б.
- 4 Абдильдин Ж.М. Принципы систематизации категорий диалектической логики // Собрание сочинений в 5-ти томах. – Алматы: Өнер, 2001. – Т. 4. – С. 83-140.
- 5 ҒабитовТ.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы.–Алматы:Қазақ университеті, 2001. – 134-201 бб.
- 6 Крымский С.Б, Кузнецов В.И. Мирозренческие категории в современном естествознании. - Киев : Наукова думка, 1983. – 260 с.
- 7 ЗобоваА., МостепаненкоА. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства // Ритм, пространство и время в литературе и искусстве. - Л.:Наука, 1974. - С.11.
- 8 Леви-Брюль Л. Сверхъестественное в первобытном мышлении. – М., 1937.- 220 с.
- 9 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. –М., 1975. – 235 с.
- 10 Нирё Л. О значении и композиции произведения // Семиотика и художественное творчество. -М., 1977. - С. 150.
- 11Федотов О.И. Основы теории литературы: Учебное пособие: В 2 ч. – Ч.1: Литературное творчество и литературное произведение. – М.: Владос, 2003. – 185 с.
- 12 Лихачев Д.С. Избранные произведения в трех томах. Т.1. – Наука, 1987.- 654 с.
- 13 Драгиницкая Н.К.Воплощение времени проблемы художественной формы социального реализма. Т.1. – М.:Изд. Литература и история, 1985-156 с.
- 14 Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық және этнографиялық шолу. –Алма-Ата: Қазақстан, 1974. –236 б.
- 15 Көпеев.М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. –Алматы:Ғылым, 1992.Т.2. –224 б.
- 16 Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. –Алма-Ата, Ғылым 1974. –240б.
- 17 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдары. –Алматы: Қазақ Университеті,1992. –264 б.
- 18 Тұрсынов Е. Сөз өнері туралы. В кн: Культурные контексты Казахстана: история и современность. –Алматы: Ниса,1998. – 256 с.
- 19 Шодиев Р.Горизонты истории. Ташкент: Изд. Литература и искусства, 1986.-476 с.
- 20 Есенберлин І. Он томдық, 6 том.- 388-407-бб.
- 21Ыбраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең. //Әлем альманах. –Алматы: Жазушы, 1991. –496 б.
- 22Айтбаева Р. Тарих айту дәстүрінің дамуы хақында.//Қазақ тарихы. №3.- 1994. –39 б.

- 22 Ыбыраев Ш. XVIII ғасыр XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклористикасының тарихы. // Қазақ фольклористикасының тарихы. - Алматы: Ғылым, 1988.- Б.16-46 .
- 23 Лихачев Д.С. Ибранные работы трех томах.Т.1.- Л.: Наука,1987.-703 с.
- 25 Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік.- Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 232 б.
- 26 Алпысбаев Қ. Тарихи тақырып: дәстүр және жалғастық.-Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2010.-122 б.
- 27 Есенберлин І. Он томдық. Алматы: Жазушы. 6 т.-543 б.
- 28 Есенберлин І. Он томдық. Алматы: Жазушы. 7 т.- 675 б.
- 29 Есенберлин І. Он томдық,- 9 том. Алматы: Жазушы, 1987.- 312 б.
- 30 «Алмас қылыш» // Қазақ әдебиеті 1971. №19.
- 31 «Алмас қылыш» // Қазақ әдебиеті 1974. №12.
- 32 Материалы по истории казахских ханств XV-XVII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). –Алма-Ата,1969. –643с.
- 33 Қобыланды.//Батырлар жыры.1.т. –Алма-Ата, Жазушы.1986.–268 б.
- 34 Күзембайұлы А.К, Абиль Е.История Казахстана:С древнейших времен до 20-х годов XX в. –Алматы: Санат,1996.–350 с.
- 35 Диваев. Ә. Тарту. –Алматы,1992. –256б.
- 36 Ыбраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы,1993. –237б.
- 37 Қасқабасов С.А. Қазақ фольклорының тарихы. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы.-1988.-№4.-23-32 бб.
- 38 Вансина Я. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрика. –Алматы,1993. –248с.
- 39 Қасқабасов С.А., Аймұхамбетов Ж.Ә. Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орнына жазылған оқулық. Алматы: «ССК» баспасы, 2017.-288 бет.
- 40 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. Көп томдық. Алматы: Толағай групп, 2010.- 652 б.
- 41 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Алматы: «Ғылым», 1993.-296 б.
- 42.Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. –Алма-Ата, Ғылым 1974. –240 б.
- 43 Алпысбаев Қ. Тарихи таным: уақыт, кеңістік және адам. .- Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 б.
- 44 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алма-Ата: Ғылым,1973.-87 б.
- 45 Новиков В.Двжение истории –движение литературы. М.: Советский писатель, 1987.- 328 с.
- 46Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. //Ауд.Мингулов Н., Көмеков В., Өтениязов С./ –Алматы: Қазақстан, 1997. –128 б.
- 47 Юдин В.П Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... //Казахстан,Средняя и Центральная Азия в XV-XVII вв. –Алма-Ата,1983.-423 с.
- 48 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1974.- 320 б.
- 49 Уәлиханов Ш.. Бес томдық шығармалар жинағы. I том, 1961.-390 б.
- 50 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. –Алматы,1985. –560б.

- 51 Валиханов Ч. Собр. соч. В 5-ти т. Т. 5. Алма-Ата.-1961. С. 220 – 228.
- 52 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. –Алматы,1996. –631б.
- 53 Қасқабасов С.А. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // Қазақ фольклористикасының тарихы. -Алматы: Ғылым. 1988 .- Б.91-147.
- 54 Хайдегер М. Время и бытие: Мыслители ХХ в. / пер. с нем. – М.: Республика, 1993. – 429 с.
- 55 Марғұлан Ә. Халық жырын туғызудағы мотивтер. // Халық мұғалімі.- 1939.- № 23-24. Б.-90-98.
- 56 Ғабдуллин М. Халық фольклоры жайында. // Қазақ әдебиеті.- 1940.-28 январь.-18-25 бб.
- 57 Ибн Сина. Физика // Әлемдік философиялық мұра: 20 т.- Алматы: Жазушы, 2005.- 4- т. -324-371 бб.
- 58 ҚР Білім және ғылым министрлігі. ОҒК. Ә.Диваев материалдары. № 1162-папка. - Б. 191 -195.
- 59 Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. /Из образцов собранных и записанных А.А.Диваевым/. Алма Ата: Наука,1964.- С. 15.
- 60 Байтұрсынов А., Бөкейханов Ә. 23 жоқтау. Москва. – 1926. -321 б.
- 61 Смирнова Н.С. Потанин - собиратель и исследователь казахской народной поэзии.// Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. Алма-Ата: Наука,1972.- С. 15-16.
- 62.Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2008.-644 б.
- 63 Кішібеков Д. К. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең.-Алматы:Ғылым, 1999.-200 б.
- 64 Антология мировой философии. – М., 1969. – ч. 1. -365 с.
- 65 Ғабитов Т.Х. Адам болмысын пайымдау тәжірибесі // Быть человеком. Что это значит? – Алматы: КазНПУ, 2006. – 140-175 бб.
- 66 Қазақ музыкасының антологиясы. Бес томдық. І том. Алматы, 2005. – 52-69 бб.
- 67 Затаевич А. 1000 песен казахского народа. -Оренбург: 1925. – С. ХІХ. 73 Правда.-1926. - С.3.
- 68 Уахатов Б.Молдағалиев Ж. Радлов В. // Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Ғылым.1988.-Б. 201-203
- 70 Ғабитов Т. Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 134-201 бб.
- 71 Диваев. Ә. Тарту. –Алматы,1992. –256 б.
- 72 Сыдықов Т., Суханбердина Ү. ХХ ғасырдың басындағы қазақ фольклористикасы.// Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы: Ғылым, 1988. – Б.272-316.
- 73 Әбішев Қ. Философия. – Алматы:Ақыл кітабы, 1998.- 266 б.
- 74 Фрэзер Дж. Золотая ветвь: Исследование магии и религии в системе мифологии. – М., 1980. -329 с.
- 75 Ғабитов Т.Х. Духовное и природное тождество в системе мифологии. – Алматы: КазНПУ, 2006. – 121-152 бб.

- 76 Дербісалин Ә. Ы.Алтынсарин.// Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы: Ғылым, 1988.- Б. 148-165.
- 77 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. М., 1930. – 282 с.
- 78 Леви-Брюль Л. Сверхъестественное в первобытном мышлении. – М., 1937.-220 с.
- 79 Әбішев Қ. Философия. – Алматы:Ақыл кітабы, 1998.-266 б.
- 80 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. Көп томдық. Алматы: Толағай групп, 2010.-543 б.
- 81 Абдильдин Ж.М. Принципы систематизации категорий диалектической логики // Собрание сочинений в 5-ти томах. – Алматы: Өнер, 2001. – Т. 4. – С. 83-140.
- 82 Ерзакович Б.Г.Фольклордың жиналуы және зерттелуі.// Қазақ фольклористикасының тарихы. -Алматы: Ғылым, 1988.- Б.389-410.
- 83 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. –Алматы,1985. –560б.
- 84 Кенжебаев Б. Шындық пен шеберлік.Алматы: Жазушы, 1966. -264 б.
- 85 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. Көп томдық. Алматы: Толағай групп, 2010. –560 б.
- 86 Сейфуллин С. Шығармалары. –Алматы,1964.- 6 т.–456 б.
- 87 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. –Алма-Ата, 1985. –227 б.
- 88 Марғұлан Ә. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі. // Шоқан Уәлиханов. –Алматы, 1985.- Б. 22.
- 89 Қасқабасов С.А., Аймұхамбетов Ж.Ә. Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орнына жазылған оқулық. Алматы: «ССК» баспасы, 2017.-288 б.
- 90 Қасқабасов С.А. Ой өріс. Астана, 2009.-320 б.
- 91 Ыбраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы,1993. –237б.
- 92 Әуезов М, Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа.–Алма-Ата,1939.- 97с.
- 93 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым , Т.2-1998.-432б
94. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: ҚазАқпарат баспасы, 2008. -812 б.
- 95 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 2 том. Алматы, 1996. -398.
- 96 Марғұлан Ә. Халық жырын туғызған мотивтер.//Халық мұғалімі.1939.- № 23-24.- Б. 90-98 бб.
- 98 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: «Жазушы», 1985. – 368 б.